

ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВ

ҰМСЫН СҰЛУ

Аңыз бен ақиқат

Петропавл – 2007

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану
мұражайы «Асыл мұра» орталығы

Ақылдастар алқасы: Ғалым Қадірәлі,
Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев.

Қайролла Мұқанов.
ҰМСЫН СҰЛУ. Аңыз бен ақиқат.

Петропавл. 2007ж. 220 бет

Бұл кітап ХІХ-ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында біздің Солтүстік Қазақстан өңірінде өмір сүрген қазақтың білімді ғалым қызы Ұмсын Жұсыпқызының аянышты өмір жолы туралы және оның қызы Күләмай туралы. Сонымен бірге мұнда Ұмсынның туыстарының және Күләмайдың ұрпақтары туралы да айтылады.

Кітап қалың оқырманға арналады.

ISBN

Абай


Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.

Сөйлесе, сөзі әдепті һәм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.
Жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.

Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,
Екі алма кеудесінде қисаймайды.
Сорақы ұзын да, емес қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды.

Етіндей жас баланың білегі бар,
Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы.
Қолаң қара шашы бар жібек талды,
Торғындай толқын ұрып көз таңдайды.



Кіріспе

*«Менің ойыма өз заманынан бұрын туып,
арманда кеткен үлкен жанның бейнесі
біржола ұялап, шегеленіп қалды. Қанша
жыл ойымда жүрсе де, қашанғы әдетім
бойынша кешігіп жарық көрген «Ұлпан»
сол бейнеге, сондай бейнелерге арналады».*

Ғабит Мүсірепов

Атақты жазушы жерлесіміз Ғабит Мүсіреповтың өзінің «Ұлпан» повесінің соңында осы повестің жазылу тарихына арнаған жоғарыда келтірілген сөздері менің де ойыма дәл келетін сияқты. Мен бұдан 60 жыл бұрын, сонау 1946 жылы мектепте оқып жүрген кезімде Ұмсынмен Сәбит Мұқановтың «Менің мектептерім» атты кітабын оқығанда алғаш рет «Ұмсын сұлу» деген бөлімінен танысқан едім. Ол кезде бұл бейне маған зор әсер етседе, кейін ұмытылыңқырап қалды. Алайда біржола ұмытылған жоқ, арасында еске түсетін. Жылдар өтіп жатты. Талай кітаптардан осындай басқа да қазақтың тамаша сұлу, әнші, өнерпаз, білімді қыздарының қайғылы, трагедиялық тағдырын оқыған сайын Ұмсынның тағдыры еске түсетін. Мысалы, халыққа кең тараған «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Қозы Көрпеш – «Баян сұлу» сияқты ғашықтық жырларды былай қойғанда, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Иса Байзақовтың

«Құралай сұлу» дастандарында қазақтың талай сұлу қыздары армандарына жете алмай, ғашықтарына қосыла алмай қыршынынан қиылмай ма?! Соларды оқыған сайын менің есіме Ұмсын апамыздың аяулы тағдыры түсетін. Осы апамыз туралы неге бір кітап шығармасқа деген ой келетін. Ғабеннің (Ғабит Мүсіреповтың) «Ұлпан» повесін және әйгілі әнші, ақын Майра Уәлиқызы туралы әңгімесін оқығанда да бұл ой беки түсті. Бірде радиодан белгілі композитор, жазушы Ілия Жақановтың Үкілі Ыбырай туралы әңгімесі берілді. Тыңдап отырсам Ыбырай ақынның бір топ әнші, серілермен аң аулап келе жатып Жұсып қажының үйіне түскенін, онда Жұсыптың қызы Ұмсын сұлу, Нұрке серілердің кездескенін, Үкілі Ыбырайдың сол үйде отырғанда әйгілі «Аңшының әнін» айтқанын келтірді. Бұдан кейін мен Ілия Жақановтың «Аққулар қонған айдын көл» деген әңгімесін «Жұлдыз» журналынан тауып алып оқыдым. Бұл 1987 жыл еді.

Міне, осыдан бастап мен Ұмсын апамыз туралы кітап жазып, оны өзінің ағайынтуғандарына және өсіп келе жатқан жастарға таныстыруды өзіме мақсат қойдым. Осы кезден бастап Ұмсын туралы жазылған материалдарды жинастыра бердім. Сонымен қатар Ұмсын және оның туыстары туралы деректерді білетін адамдармен әңгімелестім. Бұл жағынан әсіресе, ауылдас ағаларым Зейнолла Қабиев пен Жамақ Қазиевтен бірқатар мағлұматтар алдым. Ал атақты Сары батырдың ұрпағы, еңбек ардагері Уәлихан

Қуанышев ағамыз өзінің Айкүн әжесінен естігендерін (ол әжесі Ұмсынды көрген екен) дастан түрінде жазып берді. Сол сияқты белгілі әдебиетші Қаратай Биғожиннен де біраз мәлімет алдым.

Кейінірек Ғабит Мүсіреповтың 1996 жылы баспадан шыққан «Ой-сезім сәттері» атты күнделік жазбаларынан және 2002ж. шыққан «Өмірбаяндық өрнектер» атты кітаптағы күнделігінен Ұмсын туралы әр кезде жазған ой-толғамдарынан да біраз мағлұмат алдым. Сонымен қатар Ғабеннің Ұмсын туралы жазуды армандағанын білдім. Әттең ол бұл арманын толық орындай алмай дүние салды. Егер ғұмыры жеткенде ол тағы бір тамаша кітап шығарар еді-ау деген ойға қалдым.

Осындай біраз материалдар жиналғаннан кейін Ұмсын апамыз туралы кітап жазуға кірістім. Ұмсынның туған інісі Тілеміс атамыздың ұрпақтарымен кездесіп, олардың білетіндерін жазып алдым. Тілеміс атамызбен оның бірсыпыра ұрпақтарының фотосуреттерін алдым.

Ұмсынның өзінің фотосуреті, әрине, жоқ. Оның заманында қазақ арасында (басқа да мұсылмандар арасында) суретке түсу деген болмаған ғой. Дегенмен Ұмсын сулудың бейнесін оқырманға көрсету керек деген ой келді. Өзінің «Өмір мектебі» кітабында Сәбең Ұмсынды 1913 жылы көргендегі оның сұлу кескін-келбетін былай суреттеген еді:

«Қиссаны көп оқыған және ғашықтық қиссаларда талай сұлулардың сипатын кездестірген, солардың ішінде перінің не хор қыздарының

сұлу сипаттарын оқыған маған мынау әйелдің қасында олардың бәрі сұлу емес сияқты... Соның дөңгелене біткен аппақ, жұп-жұқа бетіне, маңдай-дан тура түскен тіп-тік қыр мұрнына, үлбіреген жұқа еріндері мен оймақтай аузына, ұзындау біткен аппақ мойнына, тостағандай мөлдір қара көзіне, қайқая біткен ұзын қара кірпігіне, қиыла біткен қою қара қасына, кең маңдайына... дене құрылысы да лайықталып жаралған сияқты: орта бойлы, кең кеуделі, тар мықынды, тіп-тік, әдемі дене!»

Міне, осы суреттеме бойынша Ұмсын апамыздың портретін (бейнесін) салып беруді мен облысымызға белгілі суретші, ақын Ожан Қали ағамыздан өтіндім. Бұл ағамыз бір сөзге келмей келісімін берді. Мен оған Сәбеңнің бұл кітабынан басқа жоғарыда аталған Габеңнің күнделіктерін, Ілия Жақановтың әңгімесін бердім.

Осылармен мұқият танысқаннан кейін Ожан ағамыз екі айдың шамасында Ұмсын апамыздың бояумен салынған суретін және апамызға арналған «Аққу арман» атты дастанын әкеп берді. Мұндай қуанбаспын! Сурет дәл Сәбең жазғандай шығыпты. Мен ол суретті «Солтүстік Қазақстан» газетінің фотокорреспонденті Аманкелді Бекмұратовқа фотографияға түсіртіп алдым. Енді бұл фотосурет осы кітапта орын алады. Ал дастанға келсек Ожекең де көптен Ұмсын апамыздың тағдыры туралы ойланып жүреді екен. «Құланның қасуына мылтықтың басуы дәл келді» дегендей, менің берген материалдарым мен Ұмсын апамыз туралы айтқандарым ақын Ожекеңнің шабытын шалқытып

жіберіпті. Сөйтіп көлемді жап-жақсы дастан туыпты.

Бұл кітапқа мен «Ұмсын сұлу» деген атқа қоса «Аңыз бен ақиқат» деген қосымша ат қойдым. Үйткені Ұмсын сұлу туралы ел аузында әрқилы аңыз көп. Соған қарап бірсыпыра жазушылар, ақындар, жалпы қаламгерлер ол туралы кейде болмаған жайттарды жазады, немесе кейіпкерлердің есімін өзгертіп жібереді, т.б. Осы кіріспеден кейін мен Ұмсын апамыздың шыққан тегін, өмір жолын, туыстарын мейлінше шындық бойынша жаздым. Сонымен бірге бұл кітапқа Сәбеңнің, Ғабеңнің жазғандары, Мұхтар Әуезовтың Сәбеңмен бірігіп жазған Ұмсын туралы пьесасынан үзінді кірді. Сондай-ақ Илия Жақановтың «Аққулар қонған айдын көл» әңгімесінен, Уәлихан Қуанышевтің «Қор болған қазақтың сұлу қыздары-ай» әңгімесінен үзінді, Уәкеңнің «Ұмсын сұлу» дастаны, жерлес ақын Әбжатай Сұрағановтың «Ұмсын сұлу» дастаны, ұстаз Махмет Қожахметовтың естелігі, ақын Ожан Қалидың жоғарыда аталған дастаны да осы кітаптан орын алды.

Ұмсын туралы жазғаннан кейін одан қалған жалғыз тұяқ Күләмай туралы да жазу керек болды. Ал Күләмай туралы жазғанда оның жан жары Ғалауетден туралы жазбауға болмайтын еді. Сондықтан кітаптың екінші бөлімін «Ғалауетден – Күләмай» деген атпен атадым. Бұл бөлімді жазу үшін де бірсыпыра ізденіс жасауға тура келді. Архивтер, газет-журналдармен қатар Ғалауетденнің туыстары мен Бәкеннің (Күләмайдың әкесі) Сүният

деген баласымен әңгімелесіп те бірқатар деректер алдым.

Кітаптың соңында қалың оқырманға белгісіз кейбір адамдар мен оқиғаларға байланысты түсініктеме және пайдаланылған әдебиеттің тізімі берілді.

Құрметті оқырмандар, қолдарыңа алған осы кітапта кеткен әттеген-ай дегізетін қателер болса, күні бұрын кешірім сұраймын. Сіздер білетін, бірақ кітапқа кірмей қалған деректер болса авторға хабарласуларыңызды өтінемін.

Сонымен ендігі сөз сіздерде, құрметті оқырмандар.

Автор.

*Менің ойымша қазақтың қыздарындай
сымбатты да сұлу, көрікті қыздар
бүкіл жер бетінде жоқ. Дүниедегі
арудың аруы – қазақ қыздары!*

Ермек Серкебаев.

ҰМСЫННЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Мен өзіміздің Ынтымақ ауылында бастауыш мектепте оқып жүрген кезімде үлкенірек балалармен еріп ауылдан алысырақ жердегі ағаштарға барып жидек, шие теріп жүрдік жаз айларында. Сонда біз көбінесе ауылдан 3-4 шақырым жердегі Қызылағаш аталатын жерді басып өтетінбіз. Қызылағаштың өзінде шие, жидек шамалы, үйткені онда колхоздың № 2 бригадасы орналасқан екі шым үй, бір шошала және әртүрлі сайман қоятын сарай болатын. Бригададағы жұмысшылар өздері тұрған жердегі жидек, шиелерді, әрине, теріп алатын. Біз Қызылағаштан әрі өтіп «Ақ лақ», «Аққұсақ», «Ұялы», «Жал», «Қарашоқ», «Қойжан қыстауы», «Керте кескен» деп аталатын ағаштарға баратынбыз. Қайтарда тағы Қызылағашқа келіп оның ағашпен қиылған құдығынан су алып ішетінбіз. Құдықтың басында шығыр бар, онда темір шелек ілулі тұрады. Шығырмен сол шелекті құдыққа түсіріп су алып шелектің ернеуінен кезекпен ішеміз. Суы мөп-мөлдір таза әрі мұздай суық. Осылай талай Қызылағашқа келіп жүргенде қыстаудың жанында бұрын болған үйлердің орнын көретінбіз. Солардың ең шетіндегі бір орынды

ересек балалар мынау мешіттің орны деп көрсететін. Ол кезде мешіттің әйтеуір дінге байланысты екенін білетінбіз де, киелі деп ол жерді баспауға тырысатынбыз. Қыстаудан алты-жеті жүз метрдей жерде зират бар, онда қызыл кірпіштен салынған там тұратын. Ол кезде кімнің тамы екеніне көңіл аудармадық. Кейін білсек Жансақал қажыға салынған там екен.

Ұмсын туралы мен ең алғаш 1946 жылдың қараша айында Сәбит Мұқановтың «Менің мектептерім» атты кітабынан оқыдым. Ол кезде мен біздің ауылға көрші тұратын (7 шақырым) Дмитриевка орыс мектебінде 5-класта оқитынмын. Сол кезде Жарқын ауылынан келіп Дмитриевка мектебінде менен 2 класс жоғары Сахабин Ғани, Жақыпов Ноқат, Сралин Еркеш деген балалар оқитын. Мен Сәбеңнің аталған кітабын Ноқаттан уақытша сұрап алып оқып шықтым. Сонда «Ұмсын сұлу» деген бөлімін оқығанда ғана Ұмсынмен алғаш таныстым. Бірақ ол кезде мен Ұмсынның оның әкесі Жұсыппен атасы Жансақалдың бізге ағайын екенін білмейтінмін. Оны кейін 50-ші жылдары ғана үлкендерден естіп білдім.

Енді шежіреге жүгінейік.

Шежіреге қарасақ, біз бәріміз Керей ішінде Тарышыдан тараймыз. Оның ішінде Самайға жатамыз. Самайдың шын аты Байтеке. Самайдың 9 баласының үлкені Жанбура. Жанбураның алты баласының үлкені Құдайқұл. Оның үш баласының кенжесі Кенжетай. Кенжетайда төрт бала болыпты: Ақбота, Байбота, Жанбота, Байсерке. Біз Ақботадан

тараймыз. Ақботадаң – Шабан. Шабаннан – Бозай, Найман, Қойман. Біз Найманнан тараймыз. Найманнан–Сапақ, Сыздық, Бексұлтан, Тілеуберді, Қарынбай. Сыздықтан– Ахметжан, Мұқан, Құрман, Омар, Қамза. Мұқаннан – мен Қайролла.

Ал Байботадаң – Жансақал, Бисақал, Айтқұл. Жансақалдаң – Жұсып. Жұсыптаң – Ұмсын, Тілеміс. Сөйтіп, біз Ұмсындармен Кенжетай бабамыздаң тараймыз. Ал Ұмсын Кенжетайдыґ бесінші ұрпағы, менің әкем Мұқанның әкесі Сыздықпен тұстас. Ұмсындың әкесі Жұсып біздің Найман, Қойман аталарымыздаңбен тұстас. Жансақал, Бисақалдар біздің төртінші атамыз Шабанмен тұстас.

Ұмсындың аталары Жансақал мен Бисақал бұрын қай қыстауда отырғанын осы күнде ешкім білмейді. Үлкендердің айтуы бойынша олардыґ соңғы отырған қыстауы Қызылағаш бұрын Толыбайдыґ Ақжігітінен тараған Санмырзаның Есеналысындың баласы Төлегеннің жері екен. Жансақалдыґ бәйбішесі Шойман денелі, қарулы, сөзге де шешен алғыр кісі екен. Жансақал жуас адам болса керек. Бір күні Шойман күйеуіне жаз жайлауда бұлардыґ отырған жеріне жақындау келіп үйлерін тіккен Төлегендерге ерулік берейік деп келіседі. Қой сойып, басқа да тағамдарын дайындап ерулікке шақырады.

Ет жеп, қымыз ішіп біраз әңгіме қызған кезде Шойман бәйбіше Төлегеннің өзі отырған қыстауынан 3 шақырымдай жердегі Қызылағашты беруін сұрайды. Көңілденіп отырған Төлеген Шойманның бетін қайтармайды, Қызылағашты маңайындағы

жерімен басыбайлы сыйладым дейді. Содан бастап Қызылағаш Жансақал әулетінің ата қонысына айналады. Олар жазда жайлауға Қайранкөл, Алыпқаш жағына барып малын жаяды екен. Жансақалда мың жарым жылқы, бес жүздей қой, бір табын қара мал және бірсыпыра түйе болыпты.

Жансақал діндар адам болған. Бір жылы Меккеге барып келіп қажы атанған. Қызылағашта 100 кісілік мешіт салдырып, онда медресе ашып бала оқытатын болған. Бала оқыту үшін білімді молдаларды шақыртып жалдаған.

Білетін адамдардың айтуына қарағанда, Бұхардан діни оқуын бітіріп келген бір хазірет Жансақал ауылында бірнеше жыл тұрып бала оқытқан. Жансақал қажының жалғыз ұлы Жұсып та Меккеге барып қажы атағын алған. Жұсыптың бәйбішесі Қарашаш (ел іші оны Қареке деп атап кеткен) Көшебе әулетінің Омбай атасынан тараған Боздан деген кісінің қызы екен. Жұсыптың Ұмсын атты қызы, Тілеміс деген ұлы болады. Бұлардан басқа Жұсып қажы өзінің жиені Қойбағарды бауырына салып, өз баласындай көріп үйлендіріп, өзінің бір отауы ретінде ұстайды, Қойбағар Ұмсыннан жасы үлкен ағасындай болады.

Жұсыптың тұңғышы Ұмсын жасынан әдемі сүйкімді әрі зерек болады. Сондықтан оны атасы Жансақал, әжесі Шойман да әкесі Жұсып, шешесі Қарашаш та бетінен қақпай еркелетіп өсіреді. Шешесі Қарашаш Ұмсынның алты жасында қайтыс болады да, Ұмсын әжесі Шойманның бауырында болып тәрбиеленеді.

Ұмсын алғаш өз ауылы Қызылағашта атасы Жансақал салдырған мешіттегі медреседе оқиды. Сол кезде онымен бірге Жарылғап Егізбаев та оқыпты. Кейбір деректерде Ұмсын 1878 жылы туған делінеді. 1990 жылғы маусым айында 103 жасқа келіп қайтқан Жарылғап молланың айтуынша, оларды Қызылағаштағы медреседе татар Қази халфе оқытыпты. Жарылғап Ынтымақтан 3-4 шақырым Қызылағашқа күнде жаяу барып оқыпты. Ұмсынның әкесі Жұсып қажы Жарылғапты да Ұмсынмен бірге күтіп ұстапты. Үйіне апарып тамақ ішкізіп отырыпты. Жұсыптың әйелі «Қайтесің бұл баланы сонша күтіп, одан не пайда саған?» – десе керек. Сонда Жұсып: «Түбінде мен өлгенде менің басыма келіп 40 күн құран оқитын осы бала болады» – депті. Ақыры оның айтқаны келіп 1924 жылы Жұсып қажы қайтыс болғанда Жарылғап молла оның басына барып 40 күн құран оқыпты.

Ал Ұмсын туралы Қази Халфе: «Мен бұл балаға өзім білетінімді түгел бердім. Бала өте зерек, оны әрі қарай басқа медреседе оқыту керек», - депті. Атасы Жансақал қажы немересін Қызылжар медресесіне оқуға береді. Ұмсын оны өте жақсы оқып бітіреді. Содан кейін атасы Жансақалдың тілегі бойынша сол кездегі білімді азамат жас қажы Абылай Рамазанұлы Ұмсынды Троицк қаласындағы медресеге оқуға орналастырыпты. Троицкідегі медресені де өте жақсы оқып тәмамдапты. Онда араб, парсы, көне түрік тілдерін үйреніпті. Содан ол молла қыз атанады. Ұмсын Троицк медресесін

бітірген жылы Жансақал мен Жұсып тағы да Меккеге қажылыққа баратын болады. Атасымен, әкесімен бірге қажылыққа баруға Ұмсын да талап қылады. Жас қызының бетін қайтармай атасы мен әкесі Ұмсынды Меккеге ерте шығады. Сөйтіп, Абылай қажы жетекшілік еткен бір топ адам Меккеге барады. Мәдина шаһарында да болады. Сол сапарда оларға ертеректе қажылыққа барып араб қыздарына үйленіп, әуелі Мәдинада тұрып, кейін Мысырдағы (Египеттегі) Ескендір (Александрия) шаһарына барып тұрақтаған Қызылжарлық (Петропавлдық) Балта Керей Асанияз, Жұманияз, Еснияз, Бекнияз, Есімғожа Нұрмұхаммед ұлдары деген бес ағайынды кісілердің үшеуі кездеседі. Олардың біреуі сауда жасап жүріпті, екеуі тағы да қажылыққа барған екен. Олар Жансақал қажы мен оның баласы Жұсып қажыны бұрыннан біледі екен. Сол жігіттер әкелі-балалы қажыларды, Абылай қажыны жолдас-жораларымен қоса қонаққа шақырып, Ескендір (Александрия) шаһарына ертіп апарып мейман етіп күтеді. Абылай қажы Асаниязға Ұмсынның білімді ғұлама қыз екенін айтады. Ұмсынның талапты, көзі ашық қыз екенін түсінген Асанияз оның Ескендір шаһарындағы жоғары дәрежелі діни медреседе оқығанын жөн көреді. Ұмсын әкелерінің рұқсатымен сонда қалып, Асанияз қажының үйінде тұрып, сол шаһардағы жоғары дәрежелі медресені 1902 жылы бітіріп шығады. Содан ол елге аман-есен оралып, бала оқытатын молла болыпты.

Александрия медресесінде де діни окумен қатар шығыс шайырларының шығармалары оқытылады. Ұмсын Троицк медресесінде оқып үйренген араб, парсы, көне түркі тілдерін бұрынғыдан да терең меңгереді. Шығыстың атақты ғұлама ақындары Фердоуси, Низами, Физули, Хафиз, Шамен, Сағди, Науаи, т.б. еңбектерін оқып сусындайды. Әйгілі «Мың бір түнмен» танысады. Сонымен қатар ол бос уақытында елде қазақ арасында ауызша да, қолжазба күйінде де кең тараған «Бозжігіт», «Сейфілмәлік», «Тахир-Зухра», «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты түркі халықтарының біразына ортақ халық дастандарымен танысады. Бұларға қоса Қазан қаласынан басылып шыққан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты ғашықтық жырларды да зор ықыласпен оқиды. Осылардың бәрі оның білімін толықтырумен қатар зор әсер етеді.

Оның үстіне Ұмсын өзі де асқан сұлу, әнші, домбырашы болады. Ол өте әсем киінетін. Киімі өзіне жарасып тұрады екен. Ел оны Ұмсын сұлу деп атап кетіпті. Сонымен қатар ол сол кезде қазақ арасында ауызша да, қолжазба күйінде де, кітап болып басылып шыққан түрінде де кең тараған діни және ғашықтық дастандарды да оқып танысады. Діни дастандар ХІХ ғасырдың ортасымен ХХ ғасырдың басы аралығында халықтың рухани азығы ретінде ұлы міндет атқарғаны белгілі. Мұндай дастандардың ішінен Ұмсын «Қисса Салсал», «Қисса Сейітбаттал», «Қисса-сұл әнбия» сияқты дастандарды оқыған. Бұл дастандарда діни

нанымдар ғана емес, ерлік, батырлық, отансүйгіштік, дін үшін күрес те жырланады. Сонымен бірге бұл дастандарда өмірде болған тарихи оқиғалар да көрсетіледі. Мысалы «Қисса-сұл әнбиядағы» әңгімелерде неше түрлі қоғамдық оқиға, шежіре, тарих, күнделікті тірлік байқалады, сол замандағы жалпы ізгілік, адамгершілік, зұлымдық, қайырымдылық, махаббат, қастық, достық, мәселелері көрсетіледі. Ал «Бозжігіт», «Сейпілмәлік», «Жүсіп-Зылиха», т.б. ғашықтық дастандарда екі жастың шынайы махаббаты, олардың махаббат үшін күресі, сол жолда көрген қиыншылықтары баяндалады. Міне, осының бәрін оқыған Ұмсынның өмірге көзқарасы кеңейеді, махаббат сезімі оянады.

Осылай бой жетіп, махаббат сезімі оянған Ұмсын бұрынғыдан да сулуланып кетеді. Әрі ол бірнеше шығыс тілін білетін, құран сүрелерін жатқа білумен қатар пайғамбар хадистерін де жақсы білетін ғұлама ғалым болады. Оның білімін сол кездегі елге атағы шыққан моллалар да мойындайды. Мысалы, Солтүстік Қазақстан өңіріне жақсы таныс білімді саналған Баһрам молла «Біздің біліміміз Ұмсынның білімінің ширегіне де келмейді» – депті.

Ұмсынның асқан сұлулығы мен ғұлама білімділігі қалың елге жайылып кетеді. Сұлуға қызығатындар әрқашанда көп болатыны белгілі. Ұмсынға да ғашық болып қырындаған жігіттер де аз болмайды. Тіпті әйгілі Ақан сері оның сұлулығы мен ғұламалығын естіп, онымен жүздесіп сөйлесу

үшін Жұсып қажының қыстауы Қызылағашқа арнайы келеді.

Жансақалдың інісі Бисақал батырдың ұрпағы Жамақ ағамыз Ақан серінің келгені туралы Тілеміс атамыздан естігенін былай айтқан еді. Ақан сері сәнді киінген, ат-әбзелдері де әсем. Сүйріктей сұлу Ақтангерін мініп келеді, бір аты соңынан бос еріп келеді. Сол аттарын өзі суармаса, басқалардың берген суын ішпейді. Өзі қонғанда далада таза ауада жатқанды ұнатады. Ол келгенде ауылда ойын-сауық болады. Ақан серіні көруге, оның әндерін тыңдауға ауыл жұрты түгел жиналады. Ұмсын да ән айтады. Ұмсынмен Ақан сері әңгімелеседі. Көбінесе діни кітаптардан мысалдар келтіріп сөйлеседі. Ақан сері Ұмсынның білімділігіне ден қояды. Бір-біріне сұрақ қойып, жауап қайтарады. Ұмсын Ақанның барлық сұрақтарына дұрыс жауап қайтарады. Бірде Ұмсын Ақанға: «Дастарханның үсті не, асты не?» – деген сұрақ қояды. Ақан жауабын таба алмай мүдіріп қалады. Сонда Ұмсын өзі: «Дастарханның үсті – бисмилла, асты – аллаһу әкпар емес пе?» – деп жеңіп кетіпті. Ақан Ұмсынның білімінің өз білімінен артық екенін түсінеді.

Жаны нәзік Ақан сері Ұмсынға ғашық болады. Ұмсын да Ақанды жек көрмейді. Бірақ жастары сәйкес келмейтін еді. Ақан Ұмсыннан 40 жастай үлкен болатын. Оның үстіне Ұмсынның өзі сүйген жігіті болатын. Соның өзінде Ақан сері Ұмсынды ұнатқанын білдіріп өлеңмен хат жазып тұрған екен. Бір хатында мынадай өлең жазыпты:

- Адамның екі көзі көрер ғайни,
«Самигөн ғала-рәй-си ұзнайни.
Тахбубім сізге ғашық болғаным,
Ташшаһун екі инімде малақайни».

Бұдан басқа да хаттар жазған, бірақ олары жоғалған. Ақан Ұмсынның сұлулығы мен білімділігіне ғашық болған. Ол жасының ұлғайғанына қарамаған. Үйткені жаны мәңгі жас ақын, әнші, сері адам махаббатсыз өмір сүре алмаса керек. Ұлы ақын Мағжанның айтуынша, Ақан сері үшін ғашық болған сұлудың жауап сезімі де қажет емес. Ұмсын да Ақанның жасы үлкенін білсе де оның адамгершілігіне, көркемдігіне, тамаша әншілігіне қызығады. Бірақ, әрине, оған қосылу ойында болмайды. Ақан сонда да Ұмсынды ұмытпайды. Оны Торсанның¹ есер баласы Шеридің алып қашқанын естігенде (Ақан ол кезде 60 тан асқан) Ұмсынның қайғысына ортақтасып өлеңмен хат жазады.

Ұмсынға ғашық болған жігіттің бірі Нүрке сері. Бұл жігітті Ұмсынның өзі де ұнатқан. Екеуі қосылуға уәделескен. Бірақ қосыла алмаған. Нүрке Тоқтыбайұлы 1877 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы бұрынғы Игілік қонысы, Қызылой ауылында туған. Нүрке Таузар Керей ішіндегі Бертіс биден тарайды. Әкесі Тоқтыбай кезінде Біржан сал тобындағы алғыр ақынның бірі болған, ерте дүние салған, көп ұзамай шешесі Бәтиха да қайтыс болған. Нүркені ағасы Омар тәрбиелеп өсірген. Омар да Біржан салға ерген әнші екен. Нүрке халық арасында кең танымал болған ақын, сері. Бала кезінде ауыл

молласынан оқып білім алған. Кейін Болотнай (Новорыбинка), Қызылжар медреселерінде оқыған. Араб, парсы, ежелгі түрік тілдерін үйренген. Атақты Үкілі Ыбырайдың шәкірті болған. Өз кезінде оның «Нияз сері – Іңкәр», «Сейітжан сал – Гүлмариям», «Құшан сері – Ұлбике», «Ербатыр» т.б. қисса-дастандары белгілі болған, бірақ біздің кезімізге олардың ешқайсысы жетпеді. Нүрке серінің тек «Таныстыру», «Ұмсын», «Мүсликамал» деген өлеңдері ғана жеткен.

Міне, осы Нүркемен Ұмсын сөз байласқанмен олардың қосылуына мүмкіндік болмайды. Нүркені оның қас-жаулары ретін тауып Сібірге айдағып жібереді. Ол Сібірде айдауда Жүргенде сол кезде күпсіп тұрған Торсан байдың баласы Шери Ұмсынды күштеп алып қашады. Нүрке кейін айдаудан елге оралғанмен сонда көрген азаптан ауырып келеді. Оның үстіне сүйген ғашығы Ұмсынның ауруға шалдыққанын көріп қайғырудың салдарынан ауруы асқынып 1915 жылы қайтыс болады.

Енді Ұмсынға қайта оралсақ. Ұмсын 1902ж. Мысырдағы Александрия қаласындағы Әл-Азжар Мұхаммед бин Вағаф мектебін бітіріп келгенде Қызылағашта әкесі Жұсып үлкен той жасайды. Онда әнші, күйшілер, ақындар қатысып, той қызықты өтеді. Балуандар күресі, сәйгүліктер жарысы да болады. Қыз-келіншектер мен жас жігіттер кешкілікте алтыбақанға жиналып, ән шырқайды. Тойдың көркі, әрине, Ұмсын болады. Талай жігіттер оған қызығып, оны жар қылуды армандайды. Бірақ Ұмсынның жүрегі Нүрке серіге

ғана берілген болатын. Осы тойда олар тағы да кездесіп уәделерін пысықтай түседі. Бірақ Ұмсынның өз үйінде бұлғақтап еркін жүруі көпке бармайды. 1903ж. жазда оны Торсан болыстың баласы Шери күшпен алып қашады. Алдымен ол Ұмсынды тура өз үйіне апармай Марьевка селосында тұратын бір таныс орыстың үйіне апарып қамауда ұстайды. Оның себебі Шеридің үйінде Ақлима атты адуынды әйелі болатын. Тура апаруға содан жасқанады. Ақырында үйіне апарғанда Ақлима шу шығарады. Оның әкесі Балта Керей Нұрқан атақты бай әрі сол кезде дүрілдеп тұрған болыс болатын. Соған арқаланған Ақлима атасы Торсанға кісі жіберіп өзінің сәлемін былай жолдайды: «Атам не баласын тыйсын, не мені барлық дүние-мүлкіммен еліме жеткізсін. Менің де іздейтін елім бар» – деп қыр көрсетеді. Бұл хабар Нұрқан болысқа да жетеді. Нұрқан болыс бір топ нөкерлерімен Торсанның ауылына келеді. Екінші жағынан көптен бері қызын жоғалтып, қайда екенін білмей қайғырып жүрген Жұсып қажыға да хабар жетеді. Ол жақтан да жоқтаушылар келеді. Әбден сасқан Торсан Ұмсынды кіші баласы Бәкенге қосады. Дау онымен де бітпей Торсан ел билерінің шешімімен Жұсыпқа қалың мал, Нұрқанға айыппұл төлеп бар байлығынан айырылады.

Бәкенге қосылғаннан кейін де Ақлима Шериден қызғанып Ұмсынға күн көрсетпейді. 1904ж. Ұмсын бір қыз туады. Атын Күләмай қояды. Бірақ әлгіндей жағдайда Ұмсын жынданады. Жұрттың айтуынша оған Ақлима дуа жасатқан

көрінеді. Ол жыннанғаннан кейін ешкімге керек болмай қалады. Ақырында оның осындай жағдайын естіген төркіні келіп, Ұмсынды алып кетіп өз үйінде ұстайды. Ұмсын кейде сап-сау болып бұрынғы қалпына келгендей болады. Ондай кезінде көбіне бұрыннан өзі жинаған кітаптарды қайта оқиды. Оқып отырып бұрынғы еркін өскен, медреселерде оқыған, Ақан мен, Нұркемен кездескен кездері есіне түсіп, біресе күледі, біресе жылайды. Сөйтіп отырып, тағы есі ауысып кетеді. Осылай қиын, аянышты, трагедиялы өмір сүреді. Оның осындай жағдайын 1913ж. көргенін Сәбит Мұқанов кейін өзінің «Өмір мектебінде» жазған болатын. Сәбеңнің ол әңгімесін кейін толық келтіретін болғандықтан қазір оған тоқтамай-ақ қойайын.

Осындай қиын жағдайда Ұмсын ауруға шалдығып 1917 жылдың күзінде қайтыс болады. Оны атасы Жансақал қажы жатқан Қызылағаштағы зиратқа жерлейді. Сөйтіп, қазақтың бір әрі сұлу, әрі ғалым қызы Ұмсын сұлу Жұсып қызы дүниеден өтеді.

Енді оның артында қалған туған-туыстары жөнінде қысқаша айтып берейін. Жоғарыда айтқанымыздай, Жансақал қажының жалғыз баласы Жұсыптан Ұмсын мен Тілеміс туған және Қойбағар деген жиеніде туған баласындай болып Жұсыптың бір отауы болып тұрады. Тілеміс пен Қойбағар да ауыл медресесінде оқып сауатын ашады. Тілеміс сегіз қырлы бір сырлы дегендей өте шебер болады. Ол етік те тігеді. Ат әбзелдерін: жүген, қамыт, божы, т.б. өзі сәнді қып, күмістеп жасайды,

ағаштан да темірден де түйін түйеді. Әнші, домбырашы болады. Жансақал мен Жұсыптың байлығын одан әрі дамытады. Елге сыйлы болады.

1924ж. Жұсып қажы дүние салады. Бәйбішесі Қарашаш одан бұрын қайтыс болған. Енді үй иесі Тілеміс болады. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында сауатты Тілеміс ауылнай болып қызмет істейді. Бірақ 1927ж. тамыз айындағы байларды тәркілеу (кәмпескелеу) саясаты сүттей ұйып отырған бұл шаңырақтың берекесін қашырып астанкестен қылады. Тілемістің бүкіл мал-мүлкін тәркілеп өзін жер аудармақшы болады. Осының алдында, кәмпескелеу болатынын күні бұрын сезген Тілеміс Қойбағарды отбасымен еншісін беріп оның өз еліне (Қазіргі Қостанай облысының Урицкий ауданына) қайтарған болатын. Тілеміс өзі жұбайымен ересек балаларымен жер аударуға ілекпей тұрғанда бір түнде Ресейдің Түмен облысына қашып кетеді. Ең жас балаларын артынан келіп алып кетермін деп бір туыстарының үйіне тастап кетеді. Бірақ екі-үш күннен кейін оны жер аударуға іздеп келген «белсенділер» оның Мырзай деген жас ұлы мен Жәпен деген кішкентай қызын тауып алып, сол кезде қазіргі Жарқын ауылының маңында ұйымдастырылған жұрт «бай ауылы» деп атап кеткен концентрационный лагерьге апарып қамады. Лагерь жағалай тікенек сыммен қоршалған.

Оған күзетшілер ешкімді лұқсатсыз кіргізбейді және ешкімді одан шығармайды. Жергілікті басшылар лагерьді жасағанмен тамақ жағын ұйымдастырмаған. Қамалғандар аш, жалаңаш болады.

Көптеген адамдар аштан өледі. Әйтеуір «іштен» (Ресейден) әдейі бауырларын алып кетуге келген Тілемістің үлкен ұлы Тоқай бір түнде Мырзай мен Жәпенді жасырып алып кетеді. Содан Тілемістің үлкен отбасы Ресейдің Түмен облысының Новозаим ауданындағы Подун деген селода орнығып тұрады. Бұл қазіргі Заводуковск қаласынан 250 шақырымдай жер екен.

Осы жерде бұлар мал ұстайды, саудамен айналысады. Тоқай сол жерде ауырып қайтыс болады. Басқа балалары: Шоқай, Мұқаш (шын аты Мұқаметқали), Сұлтан, Мырзай сол жақта орысша оқу оқиды да, өсе келе бәрі де механизатор, шофер мамандығын игереді. Соғыс басталған кезде төртеуі де бірінен кейін бірі майданға аттанады. Әйтеуір, құдай сақтап, бәрі де соғыстан аман оралады. Бұл 1946ж. Бәрі жиналғаннан кейін жасы алпыстан асқан Тілеміс енді елге келуді ойлап балаларына тілегін айтады. Елге алдымен Мұқаш, одан кейін Мырзай келіп, елдің жағдайымен танысып, ағайын-туыстарымен кездесіп, әкесіне келгесін көшуге болатынын айтады.

Бұл кезде олардың бұрынғы қонысы Қызылағаштағы үйлері жоқ болатын. Тілемістің 6 бөлмелі ағаш үйін колхоздастыру кезінде жақын жердегі Дмитриевка селосына апарып мектеп салған. Осы мектепте мен 1943-1949жж. оқыдым. Ал мешіт үйін бұзып «13 жылдық» колхозына («Ынтымақ» ауылы) қойма (склад) салыпты. Бұл қойманы бала кезімде көргенім бар. Онда колхоздың тұқымдық астығы, әртүрлі саймандар (айыр,

күрек, тырнауыш, қамыт, доға, жүген, божы, т.б.), тіпті піскен нан, қымыз, сары майға дейін болатын.

Ал «13 жылдық» колхозында Тілемістің отбасы түсе қоятын үй де, балаларына қолайлы жұмыста болмады. Сондықтан олар жаңа ашылған Октябрь совхозының басшыларымен келісіп, соның Сарқұлын деген бөлімшесіне көшіп барды. Қазір ол бөлімше Тельмановка деп аталады. Тың игеру кезінде бұл бөлімше жаңа құрылған Ишим совхозына қарап қалды. Осы бөлімшеде бір қыс қыстағаннан кейін Тілеміс үлкен үш баласымен Октябрь совхозының орталығына көшеді. Мұнда Шоқай мен Мұқаш шофер болып, Сұлтан тракторист-комбайнер болып орналасады. Жаз айында бәрі жабылып «асар» жасап шымнан үлкен үй салып алады. Мырзай сол Сарықұлында әуелі тракторист, кейін бригадир болып істейді.

Мен Алматыда Қазақ Мемлекеттік Университетінде оқып жүріп 1956 жылы жазғы демалысқа елге келгенде Тілеміс атамызға сәлем беруге сол Октябрьдегі үйінде болғаным бар. Үйге кіргенде байқағаным ортада коридор, сол жақта Тілеміс атамыз бен Жәбел әжеміздің бөлмесі, оң жақта балалары мен келіндері тұрады екен. Мен атамызға сәлем беріп, жөнімді айтқасын ол кісі қасына отырғызып менің студенттік жағдайымды, қандай оқу оқып жатқанымды сұрады. Ол кезде елден жоғарғы оқу орнында оқитындар некен-саяқ болатын. Сондықтан ба, ол менің оқып жатқаным ризашылығын білдірді. Жақын тартып, жылы сөйледі. Кейін оқуды бітіріп Городецк мектебінде

директор болып істеп жүргенде де ол үйде бірнеше рет болдым. Сонда Ұмсын апамыз туралы ол кісіден сұрап алу ойыма келмеді. Осы күні әлі өкінем, Үйткені ол кісі апасымен тетелес өсті ғой, көбірек айтып беретін еді. Ол кісі жалпы сауатты, білетіні көп еді. Үйінде араб әрпімен жазылған қалың кітаптар болушы еді. Мен жалпы кітапқұмар болсам да арабша сауатым болмағасын оларға көңіл аудармап едім. Бірде ол маған: «Менде «Қисса-сұл әнбия» деген кітап бар пайғамбарлар тарихы туралы» – деді. Бірақ ол кезде атейістік рухта тәрбиеленген мен оған да көңіл бөлмедім. Кейін ол кісі дүниеден өткесін солар есіме түсіп, іздесем бір де кітап қалмапты. Өкінішті. Тілеміс атамыз 1884 жылы туып, 1963 жылы 79 жасында қайтыс болған.

Тілемістің ұрпақтары мынадай: Ерте қайтыс болған Тоқайдан кейінгі үлкен ұлы Шоқай кезінде Қызылжар қаласындағы қазақ педагогикалық техникумында оқыған (1923-24жж.), бірақ оқуын бітіртпей байдың баласысың деп шығарып жіберген жақсы оқыса да. Соғыстан келгеннен кейін қашан зейнеткерлікке шыққанша шофер болып істеді. Бұл кісі де сауатты, араб әрпімен, латын әрпімен жазылған кітаптарды көп оқитын, халық әндерін, нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді жинап дәптерлеріне жазып жүреді екен. Өзі де шабыты келгенде өлең шығарады екен, әсіресе құрдастарына, жеңгелеріне шығарған осындай бірсыпыра өлеңдері болыпты. Әттең олары ауызша айтылып, жазылмай қалған. Одан кейінгі Тілемістің ұлы Мұқаш та зейнетке шыққанға дейін шофер

болды. Сұлтан совхозда алдыңғы қатарлы механизатор (тракторист, комбайнер) болды. Еңбегі бағаланып бірнеше ордендер мен медальдарға ие болды. Мырзай көп жыл механизатор, кейін зейнеткерлікке шыққанша бригадир болып істеді. Осылардың бәрі де орыс арасында жүрсе де қазақтың жөн-жобаларын, әдет-ғұрпын жақсы білетін. Сонымен қатар бәрі де іскер болды. Мысалы қой сою, малдың етін мүшелеу, т.б. жақсы білетін. Жәпен болса совхозда бухгалтер болып істеді. Оның да өмірі қысқа болды. Тұрмысқа шыққаннан кейін ауруға шалдығып 4-5 жылдасын қайтыс болды. Өмірге екі ұл әкелді. Біреуі жастай қайтты. Екіншісі ер жетті, қазір тірі. Әкелері де қайтқан. Бұлардан басқа Тілемістің Қади, Қадиша, Бәдиша деген қыздары болды. Соңғы екеуі жастай қайтыс болыпты. Мен Қадиды бала кезімде бір көрген едім. Тамаша көркем, сұлу еді. Ол да күйеуге шыққаннан кейін бірнеше жылдан кейін қайтыс болыпты.

Бұл күнде Тілеміс атамыздың өз ұлдары мен қыздарының бәрі де дүниеден өткен. Немерелері мен шөберелері баршылық. Шоқайдың Батырхан, Қасымхан атты балары болған еді. Қасымхан осы тұқымнан алғаш жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде кенеттен ауырып қайтыс болды. Өзі де көркем, ақылды жігіт еді. Мұндайда қазақ «көз тиген» деп те айтады. Батырхан да әкесінің жолын қуып көп жыл шофер болып істеген, қазір зейнеткер. Жұбайы Күләш екеуінің Ақдидар, Анар, Эльмира, Дана атты қыздары, Ансар деген ұлы бар.

Қыздарының алды отбасын құрған, ал кенжелері Ансар 6-ші сыныпта оқып жүр.

Мұқаш пен жұбайы Бөлтиден туған Қалихан, Темірхан, Қазихан, Асылхан атты төрт ұл, Бәтима, Рахима, Сапура атты үш қыз бар.

Сұлтанның Сәлима деген әйелінен Қымбат атты қыз және Аманкелді, Амантай, Бахтияр атты үш ұл болған еді. Сәлима ертеректе қайтыс болған. Өкінішке орай оның үш ұлы да өсіп, жігіт болған шағында жастай қайтыс болып кетті. Сәлима қайтыс болғаннан кейін Сұлтан ағамыз Бәтен жеңгемізге үйленді. Ол Сәлимадан қалған балаларды өзінің туған балаларындай күтіп ұстады. Қазір бұл жеңгеміз Қымбаттың кіші ұлы Жеңістің қолында. Оны кезінде Сұлтан ағамыз екеуі өз бауырына салған болатын. Қазіргі кезде қызы Қымбат Қызылжар қаласында тұрады, жолдасы Еркеш екеуінің үш ұл бірнеше немерелері бар. Аманкелдіден қалған Руслан атты ұл да Қызылжар-да тұрады. Мырзай мен жұбайы Қабиба Әнуар, Имантай атты екі ұл, Балшекер, Бәләпай, Балжан, Айжан, Айтжан атты бес қыз өсірді. Бұлардың бәрі де ер жетіп қазіргі кезде әрқайсысы жеке үй болып отыр. Олардан туған немерелер мен жиендер де баршылық. Шешелері Қабиба ұлдары мен қыздарында кезекпен барып жүреді.

Міне, Ұмсынның туған інісі Тілеміс атамыздың ұрпағының жайы осындай. Қазіргі ұрпақтары Ұмсын туралы естігені болмаса, оның өмір жолын білмейді. Осы жазылғандардан аздап болса да мағлұмат алар деп ойлаймын.

ҰМСЫН СҰЛУ

«1913 жылдың көктемі. Ауылдың Досқа кеп жаңа үй тіккен кезі... Нұртазаның үйіне «Ойдағы Сибаннан» Мәшік, Ботпай және Торсанның¹ Шері кеп қонды. ...Олар алыстағы «Сырымбет тауы» деген жерге жолаушылап барады екен... Мен оларға түнде өлең айтып, қызмет атқардым. Ертеңіне:

- Осы баланы біз ала кетсек қайтеді, - деді Мәшік Нұртазаға,- өлеңді де, әнді де жақсы айтады екен, қонған жерімізде өлең айттырып отыруға ермек те болар және ән-күйдің қонған елі Атығай-Қарауыл деседі ғой, со жаққа барып ән де үйреніп қайтар». Ертеңіне Нұртаза Сәбитке лұқсат етті.

«Сырымбетке сапар шегуге әзірленген жолаушылар екі тарантасқа бөлініп, әрқайсысына пар аттан жекті, бір тарантасқа Таспай мен Мәшік отырды, олардың божысын мен ұстадым; екінші тарантасқа Ботпай мен Шери отырды, олардың божысын Шоқпыт деген кісі ұстады. Біз жүріп кеттік.

Жаманшұбардан шыға серіктерім аттарын тоқтатты да түстеніп-қонатын жерлерін ақылдасты. ...Алғашқы қонатын үй туралы пікір екіге жарылды: Шериден өзгелері Жансақалдың Жұсыбынікіне қонамыз десті. Шеридің неге қашқалақтауын олар мен түсінбейтін оспақпен сөйлесіп, біраз күліп алды да, менің серіктерім Жұсыптікіне, екінші арбадағылар басқа ауылға қонатын боп кетті.

Бөлінер алдында «бері кеп кетші» дегендей, Шоқпыт маған көзін қысты. Оңашаланған маған: - Сендер барып қонатын үйде жынды келіншек болу керек, - деді Шоқпыт, - аты Ұмсын. Соған бір нәрсе беріп жіберсем апарасың ба?

Мен жынды дегеннен қорқып «апармаймын» дегендей басымды шайқап ем:

- Ой, оңбаған, - деді Шоқпыт, - «жынды» дегенге сен оны байлауда жатқан біреу деп ойлама! Бос жүретін адам ол. Он екі пәнді тәмәм қылған молда қыз. Бір есептен қияли боп кетіпті. Әйтпесе, адамға залалы жоқ.

- Неге қияли болған? – дедім мен.

- Со қызды біздің осы Шери алып қашқан, - деді Шоқпыт, - бірақ қатыны билік бермей, айырды. Қаңғырып қалған Ұмсынды жұрт Шеридің інісі Бәкенге қосты. Одан бір қыз туды. Шериден алданған қыз санамен сарғаюдан жынды адамдай бетімен сөйлеп, қияли боп кетті. Торсан үйі оны төркініне қайтарғанда, туған қыз Бәкен үйінде қалып қойды. Қазір 7-8 жасқа келді ол қыз, аты Күләмай, со қыздың шешесіне берген сәлемдемесі бар еді, ешкімге көрсетпей апарып бер, - деді.

Шоқпыт теріс қарай беріп, қойын қалтасынан бүктелген қызыл жібек орамалды маған берді де:

- Аналарға сездірме алғаныңды. Орамалдың ішінде түйілген алтын жүзік бар, жоғалтып алма, - деді.

Сол арада тарамданған жолдың оң жағына Шоқпыт түсті, сол жағына біз түстк.

- Бала, Шоқпыт екеуің не сөйлестіндер? – деп сұрады Мәшік былай шыға.

- Түк те сөйлескен жоқпын, - деп қашқалақтап ем, ұтқыр, қу Мәшік менің жасырған сырымды айтқызып барып тынды.

- Бәсе, - деді ол, - өзім де соған жорып едім.

Менің қойныма салған орамалды алып көрсек, айнала жиегінде ақ жолағы бар шымқай қызыл жібек екен. Шетіне түйген алтын жүзікті алып көрсек, жалпақ көзінде «Шешеме Күләмайдан» деген жазу бар.

- Жетім бала сұңғыла келеді деген рас-ау, - деп қайран қалысты менің қасымдағылар, - қаршадай боп, қарашы! Кімге құйдырды екен бұл жүзікті? Кім жазып берді екен мынаны?

- Биыл сол үйге зергерлік құрып Bazалай серкеш келді деген, соған жаздырған ғой, - деді Таспай.

- Сол бала 7-8-ақ жаста болу керек, - деді Мәшік, - емшектегі күнінде айрылып еді шешесінен. Кемшілік көрді дейтін кедейдің қызы емес, шешесі өгей болғанмен, туғаннан кем күтіп отырған жоқ. Бұл қызға «сен Ұмсыннан тудың» деп кім айтты екен?

- Кім айтса, ол айтсын, - деді Таспай, - жұдырықтай боп шешенің не екенін білуін қарасайшы! Бұл қыз ба, бұл қыз керемет қыз болады екен!

- Кескін-кейпі Ұмсынның аузынан түсіп қалған, әттең, мұрны ғана Бәкенге тартып кертештеу келген, әйтпесе, құйып қойған Ұмсын! – деді Мәшік.

- Орыс, қазақты аралай жүре, - деді Таспай, - әйелдің талай сұлуын көре жүре, мен Ұмсындай сұлуды кездестірген емеспін. Дәл жұмақтың өзінен шығып хор қызы келмесе, бет біткен адамда мұндай сұлу адам болады деп мен ойламаймын.

- Рас,- деді Мәшік.

Ол екеуінің кеңесін таңдана тыңдаймын деп, аттарды мен жолдан шығарып жіберіппін. Бұл жөнде Таспай маған:

- Көзіңе қарамай, немене, былжырап отырғаның?- деп ұрысқалы келе жатыр еді:

- Ұрыспай-ақ қой,- деді Мәшік,- бұның өзі сөзге үйір бала көрінеді. Ұға алса, ұғып қалсын, сол Ұмсынның кеңесін мен бұған айтып берейін.

- А, қойшы,- деп Таспай ұнатпап еді.

- Қойғаның не,- деді Мәшік кейіп,- осындай баладан өскен жоқпыз ба бәріміз? Біз де бұндай кезімізде қызық кеңес айтқан кісілерді жақсы көретінбіз.

Мәшік пен Таспай мені ортасына алды да, божыны Таспай ұстады.

- Менің сақа бозбала боп қалған кезім,- деп бастады Мәшік сөзін,- Торсанның үйі ол кезде Ірбіт шабады. Торсан үйі Ірбіттен неше ылау кездеме, шай, қант сияқты дүниені қотарып алады да, ауылдарды аралатып саттырады...

Ауыл арасындағы Торсанның саудасын Шери жүргізіп тұрады,- деді Мәшік, дағдылы калпымен түкірігін ширата тіс арасынан ытқытып ап,- со кезде Шеридің жас шағы, піркәшігі менмін. Екеуіміз ел аралап кете барамыз. Сауда-саттықты жүргізетін

менмін, Шеридің серілік құрудан басқада жұмысы жоқ. Қайда сұлу қыз-келіншек болса, сауданы сылтау ғып, со жаққа барады да, тілін алдыратын адамдарға, ақша демей, мата демей, төгіп беріп, дегеніне жетеді...

Сонымен,- дейді Мәшік,- тамағын қырнап ап,- бір кезде “Жансақалдың Жұсыбында сұлу қыз бар” деген хабар келіп қалды. Жұрттың айтуынша, қазақ баласына ондай сұлу бітпеген. Бұл хабар құлағына шалынған Шери шыдасын ба,- екеуміз со жаққа кете бардық...

- Жансақал үйінің со кезде күпсіп те тұрған кезі болу керек,- деді Таспай.

- Әрине,- деді Мәшік,- со кезде ол үйде мың жарымдай жылқы, екі-үш мыңдай қойы бар екен. Мал кімге бітпейді. Алалы жылқы, ақтылы қойды айдай алмай отырған талай байдың үйінде қонаққа сілкіп саларлық сырмағы жоғын көрдік қой, Жансақалдікі салтанатты екен. Жансақалда жалғыз-ақ бала бопты ғой, аты – Жұсып. Біз барған кезде Жұсып елулерді еңсерген, сары сақалды кісі екен. Бір жыл бұрын хажыға барып келген. Оның бір асыранды, бір тума баласы бар екен. Асырандысының аты - Қойбағар, тумасының аты - Тілеміс. Тілемістің ол кезде бала кезі.

Жұсыптың төрт ақ үйі бар екен,- деді Мәшік, тағы да шырт түкіріп ап,- өз үйі, қонақ үйі, Қойбағардың отауы және қызына тігіп қойған отау. Біздің қасымызда көк көз Ыбыш² барды. Ата жағынан ол Жұсыпқа ағайын.

- Солай ма екен! – деді Таспай.

- Солай екен,- деді Мәшік,- Ыбыштың ол кезде жүзіктің көзінен өтетін жылпос шағы.

Жұсыптың қонақ үйіне барып түскеннен кейін, Ыбышты Ұмсынға астыртын жібердік. Қыз маңайына жолатпапты. Сол арада жұмаға жақын айналып, қыздың мән-жайын сұрастырсақ, оған Ақан сері ғашық екен. Жансақалдың үйінде Бұхарадан оқып келген бір хазірет бірнеше жыл тұрған. Жұсыпта алғаш ұл болмай, бар баласы жалғыз Ұмсын болғандықтан, хазіретке сабаққа беріпті. Қыз өте зирек боп, хазіреттің бар оқуын қағып апты дейді. Өтірік, расын кім білсін, хазіреттің өзі “бұ қызға енді менің оқытатыным жоқ”- депті-мыс.

- Оны өзіміз де көрдік қой,- деді Таспай,- біздің, арада Баһрам молдадан оқуы артық кісі жоқ дейміз ғой, со кісі Торсан үйінде Ұмсынға бір кездескеннен кейін: “Біздің оқуымыз ширегіне де келмейді, құранға қазақ тілінен кем түсінбейді” дегенін құлағымызбен естідік.

- Оның оқымыстылығын еске түсірген себебім,- деді Мәшік, Ақан сері осы қызды іздеп кеп, арап тілімен сөйлесіпті ғой. Қыз Ақан серіден асып түсе беріпті. Содан кейін Ақан сері ғашық болып, хат арқылы өлең жібере бастапты.

- Есінде қалғаны бар ма,- деп сұрады Таспай.

- Талай заман өтті ғой одан бері,- деп Мәшік аз ойланып отырды да,- есімде бір-ақ ауызы қалыпты,- деп, айта жөнелді:

“Адамның екі көзі көрер ғайни,
Сәмигон ғала рәі-си үәл үзнәйни,

Мәхбүбiм сiзге ғашық болғанымa,
Ташшаһһун екi иiнiмде мәләкәйни!”

- Бұ не деген сөзi болды екен?— деген сұрауға:

- Кiм бiлсiн не сөз екенiн,- дедi Мәшiк,- сонымен, ұзын сөздiң қысқасы, Ақан серiге қыз да ғашық болады. Шери екеумiз оқиғаның осы бiр жерiне кеп килiккен екенбiз.

- Дәл бұл сөздi мен естiген жоқ едiм,- дедi Таспай,- мен тек Щеридiң алып қашқанын ғана естiп едiм. Қалай алып қашып жүр ол ?

- Оның мәнi былай,- дедi Мәшiк,- қызға талай қимас адамдарын салып,ризашылық жауап ала алмадық. Не iстеуге бiлмей сандалған кезде, бiзге бiреу: “Мұның айласын бiр тапса, Есiлбайдың Шаймерденi³ табады. Ол - әрi осы елдi билеп тұрған адам, әрi Жансақалдың Жұсыбында өкпесi бар. Бiр жәрдемдесе, сол жәрдемдеседi”, - дедi.

Шаймергендi талай көргемiн,- дедi Мәшiк,- Торсанмен көңiлi де жақын болатын және екеуi күрдас та. Шаймергенге барып жолығып ем, күшағын жая кеттi. “Быкыған мал бiттi дегенмен, Жұсыпта қанша күш бар едi,- дедi ол,- ондай жаман немеге жалынбау керек, қыз риза емес деген сөз – сөз емес, қызығы – қызды алып қашу. Шериге сәлем айт, менiмен астыртын байланысып тұрсын да, ретi келген бiр кезде жiгiтiн әкеп, басып алсын да кетсiн”.

- Сол алып қашудың iшiнде мен де болдым ғой, - дедi Таспай. - Осы күнге шейiн обалсынам, қыз: “Ағатайлар-ау, ризалығы жоқ, кiсiнi қайда апарасындар”, - деп еңiреп тұрғанда аузын басып,

алдық та кеттік қой. Бейшара, көндікпей ме деп ойлап ем, тез-ақ көндігіп кетті.

- Көндікпегенде амалы нешік!- деді Мәшік.
- Әйтеуір құтылмасын білген соң, жылайды да көне береді...

- Ұзаққа созылған Мәшік пен Таспайдың кеңесін қысқартып алайық: Ұмсынды Шери алып қашуын кашқанмен, тура үйіне алып бара алмайды. Оның әйелі Ақлима Торсанмен дәрежесі тең Нұрқан деген кісінің қызы болады. Шеридің қыз алып келгенін естіген Ақлима қайынатасына: “Баласын тыя ма, болмаса маған төркініме қайтуға лұқсат бере ме?”- деп кісі салады. Бұл хабарды естіп, Ақлиманың төркінінен көп адам келеді. Жауға шыдай алмаған Торсан боп, ел боп Шериге Ұмсынды тастатады. Ұмсын қиын халде қалады: төркіні безінген, Шериден айрылған Ұмсын Торсанның ауылында сандалып қалып қояды. Со кезде жұрт оған: “Сен Шеридің інісі Бәкенге ти”,- деген ұсыныс жасайды. Бәкен ризаласады, екеуін ел сүймесе де қосады...

Бірақ бұл қосылу ұзаққа созылмайды. Жоғарыда аталған Күләмәй туғаннан кейін, Ұмсын шалықтанып, есінен айрылады.

Көлденең жұрттың бұған тағатын себебі біреу-ақ: “Бәкенмен қосылғаннан кейін де Ұмсын Шеримен жүрісін қоймайды, соған ерегіскен Ақлима дуа кылдырып, Ұмсын содан жынданады”.

- Расында,- деді Мәшік,- ұзақ кеңесін аяқтай келе, - оның жындануы дуадан емес, қайғыдан. Қайғырмай қайтсін: ел-жұртынан айрылды, Шери

зорлап алып кашты, онымен де қоймай, тастап кетті, барар жер, басар тауы жоқ сорлы, еріксіз Бәкенге қосылды. Оны жұрт “бұзылған жүзі қара” деп көзге түрткі қылды, безініп, жоламады. Осындай, айналасы тегіс жау боп, жалғыз қалған бейшара кітапты ермек қып оқитын да отыратын, оқыса, жылайтын да отыратын. Сондай ауыр қайғы жындандырмай қоя ма оны!..

- Жынданғанда да, ауыр жынданды ғой, деді Таспай,- еркек болса, бір сәрі, әйел бейшараның жынданғаны да аянышты екен. Үсті-басын жұлып, шыдатпай, аузына келген сөзді айтып, жұрттың мазасын кетірген жоқ па?

- Ерте демей, кеш демей,- деді Мәшік,- мезгілсіз уақытта байбалам сап жылай беретін болды ғой, бейшара. Содан безер қылды ғой жұртты, әйтпесе, кейінгі кезде залалы тиген жоқ еді.

- Жансақалдың үйі жынданған қызын қалай алып кетті?- деп сұрады Таспай.

- Еркек жақтарының әкеткісі келмесе керек,- деді Мәшік,- шешесі кеп әкеткен көрінеді. Үйіне барған соң, бейшараның есі кіресілі-шығасылы күйге түсті. Бірнеше күн сап-сау жүріп, ара-тұра бұзылып қалады деседі. Сау күндерінде кітап, құраннан көзін алмай, намаздан басқа уақыттарын соған ғана бөледі деседі.

Сөзін осылай аяқтап келген Мәшік үлкен, кірпігі ұзын, қабағы қалың көзін маған аударып қарап:

- Ұмыснның жайы осылай, бала,- деді. Біз, тегі, Жұсыптың өз үйіне түсерміз. Ол үйге кештетіп

барамыз, түнде көре алмассың. Таңертең тұрған соң, ат суарып кел де, қай үйде отырғанын біліп, барып көр. Қызының сәлемдемесін бер. Ауыл үйді сұраса, білгенінді айт. Бірақ Шери бар дей көрме, есіне өткен күнін түсіріп, бұзып аларсың.

Жұсыптың үйіне біз ымырттатып жеттік. Оның үйі расында қазиналы екен. Ішіне тай шаптырарлықтай кең.

Мен түнде тиышсыз ұйықтадым, оныма себеп,- шамды сөндіргеннен кейін, саңлаусыз қараңғы үйдің ішінде, жатқан төсегімнің қасында жынды біреулердің бейнесі елестеді де тұрды...

Талығып барып ұйықтағандықтан, көп жатып қалсам керек, біреу түрткенге басымды көтерсем, осы үйдің жалшы баласы екен, түндік ашылған, үйдің іші түгел тұрған, баладан басқа үйде ешкім жоқ. Күн шаңырақтан қарап, биіктеп қапты.

- Саған ат суарсын дейді,- деді бала.

Киініп, далаға шықтым. “Киім” дегенде, менің үстімдегі: қамзол-шалбарым да, көйлегім де, сыртқы шекпенім де, аяғымдағы қисық табан шегірен етігім де түгелімен Таспайдың баласы Қанапиянікі. Бұларды беруге қимай, Қанапия жыламсырағанда:

- Жылама,- деген Таспай, баласына жекіп,- мен емес, әлгі Мәшік ағаң осы балаға жабыса қалған. Ертпегей едік, ерткен соң, жат елге тырдай жалаңаш қалай апарамыз? Киіп, барып қайтсын, шығарма дыбысыңды!

Қанапиядан еріксіз алып берген киімдерді маған кигізерде:

- Қасымызда боласын ғой,- деген Таспай,- бірақ бұ киімдерге не етікке дақ түсіретін болсаң, менен жақсылық таппа!

Таспайдың бұл сөзін мен үнемі есте тұтып, киімді баптап ұстап келе жатырмын.

Далаға шықсам, мені оятқан бала біздің екі атты жүгендеп әкеп, арбаға байлап қойған екен. Бұ бала кешеден бері мені айналдырыңқырап, сықақ қылғысы келіп жүрген қулау бала көрінген. Со қулығын ол әлі де кейбір сөзімен, дене қимылдарымен маған көрсетті де, ат суаратын көлдің жөнін сұрағанда:

- Осы бетке тарта берсең, жарқыраған көл жатады,- деп жөн сілтеді. Бір атты жайдақ мініп, бір атты жетекке алып, мен кете бардым.

Бала сілтеген жөнде қырқаланып белес тұрған. Со белестен әрі қарай ассам, жарқыраған кішірек көл жатыр. Шоқытыңқырап келген қалпыммен көлге түсіп кетпек боп ем, аттар жалтақтап жоламады. Семізден жарап келе жатқан аттарды еркіне қоймай, қыл шылбырменен сауырға тартыңқырап қап ем, көлге түсе кетті.

Көлдің шеті қорыстау, батпақ сияқты көрінді маған. Оған мен қарамай, аттарды тағы да ілгері айдай бастадым. Таяқтан қысылған сайын аттар тереңдеп бата берді...

Аздан кейін аттар қимылдай алмастық халге жетті.

Не істеу керек?

Сазда тұра беруге болмайды. Аттың үстінен түстім де, жаяу жетектемек болдым. Енді өзім батып барам...

Маған қиыны екі етігім болды: сазға кірген етіктер әлденеге тістесіп тұрып алады да, қонышынан қолыңмен тартпай шыкпайды...

Сол азаппен ес кетті, жан шықты дегенде жағаға жеттім-ау!.. Денемде де, киімім де сазға былғанбаған тинақтай жер жоқ...

Жанталасқан аттар да кабырғасынан жылжып, сазды есіп отырып, әрең дегенде жағаға шықты... Со кезде манағы қу бала да жайдақ атқа мініп шауып келді.

- Ой, мұрныңды... - деп ол мені боқтай келді. – Мен сені көлге қарай сілтесем, сорға кеп түсіп кеткенің не қылғаның? Қайта, шыққансың, түбіне батып кетпей!..

Мені оның алдап жібергенін біліп тұрмын. Бірақ не істейсің оған! Әлім жетпейтін жасы үлкен бала!..

Бала біраз күліп алды да, мені мүсіркеген боп:

-Саған обал болған екен, - деді, - мына қалпыңмен ауылға қалай барасың? Аттарды да жуу керек, киімдеріңді де жуу керек. Суы тұщы қайраң көл бар, жүр, барайық соған!..

Бала шаба жөнелді, мен де артынан жөнелдім.

Көл расында да қайраң екен. Аттар суға қанғаннан кейін, бала екеуміз тазартып жудық, мен киімдерімді жудым.

Мана сазға кірген етікті қонышынан тартып жүргенде, екі ұлтаны суырылып қалып қойыпты.

Бұл арада бала мені аяудың орнына, ұзыннан өші, қысқадан кегі бардай: «Оқасы жоқ, тірі болсаң, етік табылмас деймісің», - деп мазақтап, қарқылдайды да күледі...

Ауылға барар бет жоқ!.. Бармағанда, қайда барасың!..

Не хал болғанын жорамалдағандай, менің серіктерім де тиышсызданып тұр екен. Біздің қарамызды көрген соң, олар қолын бұлғап шақырды... ұялсам да келдім-ау!..

Олар мені аттан түсіріп, «не болды, не болды?» деп сұрай бастады. Сонда қу бала тұрып:

- Мынауың бір қара басып жүрген бала ғой, өзі, - деді серіктеріме, - көл деп сорға түсіп кетіп, өзі де өле жаздапты, аттарын да өлтіріп ала жаздапты. Әрең шығарып, көлге апарып жуып қайттым.

- Не дейді, - деп Таспай ызғарланған кескінмен менің киімдерімді қарады да, ұлтансыз екі етікті көрді.

- Қап, бүлдірген екенсің ғой, - деп Таспай мені сабамақ болып еді, мінезі жұмсақ Мәшік:

- Ұят болар, жат жерде, баланы бақыртып сабап жатқаның. Ештеме етпес. Осы ауылда етікші бар шығар, табандатып алармыз, - деп арашаға түсе кетті. Таспай:

- Қап, сен қырсық па, сен қырсық!.. – деп түсін суыта, саусағын безеді де қойды.

- Кешегі орамал мен сақинаң бар ма? – деп сұрады менен Мәшік.

Қарасам, орамал орнында екен, тек малшынудан бояуы шығып кеткен екен.

- Тез кептір. Сөйт те, апарып бер. Кешікпей жүреміз. Өзі Тілемістің отауында көрінеді,- деп Мәшік маған ақ үйдің біреуін нұсқады.

Етігімді ауылдағы етікшіге ұлтандатуға апарып бергеннен кейін, манағы қылығыма бетімнен отым шыққандай, мен сәскелік асқа барған жоқпын.

Қонақтар мен үй иесі асқа отырған кезде, мен “Тілемістің отауы” деген үйге келдім. Ақкигізді, баулары әшекейленген өрнекті отау. Түріліп қойған кигіз есіктен сығалап қарасам, отаудың іші тамаша жасау. Төрге жинаған әр түсті жібек көрпелер, көк барқытпен тыстаған мамық жастықтар, теңдеп буған кілемдер, үйдің ішкі баулары да, басқұр, таңғыштары да кілемдей өрнектеліп тоқылған. Оң жақта үстіне ақ масақана құрған ақ никельді кровать, оның үстінде өрнектері ғажап жабу...

Осы кровать пен төрдегі жүктің екі арасындағы кезеңдеу жерде менің көзіме қайран қаларлық ғажап көрініс ұшырай кетті: ар жағында керегеге сүйеніп, адамның бойынан биік айна тұр... Сол айнаның бер жағында шаш сияктанған бірдеме түрегеп тұрған адам бейнелі әлдененің төбесінен жерге төгіліп тұр!.. Ішінде әлденемеңе бүлкілдейді!..

Не нәрсе бұл?.. Адам дейін десем,- мұндай ұзын және қалың шаш бола ма!.. Адам емес дейін десем,- неге жанды мақлұқтай қимылдайды ол!..

Демімді іштен алып, қайран қап тұрғанымда, ықтиярдан тысқары жөтеліп қалдым... Сонда

әлгі зат бері қарай бұрылды да, жаңағы төгілген шаштың орта кезі қақ айрыла берді... Қарасам, әйел!.. Екі қолымен шашын кейін қарай сілкіңкіреп тастаған ол, мені көрді де, төгілген шашын иығына салып, басына жұқалау ақ шәліні жамыла қойды. Сөйтті де:

- Келе ғой, шырағым,— деді маған.

Қиссаны көп оқыған және ғашықтық қиссаларда талай сұлулардың сипатын кездестірген, солардың ішінде перінің не хор қыздарының сұлу сипаттарың оқыған маған мынау әйелдің қасында олардың бәрі сұлу емес сияқтанды... Соның дөңгелене біткен аппақ, жұп-жұқпа бетіне, мандайдан тура түскен тіп-тік қыр мұрнына, үлбіреген жұқа еріндері мен оймақтай аузына, ұзындау біткен аппақ мойнына, тостағандай мөлдір қара көзіне, қайқая біткен ұзын қара кірпігіне, қиыла біткен қою қара қасына, кең мандайына... дене құрылысы да лайықталып жаралған сияқты: орта бойлы, кең кеуделі, тар мықынды, тіп-тік, әдемі дене!..

Әйелдің сұлулығына есім шыққандықтан, оның кім екенінде жұмысым болған жоқ, күмістей сыңғырлаған дауысымен “келе ғой, шырағым” деген соң, үйге кірдім. Әйелдің маған бірінші сөзі:

- Қақаң ауылының баласымысың?¹

- Ие,- дедім мен.

Әйел кроватиның алдына отырды да, қасымда кімдер барын қысқаша сұрап ап:

¹ Торсанды біздің. ел «Қақаң дейтін.

- Қақаң үйінде болғаның бар ма?- деді.

- Болдым,- дедім мен.

- Онда Күләмәй деген қызды білемісің?- деп сұрады әйел.

Білмегенімді білемін дей алмадым мен. Сол арада орамал мен жүзік есіме түсіп, қалтамнан суырдым да, қолына ұстата бердім.

- Бұ не?— деп сұрады әйел.

- Күләмәйдің сәлемдемесі,— дедім мен.

Әйел орамалды сабырмен ғана алды да, аппақ ұзын, нәзік саусақтарын майыстыра жүзік ораған түйінді шешті. Сөйтті де, жүзік пен орамалға қарап отырып:

- Ол қыз бұл орамалды жылап берді ме?- деп сұрады менен.

Мен жауап бере қоймап ем: - Ұйпаланыпты ғой мынау орамал, су болған орамал ғой,- деді.

Әлгінде көлде су боп, далада кептіріп алғанымды айтқан жоқпын.

Сонан кейін үнсіз тұнжырай қалған әйелдің кескіні жел үрлеген судын, бетіндей қимылдай бастады... Жылағысы келіп қалғанын көріп тұрмын... Ойымда “Ұмсын осы” деп жорып тұрмын...

Ұмсынның нақ қасында гүрси ағашқа бетін ашып салып қойған сарғылт қағазды құран тұрған. Ар жағында жақтаулары ойылған сүйектермен әшекейленген шкаф, оның ішінде қырынан қаланған жуан-жуан кітаптар... Бұндай жуан кітаптарды менің өмірімде бірінші рет көруім.

Түсі құбылып кеткен Ұмсын, жанында тулаған толқынды басуға себеп болар ма деген адамдай, дірілдеген қолдарымен қасындағы құранды ала берді де, көтере алмағандай орнына қайта қойды. Содан кейін қызынан келген қызыл жібек орамалмен бетін баса қойды да, ал өксіді кеп!.. Бүкіл денесімен жылағандай, оның тұла бойы қалшылдап кетгі!

Мен қайран қап, қасында түрегеп тұрмын... Сөйтіп тұрғанымда, өксіп жылаған әйел күліп қоя беріп, маған аса қорқынышты кескінмен тесірейе қарай қойды... Енді менің алдымда манағы жұмақтан келді ме деп жорыған хордың қызы емес, сипатынан жан түршігетін албасты елестеп кетті... Мен тұра қаштым... Әйел мені тұра қуды...

Сасқалақтап, есіктен шыға алмай жүргенде, әйелдің қолына түсіп қалар ма ем, қайтер ем,- егер жаулықты жас әйел сол сәтте есіктен кіріп келмесе. Әйел жыңдыны құшақтай алды да:

- Қалқам-ай, не болды саған?- деді.

Мен есіктен зып етіп ата жөнелдім.

Артынан білсем, Ұмсын сұлу осы әйел екен.

Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов бірігіп Ұмсынның трагедиялық жағдайы туралы «Ақан – Зайра» атты пьеса жазған екен. Сірә, Сәбит Мұқановтың айтуымен Мұхтар Әуезов жазса керек. Әрине, бұл шығармада артық кеткен жерлер көп. Дегенмен оқырман жұрт білуі үшін, пьесаның кейіпкерлер тізімін және 1-ші суретпен, 5-суреттен үзінділер беруді жөн көрдім. Сонымен қатар пьесаның соңында редакция жазған түсініктемені де қостым.

Мұхтар Әуезов

АҚАН – ЗАЙРА

Ақындар, әншілер өмірінен алып жазылған 6 суретті күйлі пьеса.

Адамдары:

Ақан – ақын, сері, әнші.

Зайра – Керей ішіндегі азырақ рудың байлау бір жерінің қызы. Мұсылманша жақсы оқыған, хиссашыл.

Шаймардан – қыз ағасы. Зайраның иесі де сол.

Біржан, Ыбырай, Нұржан, Шолақ – Ақын, әншілер. Біржан кәрі ақын. Өзгелері бір құрбылас жастар Нұржан шарғи кітапшыл, молда сөзді.

Шери – Торсан байдың саудагер баласы.

Торсан – Қырда саудасы мол жүрген, тұрмысы қалашалау, саудагер бай.

Ақлима – Шеридің үлкен қатыны.

Айша – Шеридің қарындасы, қалаға аралас. Азын-аулақ орысша біледі.

Бәкен – Торсанның кіші баласы. Әке ығындағы үндемес бала.

Төре – Абылай тұқымы, орысша офицерлеу. Ояз тілмашы.

Ояз – Торсан, Шери тамыры.

Қулар – Торсан ауылының әртүрлі кем-кетікті мазақ етіп, бай ауылын күлдіріп жүретін қулары. Сақау, қыли, сыбызғышы, бәйітші...

Ботпай – Торсанның әрі туысы, әрі ақылшысы.

Досмұхамбет – Торсан балаларының ақыны. Шарғи кітапшыл.

Алтынай – Зайраның шешесі.

Бәйбішелер, бөгде адамдар, қыз-қатын, нөкер жігіттер, бәйге атқа шапқан балалар.

Бірінші сурет:

Аздан соң алды жүгіре, ойнай күліп көрініске шығады. Топ ортасында Зайра. Қасында қыз-келіншек, араларында домбыралы ақындар, сал жігіттер. Бұл топта Нұржан, Ыбырай, Шолақ бар. Бұлардан оқшауырақ екі домбыраның үнін қосып, Ақан мен Біржан шығады.

5-ші сурет:

Сахна бір отау, бір үлкен үйдің жартыларынан құралған. Араларында алаң бар. Отау Шеридің үлкен әйелі Ақлиманікі. Сонда Айша, Ақлима. Үлкен үйде Торсан. Оған Бәкен қымыз сапырып беріп отыр.

Көрінісі:

Торсан: Бір қырсық үшін Ақлимаман айырылып құтымды шайқаушымен? Ақлимадан басқа келінім жоқ оның төркіні менің асқар белім.

Құтырмасын, құдайын ұмытпасын Шери... Кергі жоқ.

Торсан Бәкенге: Болды. Шырағым, басымды пәледен құтқар. Осыны, тіледім сенен. Сен ал.

Түсініктер:

«Ақан-Зайра» – Сәбит Мұқановпен творчестволық бірлікте дүниеге келген туынды. Жазушы архивында пьесаның араб әрпінде жазылған қол жазбасы мен латын әрпінде машинкаға басылған нұсқалары бар. Екеуінің арасында бірлі-жарым түзетілген, қысылған, өшірілген сөздер болмаса айтарлықтай айырма жоқ. Пьесаны (либретто делінген) жазушының өзі орыс тіліне аударған. 1936ж. 17 майда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған үзіндісінен басқа ешқайда жарық көрген емес. Ескере кететін бір нәрсе: қолжазбада Зайра есімі бір-екі-ақ жерде кездеседі, ал қалған тұстың бәрінде Ұмсын болып жазылған. Жарияланған үзіндіде де, латын әрпінде машинкаға басылғаны мен орыс тіліне аударылған қолжазбада да Зайра деп алынған және шығарма атауы да – «Ақан-Зайра». Солардың бәрі ескеріле келіп, араб әрпінде жазылған қолжазбадағы Ұмсын емес, басқа нұсқалардағы Зайра алынды.

Ғабит Мүсірепов

ҰМСЫН ТУРАЛЫ

Жерлес жазушы Ғабит Мүсірепов те бала кезінде Ұмсынды Торсан үйінде көрсе керек. Сол көргенде-ақ ол Ұмсынның ғажайып сұлулығына қайран қалады. Оның Торсан үйінде көрген қорлығы да, кітапты көп оқитындығы, білімділігі де жас Ғабиттің есінде қалады. Міне, осы жайлар өмір бойы Ғабиттің есінен кетпейді. Ғабен қазақтың үш асыл қызы: Ұлпан, Ұмсын, Майра туралы, олардың трагедиялық өмір жолы туралы көп ойланып, көп толғанған. Осы үшеуі туралы шығарма жазып жас ұрпаққа танымдық ретінде тапсыруды ойлайды. Ақыры 1975 жылы «Ұлпан» повесін жазып шығарады. Осы повестің соңында Ғабен былай дейді: «Менің ойыма өз заманынан бұрын туып, арманда кеткен үлкен жанның бейнесі біржола ұялап, шегеленіп қалды. Қанша жыл ойымда жүрсе де, қашанғы әдетім бойынша кешігіп жарық көрген «Ұлпан» сол бейнеге, сондай бейнелерге арналады». (Ғ.Мүсірепов. Ұлпан. Повесті. Алматы «Жазушы» 1975, 242-бет).

Әйгілі әнші Майра Уәлиқызы Шамсутдинова туралы Ғабен 1981ж. 27 ақпанда «Атақты әнші Майра» атты әңгімесін «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады. Кейін оны жөндеп, толықтырып, 1982 жылы «Майра» деген атпен жеке кітап (сувенирлік басылым) етіп шығарды.

Оның ендігі арманы Ұмсын туралы кітап шығару болған екен. Ғабеннің бұл арманы туралы

біз Ғабеңмен соңғы 15 жыл бірге тұрған соңғы жұбайы Ғазиза Бисенова апамыздың «Жалын» журналының 1987ж. №1 санында, жарияланған «Жомарт жүрек жылуы» деген естелігінен байқаймыз. Осы естелігінде Ғазиза апай былай дейді:

«Жат қолында» романын тамамдағаннан кейін Ұмсын атты қыз төңірегінде жиі айтатын болды. Шет жағалатып білгенім – Ұмсын Ұлпанның заманында өмір сүрген көзі ашық, көкірегі ояу сауатты адам. Сол кездің өзінде алыстағы Александрия қаласында оқып білім алған. Елге оралған соң біліміне сай орын таба алмаған. Европа мәдениетімен қысқа көйлек киеді, басына орамал салмайды. Ел арасында көзге шыққан сүйелдей күн кешкен оның бұдан кейінгі өмірі өксікпен өтеді. Бұл бір қайғылы тарих болса керек. Ол мен үшін қаламгер Ғабеңнің көз жұмғанға дейінгі арманы, қарындашының ұшында қалған болашақ шығармасы сияқты болады да тұрады».

Ғабеңнің Ұмсын туралы кітап жазуды армандап, дайындық жасағанын біз оның әр түрлі мағлұматтар мен бірге келешек жазатын шығармаларына керекті жоспар мен мәліметтер жазған күнделіктерінен де көреміз. Енді сол күнделікке Ұмсынға байланысты Ғабеңнің әр кезде жазған ойлары мен жинаған мәліметтерін сол қалпында келтірейік:

Ұмсын:

Самай руы Жансақал баласы Жүсіп қажының қызы Ұмсын. Ағасы Тілеміс⁴ – зергер, өрімші, тігінші адам. Жүсіп әуелі Абылаймен (Рамазанов) бірге Мекеге барған. Ескендрияда (Александрия)

түбі қыпшақ, Бейбарыс нәсілі Астад Махмудимен танысқан. Оның жаңаша орта мектебі бар екен. Ұмсын кейін сонда барып оқып қайтады. (237).

Ұмсынға:

1. Бұл Клеопатра⁵ шомылған бассейн екен. Ұлы Ескендір⁶. Юлий Цезарь⁷. Помпей⁸ мен Антоний⁹ шомылған бассейн екен. (бала осыны зарлап айтады), (бала болмас, әтек күзетші болар-ау-Ғ.М.).

2. Қарындасының ояң-ойпат, дөң-дөңкес жерлерінің бәрі танылып тұр. Қызыл жібек шомылу көйлекшесі денеге жабысып, сұлулық-сипатын да, дененің бар бітімін де жасырмай тұр. Ағасы...

Мен жуынып, киініп келейін (Ұмсын кетті).

3. Қара шашты, сарғылт шашты қыздар енді көрмеген адамға таңырқанып қарап тұр кесек денелі, киім пішімі жат, кара мұртты т.т. ...жас жігіт... Бұл Тілеміс¹⁰.

Ұмсын:

Ұмсын Жансақалов Жүсіптің қызы (Есіл бойындағы Самай) – 1885ж. туған¹¹. Ағасы (?) – Тілеміс зергер ағаш шебері. Ғашық жігіт Нүрке Тоқтабаев, Кішкентай Жолке баласы.

Бірі сері, бірі азулы. Нүрке – 1876ж; Кішкентай – 1885ж. туған.

Шериаздан Торсанов. Ақлима Нұрқан қызы.

Бәкен (Ұмсынды осыған қосады). Торсан.

Ұмсын Александрияда 5 жыл оқып келген¹².

«Кәрі қыз».

Үш мінез.

1. Ұлпан.

2. Ұмсын.

3. Майра.

1. Ұлпан – Есеней.

2. Ұмсын – жынданбаған, өмірден баз кешкен, әдейі жынды десін деген. Адамға көрініп, аяушылық күтпеген, өз еліне қайтып көрге кіріп жатуды ойлаған. «Өлімнен ұят күшті» (248).

Ұмсын.

(Повесть)

Ұмсын Жүсіп қызы, шешесі Қарашаш (Қареке атанып кеткен. Ұмсынның 7 жасында өлген). Шойман Жүсіптің шешесі, Жансақалдың әйелі, болыс болған адам.

Патшаның Анастасия деген қызы туған жылы Самай болысы Анастас болысы атанады. Шойманды жеңген Нұрғожа¹³. Анастастың атын білмей қалады. Шери айтып жібереді. Содан Шери болыс болады.

Шойман кемпірдің Ұмсынды Шериге беруге салмақ салғаны осыдан (Шери қыр Самайды бөлек болыс етуге уәде береді).

Ұмсын 1908ж.24-те.1884ж. туған,1917ж.өледі).

Ұмсын – Надежда, ағасы – Тілеміс – (1880-1962) өрімші, зергер, ұста, киім тігеді, етікші, ақылды, зерек, оқымаған адам¹⁴.

Ұмсынды алғаш айттырған Нүрке Есілбай баласы. Ұмсынның ғашықтары. Ғалиянұр, Нұрғожа¹⁵.

1

Ұмсын

Екі бәуеске, алты тарантаспен жас келінді алып келе жатыр. Ақлима Нұржан болыстың қызы, қасында қыз-келіншек, бала-шаға. Жас келінді қарсы алуға шығыпты.

Екі жеңгесімен келіншек, үлкен топпен шыққан Ақлима қарама-қарсы келе жатыр.

Шашу - өрік-мейізді, қант, конфет, құрт, бауырсақ... бір кезде түйенің құмалағымен атқылады келінді.

Күн де жауып, қатты күркіреп шелектеп жауып кетті. 9 жасар Айша келінді аяп, екі қолын керіп тұра қалды. «Тимеңдер! Ағама айтам».

Ақлима тобы оған қараған жоқ. Атқылап жатыр, атқылап жатыр. Жас келін бүрісіп қалды.

Бұл келіншектің аты Ұмсын еді.

2

Александрия. Море, пляж.

Баспалдақпен бір көркем жігіт түсіп келеді. Ақ киімді, қара тебетейлі. Бұл Клеопатра мен Антонийдің пляжі. Бұл...

Қызыл купальник киген қыз жүгіріп келіп ағасының мойнына асылды. Ұмсын осы қыз. Ағасы өрімші, ағаш шебері, зергер, палуан, әнші Тілеміс. Шомылып жүрген қыздар қоршап алды.

- Біржола кеткенің бе?

- Мына жігіт күйеуің емес пе?

3

Ұмсын Қызылжар медресесінде. Әл-Азжар. Мұхамед бин Вағиф мектебі. 12 фән, Қожылдық. География. Тарих. Тіл. Әдебиет. Есеп. Дүние тану.

4

Шери пленный. Задержан 20 қысырақ в Мендіғаре. Шақан у Мінайдар. 20 лошадей конножавойника – Жуан – Хохола. Он нажимает на Торсана.

Нұрқан мен Мінайдар – құда.

5

Ақлима Нұрқан қызы. Ол өзінің үстіне Ұмсынды алдырар емес. Шери Самай баласы, атқамілерлердің аузын алып, Ақлиманы жіберіп, Ұлпанды алмақ. Жібереді жай сөз, тұра келе екі әйел сыйысып кетер деген. Ол болар емес.

Нұрқанның жігіттері Сыбанды қоршап алып тұр.

6

1. Шақан Торсан ұлы Уақ болысы.

2. Шерияздан Торсан ұлы Самай болысы.

3. Арап Торсан ұлы Сыбайдың ең байына күйеу болды.

4. Бәкен Торсан ұлы. Ұмсынды осыған атастырды.

7

Бітімі Ұмсынды Бәкенге, Айшаны Мінайдар баласына. Ұзамай Шақан жарылып өледі.

Шақан өлімі. Нұрқан жігіттері Торсан ауылын қамап алып тұрған күндері. Жуан – Хохол жылқымды тауып бер деп әлек салып жатқан күндері. Торсан Исақанды Мінайдарға жұмсаған. Қолға түсіп қалған екі жігіті – Шөкен мен Терістанба – қағазға ілініп босаса екен, орыстың малын қайырып берсе екен, деген.

Мінайдар Шақанды 3 күн қабылдамады, 4-ші күні Шақанның жегіп барған аттары жоғалып кетті (Мінайдар мен Нұрқан Қостанай уезіне қарайды. Торсан, Самайлар Қызылжар уезіне қарайды).

Шақанның өзі көрген қорлығы, қызын еріксіз айттырғандары – Шақан жарылып өледі.

8

Айша құдалығы.

20 құнан Торсанның алған қалың малына қосылады. Мінайдар енді 80 мал береді. Болды!

Келесі сайлауда Шериді Самайлар түсіріп тастады, Ұмсын. Шери. Бәкен. Ауыл жігіттері. Бәкен – Шери – Ұмсын қыз туды. Әке кім?

«Жынданған» Ұмсын, жаны ашыған Ақлима, Айша.

Жынданған белгілері:

Жалаң бас, жалаң аяқ отырады, түзге құман алып шығып, суға киімшең түседі, кейде сихр оқиды (Араб жырлары) Ләйлі-Мәжнүн. Омар Наям, Софы Аллаяр. Араб-Фарси тілінде бір сандық кітаптары бар екен!

Жынданды дегенге әуелі Ұмсын намыстанып жүруші еді. Енді осы ауылдан құтылу үшін өзі

жынданған белгілерді ойлап тапты. Сарнау шығарды. Он жасар Айша мәсі киіп жүруші еді, оған кейде жалаң аяқ жүруді үйретті. Кешке ауыз шаю.

Ұмсын жынды атанды.

Еліне қайтуы. Ақан сері. Баспасөз жігіттері. 1917 жыл.

Ұмсын 30-31 жастарында әуелі өкпе ауруына, одан кейін сүзекке ұшырап өледі. Торсан үйінен соңғы рет қашқанда күзгі қара жаңбырлы суық екен. Екі түн далаға қонады. Амалсыздан, сол күні кешке Мұсабай қажының үйіне кездескен екен. Ол – көрдік-білдік демейік, жолыңнан қалма депті.

1913 жылы өлді. Ұмсын жоқтау айтты. 1917ж. Қашып келіп Ақан бейітіне жетіп өлген. Қатар көмілген. Қарсы-жаңбыр, ылғи түнде жүреді, күндіз адам көрінсе көлге түсіп кетіп қамысқа тығылады, қуғыншылар... іздеушілер... Көл жағасында іздеушілер... суық суда түн болғанша отырады. Түнде жүріп кетіп Ақан моласына жетіп құлайды¹⁶.

Революция

Бұл кезде Египет Түркияға бағынышты... Египетті Англия басып алса да, өзіне қосып алған жоқ. Египет Түркияға жылдық шығын (дант) төлеп тұрады. Хедив – мемлекет бастығы – Египет билеушісі.

Бұған дейін мектептер француздардың қолында еді, енді ағылшындарға көшті. Франц. қолында жеке мектептер, діни мектептер қалды...

1890ж. Бастап Александрияны халықаралық муниципитер билейді (8-том, Ист.19-века).

- Ұлпанды көмген жердің, не болмаса Ұлпанның аяғы басқан жердің топырағы құтырған шығар! – (Шери).

Әйелдерге білім беруді жақтаған, жүзеге асырған адам – Гулям Рифат-бей, Әл-Азхар универс. шыққан адам (1875ж. өлген).

1. Ұмсын өзінің бұл елге керексіз болып келгенін түсінді.
2. Сүйдім дегеніне сене алмады, оқыған романдар басқаша айтатын.

1. Ұмсын оқытушы болуға ұмтылып, Абылай арқылы мектеп аштырып еді, балаларға құран, намаз оқытпағаны үшін мектеп бір қыстан кейін жабылып қалды.

Күйеу келді (Нүрке Есілбай қажының баласы)¹⁷

- Таһатың (дәретің) бар ма депті жатар алдында. (Айтыс, тартыс, талас, айрылыс).

Ұмсын

Еліме пайдалы болармын деп ойлаған Ұмсын енді сол елге, сол заманға беделсіз екенін түсінеді, трагедиясы осында. Бақытқа сенбейді, бақытсыз өмір керек емес.

«Мен елімнің бар тіршілігінен жатсырап кетіппін, мен әкелген білімге аңсап отырған ешкім жоқ». (266)

Ақан сері – Ұмсын

Ақан 1913ж. 73 жасында қайтыс болған.¹⁸ Ұмсын 1917-1918 жылдың қысында 33-34 жасында қайтқан: өкпе ауруына сүзек қосылған. (Ақын Молдахмет Тырбиевтен алынған мәлімет).

Ақанның әр кезде Ұмсынға шығарған өлеңдері:

- Ақтангер әлде неге есінейді
Аққу ма, періште ме түсіне енді
Кезінде бағы тайған, дер кезі ауған
Күнінің не боларын түсінбейді.
Сап көңілі Ғайнен Хият бұлағындай
Мәңгілік қасірет тартса өкінбейді.
Ақтангер күй талғамас бәйге десе
Қаракөз тілек тілеп мөлдіресе
Алласы нағып мойын бұрмас екен
Күнәсіз қыз жүрегі шын тілесе.
Бақыт па, иә, қасірет пе – маңдайымнан
Бал тамар сөйлеп кетсең таңдайыңнан.
Сирател мұнтағаның ағашындай
Жұмақтың жаратылдың қандайынан?
Адамның бар сипатын көрер Ғайни,
Сайфун ғала рәсиуал, узнаини.
Бір сізге махаббатым барлығына
Тасшафуд екі иығымда малақайни.

* * *

Ұмсын Торсанның үйінен қашып кеткелі 4 жыл... 1917 жылы «бостандық, бостандық!» деп ел түгел айғайлағанда сорлы Ұмсын күзгі қара жаңбырда Қызылжарға тартады.¹⁹ Бұл кезде қаланы

ақтар алып қойған еді. Жолда ақтар оның екі атын тартып алып, арбасын далада қалдырады. Ауылдың бір қызымен, көшірімен мидай даладағы көлдің жағасына түнейді. Арба қалды, қарлы жаңбыр... суық өтіп, өкпе ауруы... 4 күннен кейін елге жетті. Жөтеліп келеді. Өкпе ауруы... сүзек болды.

Ұмсын Торсанның баласы Шериге ұзатылатын болып, үміт үзілгеннен кейін Ақан қызға мына бір өлеңдерін жазып жіберген.

Уаттури зайтун ағаш лағыл шашың,
Жұмақта фауақия ішкен асың.
Болғанда жаның жаннат, лебізің ләззат,
Қор болды-ау бір наданға ғазиз басың.
Не айтайын арашалар шамам қайсы,
Құрғамас өле-өлгенше көзде жасым.
Күн-түні қасіретінді бірге тартып,
Өлермін қуарғанша баста шашым.
Айтар ем бақытты бол Ұмсын-жан деп,
Айтпаймын, білгеннен соң ол болмасын!

«Тегінде Ақан мен Ұмсынның тілектері де, күндестері де, жауластары да көп болған. Сондықтан Ақандікі делінетін өлеңдердің ішінде сондай дос-қас қосқандар да бар сияқты» (Молдахмет Тырбиев, 1943 жыл).²⁰

Ұмсын Торсан баласы Шериге менің 5-6 жастағы кезімде ұзатылып келеді. 1908-1909 жылдары.

Басқа балалармен бірге сабақтан қайтып келе жатып Ұмсынды біз де қарсы алдық... Күн жауып

кетті. Шеридің әйелі Ақлима, қасында қыз-келіншек. Алдарында көк жібек шымылдық. Әуелі құрт, ірімшік, бауырсақ, бірер кәмпит шашты. Артынан ылғи түйенің құмалағын шашты: келіншекті атқылады, екі әйел қатты қимылдады. Біреуі Ақлима, біреуі Нұржамал деген әйел еді. Күн жауып кетті. Он жасар Айша Ұмсынды қорып, құлашын керіп оның алдында тұра қалды. (Тағы бір еске түсірірім).

Сонымен бірге Ғабен күнделігінде «Ақан трагедиясы» деген бір үзік ойын келтіреді. Онда былай дейді:

Ақан трагедиясы

«Ақан 50жаста, Ұмсын жиырма жаста.

Екеуі де бірін-бірі айтпай білдірмей сүйеді, арада отыз жас айырма бар.

1. Оңашада Ақан мен Ұмсынның өзіне-өзі айтар ғашықтығы, шер сөздері, теңеулері, сөз лептері біреу ғана. Екеуі де ақын, екеуі де қатты сүйеді, біріне-бірі айта алмайды, жалғыз, оңаша шерленеді.

2. Кездесіп қалғанда ортақ әңгімелері басқа тақырыптарда. Мұнда көзқарастары бірге шығады, сол арқылы сыр алысады.

3. Көбінесе, біріне-бірі ұрлап қарап, байқамай дене, қол тиісіп қалғанда дір қағады. Дәлел тауып басқаға бұрады.

4. Ұмсын Ақанның ән мен өлеңі бәсеңдемесін деп ойлайды. Ақан да Ұмсынға солай қарайды. Аяғында ақын қосылмауға бел байлайды.

Илья Жақанов
АҚҚУЛАР ҚОНҒАН АЙДЫН КӨЛ

Белгілі композитор, жазушы Илья Жақановтың осы әңгімесінің «Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы» бөлімінде Үкілі Ыбырай, Нұрке сері, Шынтемірдің Тұрғыны және Ұмсын туралы баяндалады. Ең алдымен Тұрғынның ата-тегін айта кетейік. Тұрғынның атасы Тауағаштағы Шағалақ Керей Шорман дуан (округ) кезінде старшина болған кісі екен. Өзі бай болыпты. Оның баласы Шынтемір мырза қобыз, сыбызғы, сырнай, домбыра, скрипка тартып ән салған. Ол да кейін сол Шағалақ елінде старшина болған. Шынтемір мырза Үкілі Ыбырайды тәрбиелеп Болатнай медресесінде оқытыпты.

Бұл әңгімесінде И.Жақанов қазіргі Айыртау ауданындағы Карасев совхозының «Бірлестік» бөлімшесінде тұратын суырып салма ақын, әнші Байжұман Ғабдуллиннің әңгімесін келтіреді.

«О, ол кез – Үкілі Ыбырайдың 35-ке ойнақтап шыға келген жалын лепті өрт кезі... Үкілі Ыбырайды ел қатарына қосып, бұлбұлша сайратқан ақын жанды Шынтемір мырза дүние салған. Шынтемірдің көзі кеткен сөң оның Тұрғын деген есті ұлы Үкілі Ыбырайды туған ағасындай көріп, қадірлеп ұстап, екеуі ірге бөліспей жүрген-ді. Тұрғын да әкесі сияқты ел ішіндегі сал, серілерді, ақын жырауларды, аңшы, саятшы, мерген, зергер ұстап, палуан жігіттерді маңына көп жиды. Оның қасқыр

алатын «Танакөз» деген бүркіті, «Қуйын» деген құмай тазысы болды.

Бір қансонар күні таң азанмен Тұрғынның үйіне Керей елінің ер көңілді сері жігіттері – Есенәлі, Мырзай, Қазыбек, Мырзатай сері, Тілеухан палуан, Үкілі Ыбырай, Нүрке сері, Оспанның Рахметі дейтін саятшы бар, бәрі ұмар-жұмар жинала қалады. Олар сол дуылдасқан күйі әлекедей жаланып, құстарын алып, итін ертіп, басымен алысқан алмауыттарын айқастатып Жалғыз Жамантауға қарай тартып отырады...

Ертеңнен кешке дейін созылады сол шулы шабыс... Қызыл жалқынданып күн батып бара жатады.

...Бүгінгі тамашаға мәз болған жігіт пірлері ердің қасынан, қанжығадан төмен салбырап жер сызған көкжал арланның терісіне мақтана көз тастайды қызыл түлкі де көздің жауы, ынтықтырады...

Аңшылар көлденең Есілдің теріскей бетіндегі Мерген²¹ деген жердегі Жансақал қажының ауылының тұсына келеді. Дүрілдеп, дабырласа күлісіп, әзілдесіп, бірін-бірі жұлқылай тартысып келе жатқан желікті топтан Үкілі Ыбырай мен Нүрке сері күбір-күбір сөйлесіп кейіндеп қала береді. Мұны байқап қалған Тұрғын ат басын тежеп: - Неге бөгелдіңіздер? – дейді.

Үкілі Ыбырай жымыып көзінің астымен Нүрке серіге қарайды. Тұрғын істің жайын түсіне қалды. Өзі білетін құпия еді.

-Ә, онда аруақ аттағандай болмайық. Қажының ауылына түсейік, - дейді, екі әншінің көңіл дітін, меселін қайтарғысы келмеген Тұрғын.

Тұрғын Нүрке серінің, әншілігіне тәнті еді. Оның көкейінде не барын аңдап та жүрген-ді.

Жігіттер құанысып, ат басын Жансақал қажының ауылына бұрады. Жансақал Самай Керейдің Мерген әулетінің²² жуан сіңірлі, ірі байы еді. Ол үш жүз кісі сиярлық үлкен мешіт ұстап отырды. Баласы Жүсіп те қажы. Осы Жүсіп Қажының Ұмсын атты періште пішінді сұлу қызы бар, ол Болатнай, Қызылжардағы, Троицкідегі мұсылман медреселерін тауысып, одан Египетте... Александрияда дін жолын қуып, сонда қалып қойған бай туыстарының қолында дін оқуын тамамдаған білімпаз жан. Нүрке сері ғашық еді, Ұмсын қызға.

Кім еді, бұл еркебұландай бұлғақтаған Нүрке сері?

Нүрке сері Таузар Керей ішіндегі Бертис биден. Әкесі Тоқтабай кезінде Біржан сал тобындағы алғыр ақынның бірі еді, ерте дүние салған, одан көп ұзамай шешесі Бәтиха да қайтыс болған.

Нүркені ағасы Омар тәрбиеледі. Омар да Біржан салға ерген әнші. Ол бір жағы Үкілі Ыбыраймен дос. Сондықтан, ол Нүркенің бетін қақпады. Оны әнге баулыды. Нүрке биік шырқады. Ол мінезі өр, қызу қанды жігіт боп өсті. Оның серілігі, шешендігі, мәрттілігі, беттілігі сол кезде-ақ елге аян бола бастағанды. Оның төңірегіне

қыздар үйірілді, жігіттер үйірілді. Ұмсын қыз оның осы қасиетін сүйетін-ді. Дін уағыздаған сұсы бар қажы ауылынан жасқанып Ұмсын мен Нүрке Есілдің сыңсыған қалың тоғайып жамылып, сұқты көздерге көрінбей жасырын ғана сыр шертісіп жүретін-ді.

Бұл жайды Тұрғын тобындағы жігіттер жақсы білетін. Үкілі Ыбырайға Ұмсын мен Нүрке Ләйлі-Мәжнүңдей көрінетін. Ол бұларға қызығып жүріп өзіне мәңгі арман боп қалған Кәкимасын – Гәккуін жиі еске алып аһ ұратын. Бұл Нүрке өзі әнші, өзі палуан, әрі мерген... жігіт пірінің жары боларлық Ұмсын қыз сүйген бір мұндық боп Үкілі Ыбырайды неше түрлі ойға салатын. Дәл осы бір сәтте де ол Нүркенің шалқығанын көріп, оған жақсы тілек тілеп ат үстінде тербеліп келе жатады.

Аңшылар Жансақал қажы ауылына кеп ошарыла түсе қалады. Жансақал қажы, қыз әкесі Жүсіп қажы, оның Қойбағар мырза деген баласы бәрі жол жүріп кетіпті. Қонақтарды Жансақал қажының бәйбішесі Ажар²³, оның келіні – Балтуған, Қойбағардың әйелі, Ұмсынның жеңгесі Әсем, Жүсіп қажының кіші ұлы Тілеміс қуана қарсы алады. Үкілі Ыбырай, Нүрке серінің келгенін естіп ауылдың кәрі-жасы лезде жиналады. Қонақтар жайғасқан соң Ажар бәйбіше сөз бастап:

- Әр келгенде бір көркейтіп кетуші едің, Ыбырайжан... қажы ауылы діндар ел, деп безіндің бе, кейінгі кезде ат ізін салмай кеттің ғой, - деп наз айтады. Ыбырай көргенді бәйбішенің бұл сөзіне разы боп сыпайы ғана күлімсіреп әлдене айтқысы

келіп ұмсына бергенде Тұрғын оның алдын орағытып: - Үкілі ағамыздың өрісі кеңейіп, ұзап кетті ғой, шешей, барар жері көп... сыйлы ауылдар, сыйлы жандар көп, бәрі күтеді әнін сағынып, - деді.

- Рас, Тұрғын шырағым, қажы ауылы дейді, бізді. Бірақ, осы отырған жұрт құран құшақтаған сопыдан гөрі ақын сөзін, әнші үнін сүйеді. Өзім де сондаймын. Келінім, қызым да солай, және Біржан сал, Ақан сері, мына Ыбырайжанның әндері... е, оған не жетеді, не?

Ажар бәйбіше жасында әнші-ақ болыпты. Тағдыр оны сал, серіге бұйыртпай қажыға... құлқуалланы күнде сұңқылдатқан бір пірадарға кез қылыпты. Жазмыштың ісі осы.

- Тұрғын сүйенішің, берекең бопты, Ыбырай жан. Тұрғындай арыстан Қарауыл елі сені қызғанбаса да болғандай, екен, - дейді Ажар бәйбіше.

Әп-сәтте дастархан жайылып, екі иінінен дем алып жез самаурын келеді бұрқылдап. Кешкі шыңылтыр аязда құрысқан денені ыстық шай лезде-ақ жадырата береді...

Шай ішіп болған соң Үкілі Ыбырай бүктемелі домбырасын алып, жаутаң көз жұртты қыдырта бір шолып өтіп өзінің «Гәккуін» сыңқылдатады, құдды бір айдын көлде сылаң қаққан аққу үні... ол қызына түсіп Біржан салдың «Он саусақ» әнін ағылтсын... «Гәккуді» үнсіз тыңдаған жұрт мына әнге келгенде ал кеп дүрілдесін...

- Поу, шіркін, арман-ай!

- Уа, дариға!

- Сөз-ақ қой! – десіп Үкілі Ыбырайды хан көтереді. Бір кезде Ақан серінің «Сырымбетін» созып тұрып алғанда әншінің кербез келбетіне сүйсінеді.

Кезек Нүрке серіге келеді. Оның үні Үкілі Ыбырайға өзгеше бір жан тынысындай сезілетін өзінің сүйікті шәкірті. Нүрке серінің әуелеп кететін биік үнінде жан біткенді тебірентетін еркелік наз бар еді: ол Үкілі Ыбырайдың арманмен аңқылдаған «Қаракөз» әніне басады. Ұмсын қыз ән біткенше үнсіз толқып, мөлдіреп қана отырады. Көздеріне көздері түйіскенде Нүрке серінің үнімен күрсініс лебі шыққандай болады. Мұны сезген Үкілі Ыбырай беті дуылдап, тұла бойы өрт боп жанып, шамырқанып, шырқап жібере жаздап өзін-өзі зорға тежей қобалжиды, іштей өзімен-өзі арпалысады; екі қолын қоярға жер таппайды: көзінен шұғыла тарайды, тіліне кеу-кеулеп бір қызулы сөз түйдегі келеді.

- Ә, шіркін, серілерім, аң қызығы да бір аһ ұрғызатын дәурен ғой! – дейді бір қария.

- Ол да бір оралмайтын махаббатың!

- Өтеді, кетеді бәрі! Түзге шығып, түзде сайрандаңдар, түге!

Шалдар күрсінеді, аңшылар жарқылдап, жайраң қағады.

- Нүрке, - дейді Үкілі Ыбырай үні дірілдеген күйі.

-Иә, Үкілі аға! – деп жалт қарайды ол.

-Сен орныңнан тұр да сыртқа шық...

-Шығайын, Үкілі аға!

-Жаңа жолшыбай соққан төрт түлкіні әкел де,
көзбе-көз терісін сыпыра бер.

-Иә, иә, - дейді Нүрке сері аң-таң боп.

-Сөз сол!

Әп-сәтте Нүрке де ып-ықшам боп білегін
сыбанып, лыпылдатып, түлкі терісін сыпыра
бастайды. Оның шапшаң қимылы, жайнаған жүзіне
қызыға қарап отырып Үкілі Ыбырай «Ахоу» деп
бастай жөнеледі. Тау аңғарынан лап ете қалған жел
боп гуледі бір тосын ән.

Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа,
Мінген ат шабуылмен танауласа.
Кигенің іші қызыл орман түлкі,
Құлпыртып жез сабаумен сабауласа.

Болғанда атың жарау, бедеу кату,
Жігітке лайық па үйде жату.
Серілік, жастық, ерлік ойға қонып,
Жігітке бұл бір дәурен дуылдату.

Қызыл жел көңіліңді қыздырмалап,
Тұрмай ма тағатыңды бұздырмалап.
Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы,
Үшеуі ер жігітке құйрық, қанат.

Ән тоқтаусыз ағылғанда шыдамсыз қызба
жігіттер:

-Айхай!

-О, қайран Ыбекең!

- Осындай да үн, осындайда екпін болады екен! – десіп ду ете түседі.

Үкілі Ыбырай сол шайқала шайқақтаған күйі демін бұзбай заулатады...

Тақтай бет, салыңқы төс, қамыс құлақ,
Бөп-бөлек ойынды еті тұрса құлап.
Жүйрікті бір досыңнан сыйға мініп,
Демалып төс ағашта жатсаң сұлап.

Бүркітің тұрса сонда саңқ-саңқ етіп,
Күтулі саятшымен бабы жетіп.
Қанды көз қайқы тұмсық қарауытып,
Ұмтылып көрінгенге тап-тап етіп.

Қарғылы тұрса тазың сылдыр қағып
Керіліп бір сілкінсе дүр-дүр қағып.
Ертемен аңға шығар мезгілінде
Алдыңнан жетіп келсе сылаң қағып.

Сол күні келе қалса аң құмарым,
Лепіріп соға қалса ынты зарым.
Бүгілтіп жылқыдағы жүйрік атты
Ертемен алып келсе малшыларын.

Итті алып, аңға шықса, құсты біреу,
Еріне алтын балдақ етіп тіреу.
Жігіттің бес күн жарым ғұмырында
Па, шіркін, болса деген бұл бір тілеу!

Үкілі Ыбырай жалпақ алақанымен домбыра шанағын шарт еткізіп әнді шарт үзеді.

-Жалғап жіберіңіз...

-Ән біткен жоқ. Рахмет саятшыны ғана атадыңыз...

-Қызығы енді басталды. Әнге қосылатын басқа адамдар да бар...

-Қызды ауылдың бүгінгі думаны ше? Соны қосыңыз!

-Бекер тоқтадыңыз! – деді таңқалған Тұрғын.

-Ең болмаса тағы бір қайырыңызшы, - деп қызынған Нүрке серінің қолында қызыл түлкі құлпырып тұрады.

-Айтар сөзді жұтпаңыз, Үкілі аға, дейді сылқ-сылқ күлген Ұмсынның жеңгесі Әсем де.

Үкілі Ыбырайдың қысық көзі шоқтай жанып, аң алған қырандай сілкініп, дүрсілдеген жүрегі кеудесін тепкілеп, өректіген көңілін күшпен басып, сыпайы ғана мырс етеді де домбырасын қасына сүйей салып, одан әрі әнді қозғамайды. Ән аяғы бітпей жұрттың мысы құриды. Мұның сырын елден бұрын Ажар бәйбіше сезе қояды да: - Жә, ән айтсаң жаныңды жеп айтасың, деген. Аянатын әнші бұйтпейді. Қані, енді шай ішілсін, - дейді.

Шай ішіп отырып Ыбырай Ұмсынға ұрлана көз тастайды. Әнге ден қойғанда ол аққудың көгілдіріндей үлбіреп, бір пәк келбетпен отырады екен. Нүрке серімен қарақат көзі түйісе қалғанда жүзінен бір жанды елжіретер мейірім нұры төгіледі...

Қыстың ұзақ таңына дейін тамашаға кенелген ауыл адамдары дабырласа алғыс сөздерін айтып тарап жатқанда Үкілі Ыбырай Ажар бәйбішенің:

«Тәңірім-ай не болар екен күндерің?» деген сөзін құлағы шалып қалады. Қонақтар да тысқа шығып кетеді. Үкілі Ыбырай төсек сала бастаған Әсемнің қасында бөгеле береді. Ол Әсемнің алдында еркін еді, қадірі бар еді. Әсем Ұмсын мен Нүрке серінің құпиясын біледі, оған тілектес. Және одан ол қорқатын да. Бірақ, Ұмсынның айнымайтын бетін көріп, оны қолдайтын. Нүрке серінің жаз дидарлы жігіт екенін айтып, кейде ынтықтырып та қоятынды.

-Ә, Үкілім, аң қуған аңшымыз, деп қыз аулаған ғашықтар боп шықтыңыз-ау, бүгін! – дейді Әсем бір түрлі қобалжыған үнмен, - қайдам, болжаусыз бір іс боп жүрмесе...

Арада бір жыл өтеді.

Нүрке сері үшін теріскей Есіл бойынан ыстық жержоқ. Ол салып ұрып жетіп келеді де тұрады. Есілдің мүлгіген көк тоғайы Ұмсын екеуін көздінің көзінен, сөздінің сөзінен жасырып бағады. Жан баспайтын нудың іші Нүрке серінің әніне, Ұмсынның күлкісіне тұнады. Екі мұңдық еш қаперсіз мәз болады, сыланып суға түседі, топ-топ шілікті айнала жүгіріп, тығылыспақ ойнайды.

-Ә, көз жазып қалдың! – деп Ұмсынның күміс күлкісі төгіледі.

-Айтпа ондай сөзді! – дейді Нүрке айналып-толғанып...

Жоқ. Ұмсынның айтқаны келеді. Көңілінде еш алаңы жоқ Нүрке сері сол ойнақтаған жиырма жасында бір күні айдалады да кетеді. Кінәсі – ата

қонысынан қуылып, помещиктерімен айқасқаны, болыстарға өшіккені.

Ұмсын шерменде боп отырып қалады, Нүрке серіден үмітін үзбейді. Әке-шешесі біреулермен құдаласқан болады. Ұмсын ешкімге, ешқайда міз бақпайды. Күндер өтіп жатады.

Күндердің күнінде алаяқ Торсан болыстың Шери деген шолжыңы Ұмсынды зордың күшімен тоқал етіп ауылына алып қашып келеді. Шеридің өз әйелі Балта Керей Нұрқан болыстың қызы, көк долы Ақлимаш балаларға түйенің құмалағын шашу ғып шаштырып, жанжалмен қарсы алып, ауылдан айдап шығады. Шери Ұмсынды безектетіп Марьевкаға апарып, сол жерде бір орыстың үйінде байлап-матап ұстайды. Ұмсын көнбейді...

Ел іші бүлініп, дау басталады. Дауда Торсан болыс Ұмсынның әкесіне қыруар айып төлеп, құдасы Нұрқан болыстың аяғына жығылып, атшапан айыбын беріп зорға құтылады. Бірақ арада жыландай сумандаған сұм билер, қисық сөзділер бұл істің аяғын көлгірсітіп, Ұмсынды жылатып, еңіреткен күйі Торсан болыстың жөні түзу баласы деп Бәкенге қосады.

Бұл – 1904 жыл.

Келесі жылы Ұмсын перзент көреді. Қызының атын Күлемай қояды... Күлемай туысымен Ұмсын жынданып кетеді.

Үш жылдан кейін Ұмсынды төркіндері көшіріп әкетеді. Ұмсынның дерті айықпайды. Ол айнаға қарап «Қандай сұлу едім» деп жылаумен болады, шымылдық ішінен шықпайды. Азапты,

күйзелісті он жыл өтеді. Бұл кезде Нүрке сері айдаудан келіп, Қызылжар, Көкшеге бабыз тауып, табан тірей алмай, Есілді өрлеп, Нұраны бойлап, одан Сарысуды сағалайды, Бетпақдаланы басып, Шұға, Сыр еліне қашып, жергілікті би-болыс, патша әкімдерінен бой тасалап жүреді.

Осы кездерде «Аңшының әнін» жер-жерде айтып жатады. Ән ұзақ бір дастан боп шырқалады.

Таулардан түлкі қашса бұлдыр қағып,
Соңынан құса тазы сылдыр қағып.
Рахмет саятшының дабылымен
Шайқақтап қыран ұшса бұлтты жарып.

Алғанда қыран бастан, тазы таңнан
Құтылмас қашқан түлкі қос қыраннан.
Жігіттің бес күн жарым ғұмырында
Мұншама қызық өтер бұл жалғаннан.

Ұзақ күн түлкі қуып тауды айналып,
Кеш болып, қараңғыда көз байланып.
Олжаны қанжығаға байлай салып,
Қонуға қызды ауылға ыңғайланып.

Желіккен сол көңілмен қайтқанда елге,
Мінген ат қарауытып батса терге.
Өлеңші, домбырашы қасында боп,
Кез болсаң қоналқада бұраң белге.

Аққұман, ақ самаурын тұрса қайнап,
Шай құйса Ұмсын бала көзі жайнап.

Келгенде қажы мырза үйде жоқ боп,
Отырса Нүрке сері күліп-ойнап.

...Тоқтабай әкең аты, Нүрке өзің,
Қосылар шын сұлуға келді кезің.
Ағаңа біз сияқты той жегізіп,
Қарғам-ау, бітірсеңші істің тезін.

Керейде ардақты інім, кемеңгерім,
Күнде ойын, күнде жиын жүрген жерің.
Несіне сәтті істен тайынасың,
Тұрғанда ағаң Тұрғын ардагерің!

Бұл әнді шымылдық ішінде шырмалған Ұмсын сұлу бірде күліп, бірде жылап отырып тыңдайды. Бұл әнді көрген қызығы оң мен түстей боп, туған жері көзінен бұлбұл ұшқан жаны жаралы Нүрке сері тыңдайды.

Үкілі Ыбырай осы әнімен жалпақ сахараға дабыл қағып сұңқарша саңқылдайды...

1915 жылы Нүрке сері көп сандалып Көкше, Қызылжар жағына қайта оралады. Бұл кезде оны қуғындаған біраз қаскөйлердің де көзі кеткенді. Ұмсынның айықпас дертке ұшырап, шерлі боп қалған аянышты халін көреді. Ұмсын Нүрке серіні бірде таниды, бірде танымайды. Шымылдық ішінде айнаға қарап қойып, сылқ-сылқ күліп жата береді. Нүрке сері қайғымен қан құсады.

Сол жылдың қара нөсерлі қарашасында ол дүние салады. Бір жыл өткен соң Нүрке серінің бейітін құшақтап Ұмсын сұлу да көз жұмады²⁶.

Уәлихан Қуанышев

ҚОР БОЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ СҰЛУ
ҚЫЗДАРЫ-АЙ!

Сол жылы Есілбай қажының баласы Ғабдырахман Троицкіде «Ғалия» медресесін тәмамдап келеді. Арабша, парсыша судай. Қадым мен Жәдид оқуын бітірген ғалым. Ғабдырахман оқуды бітіргенде, құрмалдық тойына шақырумен бардық. Сөз арасында Есілбай қажы мен Жансақал қажы бесік құда екенін білдім, - деді әжем.

Ұмсын сұлуды атастырған Ғалауетден деген баласын бірінші көруім еді²⁷. Өте сымбатты жігіт екен. Салдығы да киім киісі мен жүріс-тұрысынан көрініп тұр. Пресногорьковка қаласында орысша оқиды деген еді, отырғандар. Оқуын бітірмей қалыңдығын алатын түрі жоқ. Қалыңдығы болса Ғабдрахманмен бітіріп келіп жатқан көрінеді - деді, екіншісі сыбырлай. Оқысын өте зерек бала ғой, қалыңдығы қайда кетер дейсің дейді, тағы біреуі. Той тарқап, үйге оралғанда, бұрын қарым-қатынасымыз бар, ауыл арасы онша алыс емес, Жансақал үйі, оқу бітіріп келген немере қызының құрмалдық тойына шақырып кетіпті, келесі жұманың сәрсенбісіне. Есілбай қажы аталас болғасын және жиі қатынасып едік, ол үйге жайбарақат барған едім.

- Жансақал үйіне сән-салтанатпен барыңдар енді,-деді енем. Ибалы болыңдар, сыпайылық сақтаңдар, қыз қылығымен деген, алыстан шақырылған қонақтары көп көрінеді. Керей, Уақты

былай қойып, Атығай, Қарауыл, Қанжығалылардан шақырылғандар бар дейді.

«Күміс күйме» толы қыз-келіншектер, салт атқа мінген жігіттер болып, Қызылағаш ауылына жол тарттық. Желе жортып отырып, Қызылағашқа сәске кезінде жеттік. Алдымыздан салт атқа мінген жас жігіт қарсы алып, шеттеу тұрған сегіз қанат ақ үйді нұсқады: «Ұмсын отауында қонақ боласындар» деді.

Үш көк ат жегілген «Күміс күймедегі» қонақтарды Ұмсын өзі нөкер қыздарымен қарсы алды. Біз Кіші жүзден көшіп келген жылы туған бала, өрімдей қыз болыпты. Қыз болғанда қандай десенші! Уыз білек, ақ саусақ, қолын алғанда тұла бойым исініп кетті.

«Мынау аспанның ақ қанатты періштесі екен – дедім ішімнен. Көкте десем қор қызы, жерде екен ғой. Әкем марқұм Қыз Жібекті аузынан суы құрығанша сұлулығын айтып отырушы еді. Мен көрген Ұмсын қыз Жібектен әлде қайда артық көрінді маған. Сұңқардай көзі сүзілген, ақ бөкендей белі бүгілген, мойыны қудай үзілген, кер маралдай керілген Жансақал қажы ұлға бергісіз қызы алдымда тұр.

...Үйге кіріп, басқа қонақтармен амандасып жайғасқаннан кейін, Тулалық ақ самауырымен шай да келді. Жұрттың бәрі көңілді шай ішіп, дастархан жиылды. Дәм қайтарылды, ізгі тілектер айтылды. Ұмсын жеңеше деп маған той басталғанша жүріп келуімізді өтінді.

Қызылағашты жағалай келе жатырмыз. Қызылағаш саясына тігілген өңшең ақ боз үйлер, қара құрым қаптаған адамдар. Бір жерде домбыра шертіп, күй тартылса, бір жерде ән айтылуда. Сәйгүлік мінген балалар ерсілі-қарсылы шауып жүр. Той көрінісі көңіл бөлерліктей. Ұмсын болса ілгері жүріп, алыстай бергенді қалады. «Қыздың көзі қызылда» деген-ау, Ұмсын маған сауал қоюмен болды. «Күміс күйме» жайын айтып беруді өтінді. Әңгіме қызыумен ұзақ жүріп қалыппыз. Соңымыздан іздеп келген адам болмаса, әлі де біраз жерге барады екенбіз.

Кешікпей қонақтар да келіп жеткен көрінеді. Той басталғалы жатыр. Менің бар назарым Ұмсында. Қиғаш қабақты, ақ бөкендей тамақты, сөзі қандай салмақты, айдай сұлу, алма мойын сияқты. Қалыңдығын алмай, оқумен жүрген Ғалауетденге танданбасқа болмады. Ғалауетден болайын деп жүрген жігіттің арыстаны ел аузына ілігіп жүрген.

Иә, Ұмсын жанынан бір елі алшақтағым келмеді. Той үш күнге созылды. Бүгін палуандар күресі. Бірінші бәйгеге бір тоғыздан, үш күнгі сайысқа үш тоғыз. Ертең ат бәйгесі, үшінші күн ақындар айтысымен аяқталады...

Ұмсын бастаған топпен палуандар күресер жерге келдік. Алқа-қотан отырған үлкендер, жастар жағы түрегеп жүр екен. Басқарып жүрген Ұмсынның шешесі кілем төсетіп, бізді де шеттен орналастырды²⁸.

Палуандар күресі басталып, «Аруақ!Аруақ!» деген шулар көбейіп кетті. Жұрттың көзіне ерекше түскен Қанжығалының түйе палуаны болды. Ол ешкімге дес бермей, жығып сала берді. Ақыры оған қарсы шығар адам да болмай қалды.

- Керейде маған қарсы шығар ұл тумады ма? Неге үнсіз қалдыңдар? – дегенде, Ұмсынның шешесі: «Неге болмасын, мына менің қайныммен күресіп көр. астамшылықты алла да хош көрмеген», - деді. Осы кезде ортаға жауырыны қақпақтай, бұра санды, ортадан жоғары бойы бар бір сары шықты. Ұмсынның айтуынша, бұрын күреске түсіп машықтанбаған, бірақ қара күшімен кімді болса да тамсандырған көрінеді.

-Я, аруақ, ағайымды қолдай гөр! – деп, ол толқып кетті.

-Жігітім, күрескің келсе мені орнымнан қозғап көр! – деген түйе палуанның дауысы гүж ете түсті. Қойманның қолы палуанның иығына сарт ете түскені сол еді, ұстаса кетіп, бөрікше көтеріп алғанда, қара жер қыртысынан сөгіліп кете жаздады²⁹. Бие сауымдай айқасып, екі палуан бірін-бірі тізерлете алмады. Бір мезгілде күрес әдісін біле бермейтін Қойман қара күшке салып, түйе палуанды лақша көтеріп, тымақша алып ұрғанда, таудан тас құлағандай болып кетті. Түйе палуан орнынан тұра алмай жатып қалды. Осымен ұзаққа созылған палуандар күресі аяқталып, той кешкі жастар ойынына ұласты.

Екінші күні ат бәйгесі болатын болды да, алысқа шабатын 30 атты айдап, Ақсуат көліне

аттандырды. Күн қызғанша ат бәйгесі аяқталсын десті үлкендер. Жақын жерден шапқан құнан, тай бәйгесін қызықтап жатқанда, Ақсуаттан шапқан аттың да қарасы көріне бастады. Көздің ұшында жеке дара келе жатқан Самай Толыбай Шарықбайдың сары аты деген естілді³⁰. 50-60 шақырым жерден шауып келген сары аттың екпіні үй құлатардай еді. 1-ші, 2-ші күндердегі бәйгенің жеңімпаздары Жанбұра, Толыбайдың өздері болып екі тоғызды иеленді. Тойдың үшінші күні өткен ақындар айтысы өте қызықты болды. Бас жүлдеге Атығай-Қарауыл елінен келген Орынбай ақын ие болды.

Той тарқады, үш күн бауыр басып қалған Ұмсынмен қоштасу ауыр болды. Қайранкөлге дейін шығарып салды. Сөйткен Ұмсын сұлуды Торсанның балалары зорлап алып қашты дегенді естігенде, төбе шашым тік тұрып, «Қайран, Ұмсын-ай!», қор болған қазақтың сұлу қызы-ай!» - деп бірнеше күн аза тұтып жатып қалдым, - деді әжем.

Көзінің жасын көл қылған әжеме отырғандар уату айтып, Торсанға лағнет айтып жатты...

ҰМСЫН СҰЛУ

*Мен жаздым бұл дастанды әжеме арнап,
Дұғасын оқушы еді Ұмсынга арнап.
Келгенге Ұмсын шерін жыр ететін,
Отырып екі көзден жасы парлап.*

Екі бай бірі “Керей”, бірі “Уақ”,
Қоныпты бастарына дәулет пен бақ.
Қызықтап достықпенен жүргенінде,
Болыпты әйелдері екіқабат.
Жанбура, Керей Жүсіптің
Еш перзенті жоқ еді.
Бір перзенттің жоғынан,
Уайым- қайғы жеп еді.
Перзент көрер күн болса,
Ардақты досым Есілбай.
Болайық құда деп еді,
Тілегі Жүсіп қабыл боп.
Өткенде тоғыз ай ,тоғыз күн.
Көтеретін көңіл қыз туды.
Молдасы ауылының азан айтып,
Ұмсын деп нәрестенің атын қойды.
“Көрермен мықтыларын мадақтаған,
Ақындар айтысады ауық-ауық,
Сүйеді қыздың бетін ебін тауып.
Құрылған ел шетінде алтыбақан,
Қыздырған қызбозбала ойын-сауық,
Арада қыз қорғаған жеңгелер бар,
Дейтұғын пәленшенің пәлесі бар.

Жиылған әр ауылдың көп жастары,
Ғашық боп бір-біріне болды ынтық зар.
Той-тарап, жиылған ел үйге қайтты,
Риза боп, бай Жүсіпке алғыс айтты.
Келгенге жол-жорамен той-домалақ,
Жүсіп те тон кигізіп, шапан жапты.
Өткізді екінші той “Уақ” жағы.
Тұрғандай шырақ жанып “Иран бағы”.
Жиылып Уақ жағы ақылдасты,
Бұл тойды біріншіден асырғалы,
Есілбай Уақтардың Шонжар байы,
Ұл туып, әйелінен көңілі жайлы.
Шақырды игі жақсы қалың елден,
Бірі алыс, бірі жақын елден келген.
Жиылған осы тойда Уақ елі,
Қойыпты бала атын Ғалауеттен.
Шаптырды бәйге атын алыс жерге,
Асырып шабыс жолын белден-белге.
Шақырған әр тараптан қонақтар көп,
Бас қосты үй тігілген “Қайран көлге”,
Әкелген бәйге аттары екеу болды,
Көргендер ат тұрқына көңілі толды.
Қайсысы сайгүліктің бәйге алар деп,
Сыншылар қарап жатыр оңды-солды.
Торыны Қожа сыншы көзі шалды.
Жақындап қарсы алдына тұра қалды.
Тор төбел бұл араның жылқысы емес,
Тұяқбай бұл жүйрікті қайдан алды.
Қараса тұрқы ұзын, шөген тұяқ,
Қаз мойын, бөкен жонды, қамыс құлақ,
Танауы қоңыр борсық үңгіріндей,

Омырауы тау соғардай салы құлаш.
Ақанның мынау тұрған Құлагері,
Құдайым тілмен көзден сақта деді.
Бәйгені бірінші атап, шаппай берсе,
Беретін бір тоғыздың иегері.
Бәйге атын жібермекші доғалақтан,
Өлтірер жаман атын әр сор қаққан.
Арасы Қайран көлмен алпыс шақырым,
Аттар көп, дәмелі боп бара жатқан.
Басталды ойын-қызық тойдың сәні.
Естілді қыз-бозбала салған әні.
Сар қымыз сараяқтан сарқып ішіп,
Шалдар да гуілдесті одан әрі.
Қобызшы тартты қобыз ән мен күйге,
Жиналған игі жақсы Ақбоз үйге.
Көлдегі - Аққу құстар үнін қосты.
Десті жұрт, бұл күйшінің керімдігі,
Үлкендер гуілдесті әзілменен,
Сөйлейді игі жақсы дәтіменен,
Күй тартып, қыз-бозбала әнге басты.
Шілденің сүт пісірім таңы да атты.
Басына жастық салған, кемпір-шалдар,
Көздерін шаршағаннан ұйқы басты.
Таң атып тұратұғын сәске болды.
Келгендер тойға разы, көңілі толды.
Естілді бәйге дүбір алыстан-ақ.
Келетін бәйге атының кезі болды.
Алыстан болжау қиын әр адамға
Көрінді көз ұшында жалғыз қара.
Шабысы жануардың ескен желдей,
Мәреге келіп жетті жеке дара.

Торысы Тұяқбайдың “Торы төбел”,
Бергенге Құдай өзі бере берер.
Жылқысы Кіші жүздің Жағалбайлы,
Туысы Сейіс батыр сыйға берген,³¹
Тұяқбай бір тоғызды айдап алды.
Болдырған жаман аттар жолда қалды
Ұл мен қыз мәпелеген жылдан өтті.
Қызықтап екі сәби жүргенінде,
Екеуі бал-бұл жанып беске жетті.
Екі бай әзілдесіп отырғанда,
Болайық құда деген еске түсті.
Есілбай туыстарын жинайды енді,
Жүсіпке құдамын деп сенім берді.
Ұзатпай құда түсу ойыменен,
Баратын құдалар да белгіленді.
Бас болып, Шағырай шешен барсын деді.³²
Керегін ұялмастан алсын деді.
Кешікпей жүретіндер дайындалып,
Жиналды Шағырай шешен нөкерлері.
Қамданды Жүсіп қажы елі болып,
Құдаға келетұғын көңілі толып,
Жылқыдан қоңды жылқы алдырады,
Қосарлап, бағлан мен тоқты сойып,
Тартыңып Шағырай жетті нөкерімен,
Алдырмас ешбір жанға сөзге шешен.
Қарсы алып құдаларды үлкендер жур,
Әйелдер арқан тартып тұрды бекем,
Шағырай жақсы білер құда жолын,
Шойманға жақын кел деп созды қолын,
Ауылға үлестірсе жетер ақша,
Салады қалтасына бір мың сомын,

Құдалар құйрық жесті бауыр шайнап,
Отырды әзілімен гүл-гүл жайнап.
Қызығын құдалықтың үш күн көріп,
Аттанды құдалар да я, құдайлап,
Арада күндер жылжып жылдар өтті,
Бүршіктеп жас қайындай Ұмсын өсті.
Әйелдер жақын жүрген сырын алып,
Болады нағыз сұлу осы десті.
Бой түзей жасынан-ақ Ұмсын жүрді,
Құрбымен қайғысыз боп ойнап-күлді.
Алдында не боларын білген бар ма?
Айықпас қайғы оны күтіп тұрды.
Күлкісі жасынан-ақ сыңғырлаған,
Бала боп көрген емес жаза қылған,
Қыз болып, қуыршақпен ойнағанда,
Қолы епті іс қылғанда басқалардан.
Талабы жас та болса таудай еді.
Әркімге ұнайтуғын істегені.
Асыр сап балалықпен жүрсе-дағы,
Бала боп, еш нәрсені бүлдірмеді.
Оқыды Ұмсын сұлу жастайынан,
Алтыда өзі зерек хат таныған.
Бақыты Бұқарадан Хазірет келіп,
Оқытты жас баланы талаптанған.
Оқытып жас Ұмсынды жата берді,
Білімі жас баланың арта берді.
Оқумен талай күндер өткенінде,
Білгенін Хазіреттің жаттап алып,
Жас Ұмсын бал-бұл жайнап күлімдеді.
Білгенін Хазірет те аямады,
Болған жоқ оқуында жанамалы.

Оқумен күндер өтті, жылдар өтті.
Жаттатты жас Ұмсынға құран кәрім,
Білгенін Хазіреттің білді бәрін,
Хадисін пайғамбардың жаттап алып,
Таңдантты Ұмсын сұлу елдің бәрін.
Хазірет шәкіртіне бата берді,
Жиғызып жақындағы тәмам елді,
Балада таудай талап зейіні бар,
Оқыт деп әкесіне ақыл берді.
Аттанды енді Ұмсын алыс жолға,
Шешесі жылап-сықтап қалды зорға.
Оқуға барар жері “Троицк”,
Онай ма үйден шығу жап-жас қызға.
Қаланың бір беделді медресесі,
Түседі жоғарғы оқу “Уазипаға”.
Іздеген оқу-білім сонда барған,
Оқытты “Қадым”, “Жадид” ғалымдардан,
Ынтығы Ұмсын сұлу “Жадид” болды,
Үш жылдай соны оқып сусындаған.
Бұл “Жадид” жаңа шыққан ғылым еді,
Жастарға керегі де осы еді.
Үйретті жаратылыс, табиғатты,
Кетпестей жас есінен білім берді.
Танытты Жағырапиядан әлем жүзін,
Бар ма екен бұдан да зор асқан білім?
Жастарға үлкен білім тәрбие деп,
Оқытты Шахризада “Мың бір түнін”.
Жаттатты Оқулық деп “Қыз Жібекті”,
Төбіненткен ғашық жыры сом жүректі,
Ақжүніс, Ертарғынды қоса жаттап,
Айтатын тыңдаушыға жергілікті,

Оқудың қызығымен үш жыл өтті.
Оқитын “Он екі” пәнді тәмам етті.
Шақырған елден кісі көлік келіп,
Ұмсын да аман-есен елге жетті.
Қуанған бірінші боп әке-шеше,
Жиналды туған-туыс әлденеше,
Туған ай туралған бір сарымсақтай,
Кеткендей Ұмсын сұлу күні кеше,
Жиналып елі-жұрты той қылады.
Төңіректен алыс-жақын көп жинады,
Тынымсыз дайындалған бай ауылы,
Бәйге атын балуанын дайындады.
Шақырылған ел осы тойға келіп жатыр,
Тігілген ақ боз үйлер кең қанатты,
Шойманай осы тойды өзі билеп,
Көрсетпек көп, жиынға салтанатты.
Жігіттер, дайағашы атқа мінген,
Бәрі де қонақ күтіп өткерілген.
Келеді маң-маң басып түйе керуен,
Жабуы түйелердің көркем кілем,
Құдасы Есілбайдың салтанатты,
Көреді жиналған жұрт тойға келген,
Түсірді қапшық-қапшық шәй мен қантты,
Ас үйге жігіттері тасып жатты.
Тағы бар жәшік-жәшік құрт пен майы
Боз үйде толған екен кең қанатты.
Әкепті сары қымыз сүйретпемен,
Әрқайсы бір түйенің жүгі екен,
Сойысқа тоғыз түйе, он бір бие,
Баршылық істетті ғой бұны деген,
Тіктірді жүз кісілік шатырларын,

Тандантты жиылған жұрт елдің бәрін,
Жиналған қымыздағы саба, саба,
Ішетін мешкейлер бар шара-шара,
Жүгіріп ізет қылар жігіттер бар,
Дайын боп тойдан бұрын алдын-ала,
Алыстан келген ру Қанжығалы,
Қарсы алды Керей, Уақ ақсақалы,
Жиналған игі жақсы әрбір елден,
Сөз болып ел бірлігі айтқандары,
Ішілді аяқ-аяқ сары қымыз,
Отырған ақсақалдар бәрі нығыз,
Құрдастар бірін-бірі қағытқанда,
Ашылар жаман-жақсы бар сырыңыз.
Айтылды көп әңгіме өткендерден,
Сөйлейді сөзге шешен көпті көрген.
Ағызып сөздің майын сөйлегенде,
Көрінер елге көсем өзгелерден,
Үлкенді әрқашан да ардақтайық,
Жақсыны ел аузындағы мадақтайық.
Үлкендер осы сыймен тұра тұрсын,
Қонағын Ұмсын сұлу қарсы алайық.
Қонағы Ұмсын сұлу Айкүн еді,
Шөбере батыр Ноян келіні еді.³³
Жегілген үш ақ боз ат күміс-күйме,
Атбасын ақ отауға дөп тіреді,
Қарсы алды Ұмсын сұлу нөкерімен,
Қыздары бәрі сұлу өткерілген
Қаумалап есік ашып түсіреді,
Өбісіп бір-бірінің беттерінен.
Кигені Айкүн жеңге дүрия көйлек,
Бешпенті алтын алқа өңірде жоқ.

Қыз сыны бұзылмаған ару екен.
Ақ пейіл, иман жүзді, көңілі тоқ.
Айкүн мен Ұмсын сұлу дидарласты,
Қол беріп, бет сүйісіп амандасты.
Ұмсынжан мынау менің тартуым дей,
Мойнына сары алтыннан алқа тақты.
Құлпырды Ұмсын -дағы айдай болып,
Қуаныш бой билеген көңілі толып,
Дүние қызықтырған тілді байлап,
Алғысын жеткізе алмай мүлде толық.
Қыздардың білгісі көп жеңгесінен,
Қараса-киімне көз сүрінген.
Жеңеше өз жайыңнан айтасыз ба?
Бізге де бір бақыт қой сізді білген.
Айкүн де елін ойлап сағынады,
Қыздарға сауал қойған танданбады.
Қысқаша сіңлілерім айтайын деп,
Қам көңіл көп ойланбай сөз бастады.
Төркінім Кіші жүзде Жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Түбекке айдап салған көп жылқыны,
Малым деп іздеп барып санамайды.
Нағашым Ор қалада Дербісәлі,
Қаланы билейтұғын ол князі.
Салдырған медресе мен мешіті бар,
Бітірдім үш жыл оқып соны-дағы.
Бойжеттім он жетіге жасым толып,
Жасады жасауымды ұжым болып.
Толықсып екі арада жүргенімде,
Келгенді Уақ жұрты құда болып.
Ұзатты жат жұртына ырғап-жырғап,

Өсірген өз баласын сыйлап-сипап.
Жасауым тоғыз түйе жүгі болды.
Сыртында ақ отауым сегіз қанат,
Қосылдым өзім қалап сүйгеніме,
Нағашым тарту етті күміс күйме.
Жегілген үш ақ боз ат күміс сайман,
Жасаудың басы болды асыл дүние.
Келгенді қартайса да нағашы әжем,
Жылаған екі беті әлем-жәлем,
Қарағым алтын алқа мойныға тақ,
Бұқардан саған арнап әкелінген.
Мойнымда гауһар тастан алқа болды.
Әжеме елжіреген көңілім толды.
Салдырдым сарсандыққа әжем сиын,
Сар сандық алтын -күміс бұйым болды.
Киімім тоқсан тоғыз жағалы ішік,
Бәрі де тігілген еді өлшеп-пішіп.
Кебісі құндыз жаға іші жылы,
Бәрі де аң терісі іші ыстық.
Енді мен қайынатамнан сыр шертейін,
Білмеген боларсыздар бұған дейін.
Біз келдік Кіші жүзден туған іздей,
Өлдіге санаған ғой бізге дейін.
Ноян атам Құралаймен бізге барған,
Қалмаққа Еділдегі ойран салған.
Нағашы Кіші жүзде Қоңыр биі,
Жиенге отау тігіп, малын салған,
Шөбере сол атамның келінімін,
Жолдасым Сейіс батыр өз еліңнің.
Дәм айдап Орта жүзге келін болдым,
Қыздар-ау, білгің келсе осы сырым.

Қыздар да көңіл-күймен тындағанды,
Айкүн де көзін бұлап шылағанды.
Әркімнің туған жері өзіне ыстық,
Жүйкесі елін ойлап босағанды.
Бір бала келіп жетті аттай шауып,
Келіпті болған жерден ойын-сауық,
Шақырған сол араға Шойман екен,
Әкел деп ақ отаудан қонақ алып.
Түсірген ақ отауға жастар жағын,
Сынасар қыз-бозбала өзі бағын.
Жастар бар өнер қуған ел аралап,
Безейтін ойын-тойда тіл мен жағын.
Дуылдап жастар отыр шатыр үйде,
Жыршылар қара қобыз салған күйге,
Қыздар да барлы-жоғын киіп келген,
Келіпті бай қыздары тігіп күйме.
Бәрі де тойға келген қызық үшін,
Достасқан екеу-екеу ажырапты,
Қымсынбай емін-еркін сөйлеу үшін.
Жиылып түгенделген жұрттың бәрі,
Жастардың ойын-күлкі ынтызары.
Әркімнің ойын-тойда өнері бар,
Шығады тамсандырып салған әні.
Қосылып қыз-келіншек әнге салған,
Бола ма бұдан артық үлкен думан?
Қыз ойнақ той тартысы бозбалаға,
Көрінген сүйкімдірек дүние-малдан.
Кеп жетті Ұмсын сұлу нөкерімен,
Береді төрден орын, өз сиымен.
Қараған бәрі-дағы келгендерге,
Жайғасты Ұмсын-дағы қонағымен,

Қарайды отырған жұрт төргі жаққа,
Ұмсынды безендірген алтын алқа.
Жарқырай төрде отырған екі ару,
Қоймады көрген жанды таңдантпасқа.
Көбейді көп ішінде өзеуреген,
Топ жарып, белбеу ұстап сөз сөйлеген.
Өлеңді Ақжайықтың аруы айтсын,
Болады айтпаса егер менсінбеген.
Көріп жүр мұндай тойды талай жиын,
Бастады Сегіз Сері “Ақбұлағын”,
Әңімен Жайықтағы айтқан бұрын.
Ұнады тыңдағанға Айкүн әні,
Келгендей жаңа әуен тойдың сәні.
Шойман тұрып келіп бетін сүйді.
Қарағым бір ән айтшы одан әрі,
Бастады Қызжібектің ариясын,
Болғандай өлең әні тіпті басым.
Алғысты тыңдаушылар жаудырады.
Қызжібек бәріне де ұнағасын,
Домбыра келіп жетті Ұмсынға да,
Бұл тойдан өлең айтпай құтыла ма?
Бұлданбай Ұмсын-дағы домбыра шертті.
Айт деп тұр жеңгелері тұсындағы,
Айт дегенде өлеңді аңыраймын,
Көлден ұшқан аққудай мамырлаймын,
Қайда жүрсем жақсының жанындамын.
Іздегенмен жаманға табылмаймын.
Еркем-ай,
Бүгін болған мерекең,
Болсын тағы ертең-ай.
Ұмсынның Еркем-айы ұнағанды,

Айт, айт деп тағы көптің сұрағаны.
Тағы да бастап кетті Жеңешені,
А-ай-ай, Жеңеше-ай,
Мінезің сенің өзгеше-ай, деп тоқтаған
Тебіrentті тындаушыны Ұмсын әні,
Құлаққа майдай жақты шырқағаны,
Көркіне үні де сай екен ғой деп,
Келгендер бір-біріне сыбырлады.
Жарқ еткен қарағанда Ұмсын нұры,
Аз сөзді мағыналы Ұмсын сыры.
Көрген жан мінезінен мін таппайды.
Аспанда жарқыраған шоқ жұлдызы,
Сымбаты Ұмсын сұлу биік еді,
Бұралып тал шыбықтай иіледі,
Тазадан асыл киім кесе шығып,
Қызындай хордың қызы көрінеді.
Лайық біздің Ұмсын қандай елге,
Мойнында теңге моншақ, маржан-перде,
Құдайым тіл мен көзден сақтасын деп,
Тілейтін от басында аға-жеңге.
Ақ жүзіне қарасаң,
Көңілге салар жараны.
Сымбатына қарасаң,
Ақ бетінде кіршік жоқ.
Суда жүзген аққудай,
Тұрады жүзі жарқырап.
Туған түннің айындай,
Сөйлеген сөздің сыбдыры,
Аққан бұлақ суындай.
Аузынан шыққан лебізі,
Сары алтынның буындай.

Дидарына қарасаң,
Шашы сүмбіл секілді,
Айдын көлдің құрағы.
Қара көзге қарасаң,
Періште жаққан шырағы.
Саусағына қарасаң,
Суда жүзген сүліктей.
Отыз тістің қаласы,
Тізген меруерт секілді.
Бойына үңіліп қарасаң,
Ор киіктің лағы.
Гауһар шолпы, сырғасы,
Көтеріп жұп құлағы.
Сабағындай жүзімнің,
Мөлдіреген бұғағы.
Он беске келген жасы бар,
Оймақ ауыз бота көз,
Қаламдай жатқан қасы бар.
Кере құлаш шашақтай,
Қап-қара болған шашы бар.
Жібек баулы тұлымы,
Пісте келген мұрыны.
Аппақ тісті меруерт,
Адамзаттың сұлуы.
Бидай өңді беті бар,
Аппақ қардай еті бар.
Орта бойлы дембелше,
Жүріс-тұрыс өзгеше.
Сүйгеніне берген серті бар,
Хор қызындай жымыып,
Езу тартқан күлкісі,

Темір де болса ериді.
Ер жігіттің мықтысы.
Ұмсын нұрын шашады,
Қиғаш қасы қиылып,
Адамзаттан бөлекше,
Үрі мен пірі болмаса,
Ақылдан адам адасар,
Жақын келіп қараса,
Осындай еді Ұмсынның,
Құдай берген сипаты,
Ерекше келген дүниеге,
Адамзаттың қымбаты.
Дуылдап той қызығы жүріп жатты,
Сібірлей сүт пісірім таңы атты.
Азырақ көз ілдіріп дем алуға,
Үлкендер үйлеріне кетіп жатты.
Екінші той күні еді балуан күрес.
Болатын бір-бірімен бақа тірес.
Жиналған әр тараптан балуандар,
Кім-кіммен күресерін ешкім білмес.
Келіпті Қанжығалы түйе балуан,
Жеңіспен әрбір тойда жұлде алған.
Бір тойда тоғыз балуанды бірдей жығып,
Бас бәйге бір тоғызды жеңіп алған.
Дәуреннің аталары батыр балуан,
Атағы күрескенде жерді жарған.
Бермеген бас бәйгені бұл өңірде,
Атанған он жетіде түйе балуан,
Келгенді күрескенді шыдатпады.
Аяғы сондай мықты іштен шалған.
Әдісін бар күрестің білетұғын,

Жеңілмей ешбір жаннан жүретұғын.
Күреске ешбір балуан шықпай қалды,
Кім бар деп маған шығар айқай салды.
Шойман-ай әйел де болса намыстанып,
Күрес деп, Қойман ерге қолқа салды.
Қойман ер кең иықты, ашаң кісі,
Болатын бір өзінде түйе күші.
Сындырмай осы тойда жеңге сағын,
Қайнысы күресем деп алға шықты.
Жеңгесі кигізеді түйе жүн шекпен,
Орады белбеу етіп шылбыр жіппен.
Сиынып өз атасы Ошыбайға,
Ортаға алшаң басып Қойман жеткен.
Тұрады түйе балуан түйедей боп.
Не айла істесем деп ойлаған боп.
Биледі оның бойын астамшылық,
Тәйірі бұл жігітті жығам ғой деп.
Қойман ер келсең кел деп ақырады.
Аруағын аузына алып шақырады.
Қарсысын намыспенен ұстағаннан,
Көтеріп төбесінен асырады.
Үйіріп тас төбеде есін алды,
Жамбасын қара терге батырам деп,
Балуанды қозғалмастай қатты ұрады.
Тұра алмай сол орында жатып қалып,
Күйреді қабырғам деп ол жылады.
Қол салып сынықшылар қарады да,
Сынған деп қос қабырға ем қылады.
Қойман ер аруақ қолдап жеңіс алды,
Қозғайды ауырғанды аман ба деп.
Балуанның қолы қатты темір екен,

Мертікпей аруақ қолдап аман қалды.
Бас жүлде Қойман ерге берілген соң,
Күресі балуандардың аяқталды.
Қайыным осы тойда ерледі деп,
Тізгінін бәйге күрең ұстатады.
Той-думан одан әрі жалғасады.
Бәйге атын Алыпқашқа айдатады.
Сәскеде ертеңгі күн жетіңдер деп,
Найман ер той бастаған бұйырады.³⁴
Құрылған әрбір жерде алтыбақан,
Көп жастар сол бір жерге шоғырланған,
Киінген қызыл-жасыл қыз-келіншек,
Қызықтап қариялар қарап тұрған.
Әншілер топтасыпты ақ шатырға,
Түрілген екі жаққа қос қабырға.
Салғанда әнші жігіт Біржан әнін,
Жиналды әйел жағы осы араға.
Сары қымыз келтірілді сабаменен,
Сүйретпе қымыз жатыр ішілмеген.
Шойман-ай екі арада бәйек боп жүр,
Ішкізген әйелдерге сусап келген.
Кіргізді қарияларды ақ боз үйге,
Отырды орналасып жүйе-жүйе,
Тартылды ет астау-астау дастарханға,
Бәрі де орналасты өз орнына,
Сойылған төр түліктен жылқы, түйе,
Жиналған қызық үшін осы үйге.
Тартылды бағлан еті табақ-табақ,
Әйелдер дән риза осы сыйға,
Шәй келді еттен кейін сусағанға.
Болса да сары қымыз алдарында,

Құйғаны қою етіп үнді шайы,
Ішпеген қайсы бірі ғұмырында,
Төгілді сары бауырсақ кәмпитпенен,
Жоқ еді бейшаралар мұны жеген
Қойылды дастарханға құрт пен майы,
Сүйкімді дәмдері бар ел көрмеген,
Үлкендер үнді шайын қанып ішті.
Дастархан толған кәмпит неше түсті,
Жиналған дастарханға бата берді,
Ән мен күй жастар жақтан қатар келді,
Ақындар баталарын күймен айтып,
Тойына Ұмсын сұлу ажар берді.
Ауысты жастар жағы ән мен күйге.
Дуылдап шалдар отыр ақ боз үйде,
Қыздырмай сары қымыз қоя ма екен?
Бастады жайлау әнін әйелдер де,
Аралап осы тойды Ұмсын жүрді,
Көрген жан көргендей-ақ ай мен күнді,
Кигені нөкерінің бекзат киіт,
Көп елді тойға келген сүйсіндірді,
Басқарған осы тойды Найман шешен.
Айтулы ердің бірі елге көсем,
Ескертті бәйге атын келетұғын.
Барындар мәре тұсқа көрем десең.
Алыпқаш бәйге аты шыққан жері,
Саяғаш, Қызылағаш келер жері.³⁵
Арасы екі аралық елу шақырым,
Алаңдап ұйықтамаған қосқан ері.
Мәреге елдің бәрі жиналады,
Төңірекке елдің бәрі көз салады.
Құдай-ау кімнің аты келеді деп,

Бүкіл ел мазасыз боп қозғалады.
Алыстан шаң көрінді будақтаған,
Екінші тағы бірі қосақталған.
Көрінді екі қара алыс, жақын,
Озғаны Шарықбайдын сары аты.
Ел болып соны бәрі мадақтаған.
Екінші Ыбырайдың қара аты.
Бар дейтін қабырғада қосқанаты.
Жүлде алып бұдан бұрын жүрген еді.
Естілмей ел аузында жаманаты.
Үшінші Есілбайдың торбестісі,
Мақтайтын оны-дағы атбегісі.
Тістесіп құйрықтарын жеке келді.
Жүйрігі отыз аттың ішіндегі,
Ендігі той қызығы айтыс болды.
Жиылған шатыр маңы кісі толы.
Жақындай айтыс жерге бара алмасаң,
Түрегеп тұрғандардың болды соры.
Айтысы ақындардың қызған екен.
Тындаушы ақ шатырға симай кеткен.
Тұр түсі ақындардың өрт шалғандай.
Мұндайда ақын тартыс болады екен.
Біреуі қатты шертті домбырасын,
Көсіліп екі ақын айтысқанда,
Шымырлап дене балқыр боп қорғасын.
Ақынды айтыстырды ертелі-кеш,
Сөздері шашыранды жалған емес,
Қызықтап үлкен кіші тыңдағасын,
Шаршауды айтыскерлер білер емес.
Арқаның күңіренді сар жайлауы,
Жеткендей көп айтыстың сөз байлауы.

Суырылып жеке шықты бәйге атындай,
Атығай,Қарауылдың «Орынбайы»,
Бас бәйге белгіленген бір тоғыздан,
Айтыста орақ тілмен бал ағызған.
Жүлдегер Орынбай деп атағанда,
Тыңдаушы қолдап кетті бір ауыздан.
Қызықпен үш күн өтіп той тарады,
Ауылдағы қалған жұрты жиналады,
Тік тұрып қонақ күткен үлкен-кіші,
Ұмсынның ұлы тойын жалғастырды.
Оралып Жүсіп қажы құдасынан,
Есілбай жеткен еді ордасына.
Алдынан әкесінің бала шықты.
Көз салып қарағаны баласына,
Баласы ержеткенді бойы сұңғақ,
Қараған баласына оны сынап.
Қарағым қатарынан кем болмас деп,
Азырақ тұрып қалды көзін шылап.
Сауатын ашқан еді ел молдасы,
Көрмеген сары орысты ел баласы.
Құмартты мен орысша оқимын деп,
Жетілген жастайынан ой-санасы.
Іздеді ілім-білім сары орыстан,
Бар еді әке тамыры қол алысқан.
Балаңды оқыту үшін стапқа әкел,
Қайғырма әрі қарай мен оқытам.
Есілбай тамырына құлақ қойды.
Болғасын өзі қажы терең ойлы.
Баламды ренжітпей оқыт сен деп,
Қонағы Еремейге қойын сойды.
Барады елден орыс қаласына,

Кірмеген орыс оқу санасына.
Түседі училище жеті жылдық,
Оқитын орыс қазақ арасында.
Жасынан ел көзіне түскен еді.
Үмітін үзбегенді Уақ елі.
Орыстың оқуына тез жетіліп,
Биыл еді сол оқуды бітіргені.
Сыйлады зиялы деп орыс қазақ,
Болған жоқ бала болып ешбір мазақ.
Оқуды қатарынан үздік оқып,
Түсуге жоғарғы оқу еткен талап.
Жасынан зерек еді Галауеттен,
Әкесі баласынан үміт еткен.
Қарағым үйленуге жасың жетті.
Ойым еді енді сені үйлендірсем,
Осылай әке бала сырласады.
Әкесі баласына шын айтады.
Оқуға жоғарғы оқу ниет еттім,
Оралып Ұмсын елге келсе-дағы.
Барайын мен Ұмсынға жайымды айтып,
Келемін жаз айында елге қайтып.
Тойыңа келесі жыл дайындал сен,
Айдатып өгіздерді Ірбіт шауып.
Мінгені жас жігіттің торы бесті,
Жігіт еді жастайынан болған есті.
Келгенде қайын жұрты қарсы алып,
Сұлтаны жігіттердің күйеу десті.
Сырласты сері жігіт сүйген жанмен,
Болмады қайын жұртта сүйсінбеген.
Серттесіп келесі жыл үй тігуге,
Оқудан осы мезгіл келем деген,

Орыстан білім іздеп жігіт кетті,
Қаласы патша тұрған барып жетті.
Инженер тау кеншісі боламын деп,
Хабары Галауеттен желдей есті,
Ұмсын ба қолдамайтын оңған істі,
Қаласы патша сарай барамын деп,
Үмітін Ұмсын-дағы іштен пішті.
Жатқанда түн ортасы түс көреді.
Түсінде бір жамандық іс көреді,
Торыған ауыл үстін Қара бүркіт,
Ұмсынды алып ұшып жөнеледі.
Оянып сәске түсте Ұмсын тұрды,
Далада бойын жазып біраз жүрді.
Бар еді ел шетінде балгер кемпір,
Жорытпақ соған түсін көңілі еді.
Аяндап соған қарай Ұмсын барды,
Сабырмен көрген түсін баяндады.
Қарғам-ай, өңің сынық көп ойлама,
Ойласаң терең батып көп бойлама.
Сым торын бір дұшпаның құрған екен,
Сақтану керек болар алдын-ала.
Бұл күнде Торсан болыс толған шағы,
Үш болыс бір шаңырақтан жанған бағы.³⁶
Ірбітке керуен тартып сауда қылып,
Қатарлап ағаш үйді салғызады.
Құс тістеп мұрныменен тұрған кезі,
Өңірді өзім билеп тұрсам деді.
Жүйрік ат, жүйрік тазы, қыран бүркіт
Сұлуы әйелдің де соныкі боп,
Алдына дау-дамаймен кім келеді.
Көбіне ойлайтыны тартып алу,

Ұрлықпен пайда үстіне пайда табу.
Қорлыққа шыдай алмай келген болса,
Қамшы үйіріп ада ол жанға пәле жабу.
Торсанның тасы өрге домалады,
Айтқаны ұлық алдында құп болады.
Арқаның биіне әділ пәле жауып,
Қозыбай Семей жаққа жер ауады.³⁷
Торсанның бір баласы Шери еді,
Ол жүрген бір алаяқ кезеп еді.
Жол жүріп қажы аулына барғанында.
Ұмсынды шыққыр көзі көріп еді.
Сөз салып Ұмсынды өзі көндіре алмай,
Қапа боп бейтарапта жүрген еді.
Баласын Есілбайдың білетұғын,
Көңілдес ағайын боп жүретұғын.
Бауырлас ағайын деп жүрсе-дағы,
Көре алмай оны іші күйетұғын.
Аттанды Галауеттен Петерборға.
Жүргенде іші күйіп Шери зорға.
Інім-ау мыңау менің қосқаным деп,
Салдырды қол сандыққа алтын ақша,
қалың дорба.

Кеткен соң Галауеттен қуанады,
Денесі бірде күйіп, бір тонады.
Ұмсынды қалай қолға түсірем деп,
Ұйқысыз талай түнді оздырады.
Сөз салса манайлатпай жүреді екен,
Ұстатпай түзде тағы ол бір бөкен.
Жинайды атқа мінер ұрыларын,
Қылады соларменен әңгіме дүкен.
Бас қылды он бесіне ер Таспайды,

Ақылын өзің тап деп сөз тастайды.
Ер Таспай жамандықтың адамы емес,
Іс қылсам ақылменен деп ойлайды.
Аулынан Жүсіп қажы мықты тапты,
Молырақ ақша беріп жылдамдатты,
Ауылдың сүндет тойға кетер күнін,
Күн бұрын Шери сұмға хабарлапты.
Бөрісі Шери сұмның дайын болды,
Қару ап қарақшылар атқа қонды.
Сапарың сәтті болсын ер Таспай деп,
Сұм Шери айламенен үйде қалды.
Жүйрік ат астарында желдей ескен,
Бөрілер талма түсте келіп жеткен.
Бос қалған қажы аулында қыз-келіншек,
Жиналып ақ боз үйде гуілдескен.
Келгендер ақ боз үйді қоршап алды,
Қуалап қыз-қырқынға ойран салды.
Ұмсынның бет-пердесін орап алып,
Бөктеріп мықты жігіт алға салды.
Шапқыншы Марьевкаға алып барды,
Сары орыс еңгезердей қарсы алды.
Бос үйді жеке тұрған көрсетеді.
Кіргізіп есігіне замок салды.
Естілді Ұмсын сұлу қарғағаны.
Орысқа олжаларын тапсырды да,
Жендеттер алды-артына қарамады.
Сары орыс кіріп келді есік ашып,
Тұрған жоқ еш нәрседен асып-сасып.
Қуғыншы арттарынан қуып келсе,
Бермекші есігінің кілтін ашып.
Ұмсынды елден ешкім іздемеді,

Қорлықты мұндай өмір көрмеп еді.
Кетті деп өзі қашып Ұмсын қызды,
Әйелдер өсек айтқан көбейеді.
Жылайтын баласына ана байғұс,
Шойманға көрінгендей өң менен түс.
Айрылған баласынан бозінгендей,
Зарлады ақ боз үйде ертелі-кеш.
Дүрлікті бұл сұмдыққа ауыл болып,
Қуарған Жүсіп қажы құдай солып,
Ұмсынның ешбір жерден дерегі жоқ,
Кеткендей осы ауылды жындар соғып.
Найман ер бұл қорлыққа намыстанды,
Жөн көрді, Торсанменен шабысқанды.
Қыз үшін қан төгіске бармаңдар деп,
Ақылмен Жүсіп қажы тоқтатады.
Тұтқында шер тарқатқан Ұмсын зары.
Әкемнің жалғыз қызы едім,
Андап басып жүр едім.
Сары майдай сақтаған,
Алтын гауһар пұлы едім.
Анам сүйген қыз едім.
Бақшадағы гүлі едім,
Құдай берген көріктің,
Сор екенін білмедім.
Он беске келіп бой жеттім.
Жұрт көзіне көп түстім.
Ойын-сауық кештерде,
Сұлу Ұмсын есіттім.
Тітіркенді жүрегім,
Қош көрмеді көңілім.
Көптің бірі болсам деп,

Алладан еді тілегім.
Жаздық маусым етпеді,
Әкем елдің байы еді,
Ауыл болып бір тойға,
Кеткен тұстың шағы еді.
Ауылда қалған жастарды,
Жинадым етпек бастаңғы.
Өлең айтып, би билеп,
Ойын қызық басталды.
Ойыны қызық жастарды,
Өзім жүріп басқардым.
Жау шабады ойда жоқ,
Қызыққа қарап мастандым.
Айғай шықты алыстан,
Бір-бірімен жарысқан.
Жау шапты деп жеңешем,
Кір деді үйге Ұмсынжан.
Келген жаулар алысты,
Жастар жүр бермей намысты.
Керегі жауға мен екем,
Дәуі келіп жабысты.
Бұғақ салды мойныма,
Жасым толды қойныма.
Жасанып келген жасақ қой,
Еркімізге қойды ма?
Бөктерді ердің қасына,
Жетпеді күші жастардың,
Қуанышы мол қастардың,
Аяушылық жауда жоқ,
Ісі іспеттес мастардың,
Қалаға келіп тоқтады,

Біреуді іздеп жоқтады.
Қорқау Шери келмепті,
Біреулері оны боқтады.
Кіргізді орыс үйіне,
Кілтте деп сыртын бұйырды.
Гүж-гүж етті Иваны,
Бар ма дедім иманы.
Мал емес, бұл адам ғой,
Әйелдің екен сырттаны.
Орыс үйі абақты,
Әкеп берер тамақты.
Сырласарға ешкім жоқ,
Өлейін десем жан тәтті.
Қадыр кешін күткендей,
Ілінбейді кірпігім.
Зар еңірегем анам-ай,
Кімге тәлім бұл күнім?
Найман-аға қайдасың?
Асырды дұшпан айласын.
Сіздер жоқта ел шапты,
Көрмедім ел пайдасын.
Сұлу Ұмсын жылады,
Көздің жасын бұлады.
Торға түсіп бұлқынды.
Орқиіктің лағы.
Тордан шығу қиын-ды,
Бір аллаға сиынды.
Қойман көке қайдасың?
Босатсайшы лағыңды,
Торға түскен мен бір қар,
Құтылуды ойлап еттім зар.

Іздеп көкем келмесе,
Босата алар кімім бар.
Сыртым менің кілттеулі,
Сыртқа шығу шектеулі.
Қарулы орыс күзетші,
Терезе есік бітеулі.
Айғайды көке салыңыз,
Елді жиып алыңыз.
Ордасын бұзып Торсанның,
Кегімді менің алыңыз.
Неткен дүние жалған-ай,
Атам аруағы қолдашы,
Жанбура мен Толыбай,³⁸
Қолға түстім оп-оңай,
Бұтаға қонған торғайдай.
Іздемейтін қыз мен бе едім?
Бармысың жан аға, Шолжақай?³⁹
Жанбурадан Құдайкүл,
Құдай қылған іс пе бұл?
Жасымнан дертке ұшырап,
Болғаным ба зарлы күл?
Елдің ері Байсерке,⁴⁰
Құдай берген береке,
Мұңымды кімге шағамын,
Шипа болшы бұл дертке.
Анай, Қанай, Кенжетай,
Тәңірім сүйген ұлдар-ай,
Қапаста жатқан қызынды,
Желеп-жебеп құтқаршы-ай.
Байбота мен Ақбота,
Жебеші мені жан ата,

Жендеттерден сақтай гөр,
Пірлер қолда бер бата.
Атам қажы Жансақал,
Екінші атам Бисақал,
Өріс толы баққан мал.
Құрмалдық айтып құдайға.
Немеренді сақтап қал.
Ата аруағын тербедім,
Еш бір жәрдем көрмедім,
Алла сөзін жаттап ем,
Алғаның ба бергенің?
Ойхой дүние өттің бе?
Түбіме менің жеттің бе?
Сүйгенімнен айырып,
Ойрандап мені кеттің бе?
Оқу ілім іздедім,
Жамандықты білмедім.
Он беске жасым жеткенде,
Жар қосағымды іздедім.
Бесікте қатар өсіп ек,
Ел сыйлаған біз түлек.
Ер жеткесін екеуміз,
Оқу іздеп кетіп ек.
Мен оқыдым арабша,
Сен оқыдың орысша.
Хат арқылы сүйіскен,
Күндер еді тамаша.
Алыстасың Галауым,
Өзің еді қалауым.
Мені іздеп келгенше,
Гүлдей өскен гүліңнің,

Үзіліп те түсер сабағы.
Ғұмыр берсін саған-ай,
Орындалмаған арман-ай,
Екеумізді қоспаған,
Діні қатты заман-ай.
Түстім қорқау қасқыр қолына.
Құрбандықпын жолыңа,
Енді менде өмір жоқ,
Сұлулық жетті сорыма?
Аландама оқи бер,
Естен кетпес іште шер.
Ақиретте қосатын,
Алла емес пе кемеңгер.
Қош аман бол ардақтым,
Жылауменен зар қақтым.
Домовойдан шошынып,
Ауру дертке шалдықтым.
Жалғыздық түсті басыма.
Ешкім келмей қасыма.
Бұлғақтаған күндер-ай,
Бары жоғы осы ма?
Торға түскен түлкімін,
Орны толмас күлкінің,
Кімдер мені құтқарар.
Іздемесе төркінім.
Қорқау Шери қорлады,
Айтқаным болмады.
Алма бетті аймалай,
Еркіме мені қоймады.
Сұлулық деген солар гүл,
Баянды болмас қызығы,

Гүл сабақтан үзілсе.
Жалғанбас жіппен үзігі.
Көрмегенді көріп мен,
Байшешектей суалдым.
Бұдан жаман бар ма екен?
Көрге кірмей өлгеннен,
Арам тіске шайналдым.
Бағым неге байландың?
Өлгенім менің жақсы еді,
Көргенше қорлық хайуаннан.
Алып барды аулына,
Жетпеген мені қаулыма.
Ойын-қызық тойы жоқ,
Тікенек шығып жолыма.
Ақлима күндес қарсы алды,
Әйел екен байсалды.
Сұлу қайдан жүрсің деп,
Менен жаман қорланды.
Шери бай боп оңбайды,
Екінші әйел алмайды.
Алданғансың сұлуым,
Көрсетермін майданды.
Азулы екен Ақлима,
Кісі салды Торсанға,
Екінің бірін таңдасын,
Теріс кетсе қайнатам.
Біле ме екен оңбасын?
Жіберді кісі Нұрханға,
Нұрхан жиды бауырын.
Мәнісін айтып дауының,
Торсанды барып шабуға,

Ығай-сығай сайланды.
Уәделесіп байламды,
Қаруланып алғандар,
Соғысуға оңтайлы.
Мықты жігіт көп екен,
Қорқақтары жоқ екен.
Мінгені шыңқай торы екен,
Қарасы да көп екен.
Суыт жүріп жеткенде,
Далада Торсан жүр екен.
Ордаға кірді құдалар,
Түстері суық бас салар.
Амандық-саулық сұраспай,
Шақырт тез, - деді, балаңды.
Көрмеспін енді қараңды.
Қызымды алып жай кетпей,
Өртеп кетем қалаңды.
Торсан сонда қорықты,
Жамандыққа жорыпты.
Шақыртады баласын,
Беремін деп жазасын.
Келді бала бүрісті,
Сері жігіт осы деп,
Отырғандар күлісті.
Шери отыр сызданып,
Шатақ іске былғанып,
Бір ауыз сөз айта алмай,
Отыр еді қорғанып.
Қарсы келер шама жоқ,
Ұмсынды Шери тастады.
Құдалар кетті қуана,

Ұмсын қалды далада.
Артын күтіп жүргенде,
Ағайын түсті араға.
Елдігімізге нұқсан деп,
Қосыпты екінші балаға.
Күндер өтті жылжумен,
Түндер өтті сыңсумен.
Қорланып Ұмсын жүрсе де,
Дүниеге бір нәресте келтірген.
Қойсайшы жастық шіркінді.
Аузынан Ұмсын түскендей,
Қыз бала еді сүйкімді,
Қырқынан оны шығарып,
Күләмай деп қойды шіркінді.
Күләмәй әлпештеумен жасқа толды,
Шешесі қорланумен жастай солды.
Қайғымен есі ауысып жүргенінде,
Кеселден жаман ауру шалық болды.
Інісі сұм Шеридің Бәкен еді,
Еріксіз сол Бәкенге қосып еді.
Ауырған енді сұлу кімге керек,
Үйіне апарыңдар кетсін деді.
Естілді Торсан жақтан жайсыз хабар,
Шықпады ер адамнан онда барар.
Жиналды баруға енді Шойман шеше,
Ерекше қатуланып жауға шабар.
Жетеді қызына енді Шойманайым,
Жоғалтқан көптен бері күн мен айын.
Жылады екі мұңлық айырылыспай,
Жеткізді жанашырлар Ұмсын жайын.
Шойманай қызын алып елге оралды,

Естіді айуандықпен болған жайды.
Торсанға қарсы шабар шамасы жоқ,
Қарғыстан басқа айтар жол қалмады.
Ұмсынды өз отауына кіргізеді,
Күтуші жанашырдан әзір еді,
Келгенде жеңгелері құрбы-құрдас,
Мұңлы Ұмсын сауыққандай бой түзеді.
Кей күндер сап-сау болып айығады,
Таранып айна алдында көп тұрады,
Киініп сау күніндей тамақ ішіп,
Домбыра ап шерлі, мұңлы күй тартады.
Есіне түсіп кетсе іздейтұғын сары лағын,
Қуалап қызықтайтын ақ тайлағын.
Мінбеген көптен бері атым қайда?
Көретін тұлпар көктің Паңжорғасын.
Деп жадырап сөйлесіп отыратын,
Ауырған Ұмсын сұлу жылдап жатты,
Ауруы ағайынға қатты батты.
Құдайдың өтерінде мейірі түсіп,
Ұлыстың ұлы күні дүние сапты.
Ұмсынның шешесі Шойманайдың жоқтауы,
Үздің бе, өмір құлыным?
Үзілмей менің жұлыным.
Сұрап жүріп құдайдан,
Бірінші көрген қызығым,
Жыламадың бесікте,
Туып едің өзгеше,
Қыз баласындай өсірдім,
Тұмар тағып төсіңе.
Жеттің беске гүл жайнап,
Қызықтап құда түсірдім.

Оқыдың хазірет алдынан
Оқу түбін түсірдің.
Жаттап алып құранды,
Ислам дінін ту қылдың.
Алла Жаппар құдай-ай,
Алдың ба бізді аямай?
Бір сұқсырға жем болып,
Арманда кеткен ботам-ай.
Жібердім оқы деп қалаға.
Ана көңілі балада,
Келгеніңше жай таппай,
Сиынып ем аллаға,
Бердің құдай тілекті,
Қуантып-ақ жүректі.
Үш жыл оқып оқуын,
Зиялы боп ер жетті.
Құрмалдық шалып той қылдым,
Аямай малды сойғыздым.
Бата берген жақсылар,
Аямайтын құдай не қылдым?
Сүйгеніне қосылмай,
Кетті құлыным арманда.
Нысапсыз Торсан қорлады.
Бөлтіріктері зорлады.
Хор қызындай құлыным,
Жетпей жатып сорлады.
Сорлағаны емей немене?
Қызғалдақтай солғаны.
Қызықпен өткен күнім-ай,
Жығылдым ғой орға мен,
Көтерер кім бар басымды-ай,

Сүйейтұғын қызым жоқ,
Жиған едік дүние боқ,
Көрінбейді көзіме,
Көзіме түсті қызыл шоқ.
Аспандағы жұлдызым,
Суда жүзген құндызым.
Бізді тастап кеттің бе?
Көрініп келген хор қызым.
Көзден тілден сақта деп,
Құдіреті күшті алладан,
Жатсам тұрсам тіледім.
Бермедің құдай тілекті,
Күнәкәр болсам кеш, алла,
Көрсете көрме түнекті.
Қыздар сұлу киіммен,
Шөпте тәтті бүлдірген.
Сұлу да тәтті құлыным,
Өткенің бе дүниеден?!
Құдайға қарсы болмайын,
Өзі беріп өзі алған,
Азабын тарттың аурудың.
Елің болып қиналған,
Жыламай енді қайтейін.
Жетпей жасы суалған.
Мақтасам өзімді-өзім болар өлім,
Қыздардың маңдай алды қатары едің,
Мерт болдың берген жерге отау тікпей,
Бүгілер санаменен қыпша белім.
Қадыр тұтқан ағайын,
Көздің жасын тияйын.
Мөлдіреген көзімді,

Жылауменен ояйын.
Ер жеткен бауыр сенде жоқ,
Орнына кімді қояйын.
Жылаудан жұртым пайда жоқ,
Артының берсін қайырын.

ТАҒДЫР

Кезінде есімі облысымызда кеңінен танымал болған ақын Ахметжан Нұртазин⁴¹ Преснов ауданына орман шаруашылығының директоры болып келгеннен-ақ, менің әкеммен достасып үнемі қарым қатынаста болды. Бұл, ұмытпасам 1945-46жж. болса керек. Көбінесе ол кісі біздің «Қызыл ой» колхозына Преснов аудандық атқару комитетінен өкіл ретінде, кейде өз жұмысымен, әйтеуір жиі келудің нәтижесінде біздің ауылдың өз адамы тәрізді болып кетті. Аханның әкеммен достық қарым қатынасы өзі көз жұмғанша үзілген жоқ. 1956-57 оқу жылында біз зайыбым Дәметкен екеуміз Ақбалық ауылына мұғалім болып үй ішімізбен көшіп бардық. Ол біздің отау тіккен жылымыз еді. Оған дейін, колхоздар іріленген соң Петровка селосында тұратынбыз. «Қожахметтің жалғызы білікті маман болыпты, әрі отау тігіпті, соған барып қуанышын бөлісемін», - деп келгенде «Бізді көшіп кетті», - деген соң, марқұм тұп-тура өзінің жолдастарымен қасында облыс ақыны, әнші Игібай Әлібаев⁴² бар біздің үйге келді. Үлкен мәжіліс басталып кетті. Сол ауылдан, көрші ауылдан сыйлы-сыйлы азаматтар шақырылды, әңгіме-дүкен құрылды. Арасында ән-күйге де кезек берілді. Көрші Жаңажол ауылында тұратын атам Құпбидың үйіне сол кезде Сергеев ауданының бір мектебінде мұғалім болып көптен жұмыс істеп жүрген інісі Кәләу Тайжанов⁴³ қонаққа келіпті. Ол марқұм да шақырылды. Игібай, Кәләу

екеуі кезектесіп домбырамен әнді шырқағанда бүкіл ауыл жиналып, кәдімгі той болды да кетті.

Бір сөздің ретінде Ахаң «Ау Қожеке мына Игібайды жақсы білесің, ал мына Кәләу Құпбидың туысы болғанмен менің інім. Сіздің ертеде өткен Нүрке ініңіз сияқты әрі домбырашы, әнші, аңшы, балуан», - деді де бөгелместен «Әй, Кәләу, аңшының әнін шырқашы», - деді содан соң Ахаң. Ән төгілді. Ән сөздерінің ішінде Нүркенің аты 2-3 рет аталды. Сөз бұзып, ән туралы, Нүрке туралы сұрауға ол кезде біздің әрі жас, әрі дәстүрді бұзып, үлкендермен деңгейлесуге шамамыз келмейтін кез. Қонақ күтіп зырлап жүріп, әңгіменің Үкілі Ыбырай деген кісі туралы екенін аңғардым. Бірақ, үлкендер осы әңгіме тұсында бұрынғыдай саңқылдамай, жабырқау дауыспен әлдебір қыршаңқылау өлең жолдарын кезекпен айтысып «Сол үшін кетті-ау» – десіп отырысты.

Уақыт жетті. Ахаң да дүниеден өтті. 1978 жылы жазда шешемнің дүние салуына байланысты көңіл айтуға Кәләу ағай келді. Әңгіме арасында «Аңшының әні», Нүрке, Үкілі Ыбырай туралы сұрадым. Ол кісі «Ей, қалқам, осы сұрақты, әкене қойсаң менен де көп айтар еді ғой», - деді. Әкемнің: «Оны қайтесің? Өтті, кетті, өлді», - деп күрсініп жауап бермейтінін айттым.

Кәләу ағай: «Менің білетінім Ыбырай өте сыншыл, шыншыл, батыл, турашыл ақын болғаны», - деді. «Аңшының әні» халық әні делініп жүр деп әкеме қарады. «Руы қарауыл ішінде Қалдабан, Сандыбайұлы Ыбырай. Жасынан домбыра тартып

ән айтып, бөркіне, домбырасына, атының кекіліне, құйрығына үкі тағып сал-серілермен үзеңгілес жүрген адам, - деп бастады әңгімесін әкем. Жүрген жері той-думан, бай-билерге қарсы өлең-жыр шығарып, қара халықтың жақтаушысы болған, тек бай-мырзалардан дәмдес болғаны шағалақ – Керей Шәймерден⁴⁴ деген кісінің досы екен. Әкесі Сандыбай темірден түйін түйген кісі екен. Дүние кумаған, жанына өзіне ұқсас Нүрке әнші, Рахмет құсбегі, Тілеужан балуан сияқты жігіттерді ертіп, серілік құрып, елден-елге қыдыра жүріп сауық сайранмен ел көңілін көтерген. Ыбырайға демеуші болып бетінен қақпай өсірген, өндірген сол Шәкең болса керек. Шаймерден өлген соң оның үлкен баласы Тұрғын, әкесінің Ыбыраймен достығын үзбеген. Беті қайтпай, тура, сынға жол берген. Үкілі Ыбырай Кеңес үкіметін де сынға алған. Сөйтіп өкілге, әкімге, үкіметке тіл тигізді деген сылтаумен сотталып кетіп, аты аталмай қалған адам. Ал Нүрке болса, біздің ағайын Тоқтыбайдың баласы. Әкесі, шешесі ерте өлген соң ағасы Омардың қолында тәрбиеленеді. Омар Тоқтыбайұлы кезінде Біржан салдың тобында серілік, салдық құрған. Әнші інісінің қабілетін аңғарған ол Нүркені Ыбырай тобына қосады. Мүмкін жас дарынды Ыбырайдың өзі танып, шақырды ма екен, әйтеуір Нүрке әнші Үкілі Ыбырай тобында болуы анық. Сөйтіп әнші Нүрке, аңшы Нүрке аталуы хақ. Нүрке менен үлкен. Есейген соң жақсы таныстым деп сөзін жалғады әкем. Шамамен 1883ж. туған болуы керек. Сайрандап жүріп, Үкілі Ыбырай бастаған топ, Самай Жанса-

қал қажының ауылының тұсына келгенде Нүрке Ыбырайға ақырын ғана бір сөздер айтып, Ыбырай жүрісін тежеп, айналсоқтай бергені. Осыны көрген Тұрғын мырза Шаймерденұлы «Әй, жігіттер, қажының ауылына соқпай өту әбестік болады. Сәлем берейік, бірақ Жүсіп қажының үйіне түсейік, - дейді. Жүсіп – Жансақалдың баласы келеді. Жүсіп қажы үйінде болмайды. Қонақтарды дәстүр бойынша ауыл азаматтары қарсы алады. Қажының кіші баласы Тілеміс өте жақсы ықылас көрсетеді. Нүрке Тілемістің апасымен сөзі жарасқан екен, қалың беріп құда болуға Нүркенің туыстары кедей, амал жоқ іштен тынып жүрсе керек.

Дәм ішіп, ел жиналып, әңгіме-дүкен қызып, ән мен күйге кезек тиіп, жол Ыбырайға келгенде домбырасын безілдетіп «Аңшының әніне» басады. Әннің аяқ тұсында, әзілге сайып:

Тоқтыбай әкең аты, Нүрке өзің,
Қосылар шын сұлуға келді кезің.
Ағана біз сияқты той бастатып,
Қарғам-ау бітірсеңші істің тезін.
Керейде ардақты інім кемеңгерім,
Күнде ойын, күнде жиын жүрген жерің.
Несіне сәтті істен тайынасың,

Тұрғанда оған Тұрғын ардагерің, - деп Нүркеге «Тайын ба, мал жоқ деп ығыспа», - деп қуат береді. Бұлар келген соң, ауылда алтыбақан болады. Жастар жиналып, ойын-сауық басталады. Сол кеште Нүрке мен Ұмсын сөз байласады. Араға уақыт салып Нүрке алып қашатын болып,

жолдастарының ақылымен, Ұмсынмен келіседі. Бірақ ол тілектеріне жетпейді.

Үкілі Ыбырайдың өлендерін әсіресе бай, болыстарды масқаралайтын ажуа өлендерін, өздерінің бетіне айтып халық алдында күлкі еткені үшін бе, әлде қуаяқ кедейді кердеңдетіп күлкіге қала береміз бе деген басқалардың жұмысы ма, кім білсін, әйтеуір араға жыл салып 20 жасар Нүрке жер ауып, айдалады да кетеді.

Ұмсынды Торсан болыстың Шери атты баласы тоқалдыққа алады. Оның әйелінің төркіні Балта керей Нұрқан болыс екен. Жүсіп қажы, Нұрқан болыс Торсанға кісі салып қатты сөздер айтылып, ел арасы бүлінуге айналады. Араға билер, ағайын түсіп Торсан болыс көп қалың беріп, Жүсіппен келісіп Нұрқанның аяғына жығылып, айып төлеп Ұмсынды бойдақ жүрген, жібі түзу баласы Бәкенге қосады. Келесі жылы Ұмсын бір қыз бала туады да, ауруға шалдығады. Уайым, қайғыдан жынданады. Оны төркіні алып кетеді.

Бұл шамамен 1905 жылдар болу керек. Нүрке айдаудан қашып келеді. Ұмсынға барады, бірақ ол Нүркені танымайды. Құсаланған Нүрке, әрі жауларынан ығысып, елге тұрақтай алмай Сыр елін паналайды. 1915ж. жауларының көбі ол дүниелік болған соң елге оралады. Бірақ көп ұзамай сол жылдың күзінде дүние салады. Келесі жылы Ұмсын да қаза болады.

Міне, Нүркенің тағдыры осындай. Ұрпақ қалған жоқ. Тек ағасы Омардың баласы Әбеннен мына жанымыздағы Бүркіт деп әңгімесінаяқтады әкем.

ҰМСЫН СҰЛУ

Аяйын білгенімнің айтпай несін,
Өлімнің білмейді адам ерте-кешін.
Жәмиғат, зейін қойып оқысаңыз,
Жазғаным Ұмсын сұлу поэмасын.

Ашылып айтса, тарқар көңіл кірі,
Айтпаса кімге мәлім кімнің сыры.
Басынан бағы тайып, құса болған,
Бақытсыз қыз баланың бұ да бірі.

Жансақал – қыз әкесі Мекке барған,
Елге келіп, пірәдер қажы атанған.
Бас өсіп, малда бітіп, дәулет шалқып,
Тәңірге риза болып, көңілі тынған.

Есілбай – Керей-атаң – белді байы,
Жетерлік бір басына біткен малы.
Дүние-мүлік басқада зәру емес,
Шетінен бәрі оқыған балалары.

Бай баймен құда болса – жүрер жорға,
Кедей баймен құда болса – жүрер дорба.
Жансақал, Есілбаймен құдай десіп,
Құда түсіп, болыпты бесік-құда.

Қажының жалғыз қызы Ұмсын деген,
Кәркінен көз алмайды оны көрген.

Бағында пісіп тұрған қызыл алма,
Бұраң бел, он алтыға биыл келген.

Сол Ұмсын Жансақалдың ерке қызы,
Әкенің әлпештеген бақ жұлдызы.
Сипаты пейіштегі қор қызындай,
Балқиды толған айдай нұрлы жүзі.

Дүниеде көп қыздардан артық көркі,
Көргені сұлу Ұмсын ойын-күлкі.
Әзірге жоқ басында еш уайым,
Болған соң бір басында толық еркі.

Тамаша әр мүшесі алуан-алуан,
Сипат жоқ осы күнде одан озған.
Дүниеде мұндай сұлу тумағандай,
Көркіне сұлу Ұмсын қайран қалған.

Ауылда қыз ұзату – той басталды,
Ұзақ түн толастамай ән шырқалды.
Кездесіп Ғалауетден Ұмсын сұлу,
Сөйлесіп біріне-бірі қатты ұнады.⁴⁵

Ғалауетден: - Қойма, - деді, - өкпе бізге,
Қалқажан енді менен күдер үзбе.
Бір-ақ жыл қалды оқуды бітіретін,
Үйленем, қаласа Алла, келер жылы.

Екі жас міне, осылай сөз байласты,
Қыз Ұмсын төкті сонда көзден жасты.

- Қорқам! – деп, қайта-қайта айта берді,
Жетсек деп, сол бір күнге тез асықты.

Сол тойдан үйді-үйіне жұрт тарасты,
Аспандағы ай екі жасқа сәуле шашты.
Өмірлік екі жүрек бір болсын, - деп
Сәт тілеп, көкте жұлдыз жымыңдасты.

Ұмсын қыз ұйықтап еді, бір күні жатып,
Қысқа түн өтіп қапты, таң да атып.
Шошынып өз-өзінен Ұмсын байғұс,
Оянды зар еңіреп, жасқа батып.

Ұмсын қыз жеңгесіне айтты түсін:
-Жеңгетай, көргенімнің барлығы шын.
Арманыма жетем бе, ойыма алған,
Қорыққанымнан кетіп тұр, ес-дертім.

-Бас салды қараңғыда қара жылан,
Беліме оралды кеп, тездеп-жылдам.
Аузымды басып менің, үн шығармай,
Әкетті алыс шалғай жерге таман.

Ұқсады қыз-дәуренім өтетінге,
Басыма кемдік мұңдар жететінге.
Үйімнен тұз-несібелі таусылғандай,
Жылаумен мен ұқсадым кететінге.

Керейде соңғы болған Торсан болыс,
Бақ адасса – батпаққа қонады ырыс.

Пара алғыш, өзі тентек, тым қатыгез,
Халқына кездеспеді жан да дұрыс.

Болмады Торсан болыс елге жайлы,
Қолдады пара берер көп байларды.
Өзінен бағы асты деп, күндеп-міндеп,
Жазықсыз жер аудартты Қозыбайды.

Торсанның Шери деген үлкен ұлы,
Қарақшы кезеп, шіркін, жаннан ұры.
Қолына ұрылардан жігіт ұстап,
Ұрлатып алдыратын көп жылқыны.

Тебілді Қызылағашта Алтыбақан,
Қыз-бозбала кезектесіп өлең айтқан.
Көтеріп көңілдерін жастар жағы,
Қалжың сөз, әзіл-оспақ – бәрі жарасқан.

Жүргенде «Ақ сүйекті» олар ойнап,
Сәтін салса, құтылып қайда бармақ.
Бетпе-бет, ойда-жоқта ұшырасып,
Әкетті екі тентек қызды арқалап.

Сорлы Ұмсын босанам деп, бұлқынады,
Бар күшін салып жазған, жұлқынады.
Қамалса күймелі арба ол ішіне,
Бұлардан босап қалай құтылады.

Тез жетті олар орыс қаласына,
Бұрыннан «тамыр орыс» панасына.

Кіргізді үйге сүйреп, қыз байлаулы,
Қарамай күнәсіз жан көз жасына.

Байлаулы қызды олар босатпады,
Алға қойған тағамнан түк татпады.
Қаншама сұраса да әр нәрсені,
Тіс жарып, ешкімге ол тіл қатпады.

Шеридің таусылады бар амалы,
Ұмсын қыз: Жан екен, деп санамады.
Ақша беріп, орыстың кемпіріне,
Жазықсыз Ұмсын қызды дуалады.

Таң ата: Қыз жоқ! – деп, жұрт дүрлікті,
Іздестірді қалдырмай бар түндікті.
Ауылға кімдер келіп, кімдер кетті,
Болды ма, бейтаныс жан, ер күдікті.

Жер қалмай, қызды шолып іздегенмен,
Табылмай сорлы-байғұс ешбір жерден.
Із-түссіз, тойлы түнде қыз жоғалды,
Бір жан да кездеспеді көрдім деген.

Арада осылайша күндер өтті,
Естілер, тым болмаса, сыбыс, десті.
Ешкімге қиянатым жоқ, - деп қажы,
Жазықсыздан жазықсыз кім өшікті?

Отырмын зорға шыдап, шықпай жаным,
Есілбай беріп қойған, қалың малын.

Жаратқан! Жалғыз өзің жар бола көр,
Қызымның білсем деймін бір хабарын.

Жазықсыз кім көнеді қиянатқа,
Тілемен жамандықты: жауыз-жатқа.
Жоқ еді, ұзыннан - өш, қысқадан – кек,
Тапсырдым қыз баламды, жалғыз – Хаққа!

Жамандық іс жатпайды жасырғанмен,
Бәз біреу жаулық жасап, басынғанмен.
Болыстың бір баласы бар деседі,
Айғақ жоқ, нақты барып көзбен көрген.

Бүгінде жан азайды сөзді ұғар,
Қызымнан жетсе шіркін, жылы хабар.
Ағайын, айтыңдаршы, менде қазір-
Күш барма, сол болысқа қарсы тұрар?

Тыңдаңыз ендігі сөз Ұмсын қыздан,
Тағдырдың тәлкегіне ұрынған жан.
Көп төккен, көзден аққан жасын иіп,
Құтылса жарар еді-ау, есен-аман.

Тұтқын боп, Ұмсын сұлу, төкті жасты,
Ақ жүзін қасірет пен қайғы басты.
Бұл дұшпан маған ғашық болмас еді,
Қап-қара, шұбар қылып шешек жесе.

Байланды жатқа басым, жанашыр жоқ,
Бар үміт ағалардан, көңілге тоқ.

Оңайлықпен енді олар беріспейді,
Торсаннаң балалары – бар жауыз топ.

Қалама терім сіңген құндыз бөрік,
Түскесін басқа қайғы құрсын көрік.
Біріндей бозбаланың Ұмсын едім,
Басымнан билік кетіп, қалмады ерік.

Менде жоқ, бұрынғыдай ұйқы қанық,
Қайғырып, қапаланам күйіп-жанып.
Жаратқан жалғыз өзі жәрдем беріп,
Құтылсам бұл қапастан ебін тауып.

Тәңірім, бұл пәледен өзің қорға,
Қыз Ұмсын қапелімде түсті торға.
Ерке өскен мен әкемнің тотысы едім,
Отырмын өлмеген соң, әрең-зорға.

Амалсыз не қылайын жалғыз басым,
Кеміді қасіреттен жарым жасым.
Ой тауып, осындайда жол сілтейтін,
Белгілі болды арасы дос пен қастың.

Жығылды Ұмсын сұлу есін білмей,
Қор болып, мехнат тартып неше күндей.
Жабысқан осы дерттің түрі жаман,
Қаншама таң атырды көзін ілмей.

Есін жиып, тағы да көзін салды,
Қапаста тұрғанына қанша налды.

Ата-ана, елі-жұрты еске түсіп,
Қыз Ұмсын әлсін-әлсін естен танды.

Тағдырдың кім көнбейді құдіретіне,
Жібермес өз көңілім жанды еркіне.
Тап болды ауруы жоқ Ұмсын сұлу,
Кеселдің жазылмайтын бір дертіне.

Балгерлер бойға сіңген дуа десті,
Айырар асқынғанда ақыл-есті.
Жасалған қастандығы ойлап тапқан,
Алмақ боп, жазықсыздан солай өшті.

Сол дуа көп кешікпей бойға сіңіп,
Отырад өзді-өзінен сылқ-сылқ күліп.
Шалдықты жазылмайтын осы дертке,
Өз басын өздігнен жерге ұрып.

Кететін әлсін-әлі есі ауып,
Бір көзі көрмей қалды, нұры тайып.
Өзінен-өзі сөйлеп отырады,
Алдына қолаң шашын күнде жайып.

Еркі жоқ қыз баланың күні құрсын,
Жігіт сол серттен таймай, сөзде тұрсын.
Тырнағына ілігіп, жыртқыш аңның,
Қор болдың қандай жанға сұлу Ұмсын.

Аямай, көндірем деп, сабап ұрды,
Дуадан естен танып, болды – жынды.

Сол дерттен жылға жетпей Ұмсын сұлу,
Өмірмен қош айтысып, көзін жұмды.

Ағайын, туған-туыс – бәрі жылап,
Зорлыққа, қиянатқа әрең шыдап.
Жел дағы тына қалды ішін тартып,
Орман да аза тұтып, аң-құс шулап.

Жас өлім қандай ауыр, жанға батты,
Қара жер бауыры суық, кімді аяпты?
Торсанның баласымен өзін қоса,
Қалың жұрт қарғыстарын айтып жатты.

Көргем жоқ, ол жандарды мен де көзбен,
Естіген әңгімем-ед, үлкендерден.
Егер де болса, міні – жансақ жері,
Кешірім мен сұраймын, шын сіздерден.

Ожан Қали

АДАСҚАН АҚҚУ

Дастан

*Ерімей жібімеген іштің мұзы,
Жаз келмей бұрын жеткен қыстың сызы.
Гүл жармай дүниеден ерте озған,
Қазақтың оқымысты тұңғыш қызы.*

1

«Қажы – бай құлағың сал мына сөзге,
Тапсырар аманатты – келдім кезге.
Білуге дүниені құмартып тұр, -
Ұмсынжан... айтарым жоқ онан өзге!»

Көз жұмды Қарашашы осыменен,
Сыртынан бақұлдасып қызыменен.
Тұңғышы туа жалғыз кішкентайы,
Томпиған әрі сырлас досыменен.

Қалды Ұмсын анасынан алты жаста,
Інісі Тілемістің жөні басқа.
Ат қойған «ағасына» Қойбағар деп,
Бекерге атамапты бостан-босқа.

Жетектеп бала Ұмсынды өз қатарлы,
Мешітке молла алдына өзі апарды.
Жеткізіп «Қарашаштың» соңғы сөзін,
Жұсып бай түсіндірді жәй-жапсарды.

Әуенді әлде қалай самал сырлы,
Әндете жарма есікті аша кірді.
Нұрлы жүз екі көзі оттай жанып,
Бала Ұмсын өз-өзінен тасый кірді.

«Көздінің көз айымы болмағай тек,
Япырау бал-бұл жанған неғылған бет.
Әжесі-ау немереңе тұз сұрықта,
Хазірет көрмей жатып таңқалған ет».

Осы оймен хазіретті кешке қарай,
Әуірім әлдеқандай күшке санай.
Шақырды дәмін үйіп дастарханға,
Ақ бата адал ниет – іске балай.

Қуанды ата-әже әулетімен,
Салдырам оқу орнын сәулетімен.
Оқумен айналысса аярым жоқ,
Бөлемін әдейі арнап дәулетімнен.

2

Кей-кейде алғы күнге алаңдайтын,
Сағыныш әлде қандай сылаңдайтын.
Бұлдырлау беймәлімдеу болашағын,
Аялай ақ үкілей армандайтын.

Дүниеде басқа жоқтай құран біліп,
Оқыған балалықты құрбан қылып.

Ананың ақ сүтіндей пәк тазалық,
Дарыған тұла бойға имандылық.

Білуді үйренуді армандаған –
Өмірдің асылы деп жайраңдаған.
Бұқардың бір ғалымы хазіреттен,
Үш жылда бастауышты тамамдаған.

Оқуда не бір терең мойымады,
Ұстазы алғырлығын пайымдады
Бұл қызға айтарым жоқ енді менің
Хазрет таусылғанын мойындады.

Құраннан басқа жоқ деп өмір мәні,
Балқыған әр жолынан оның жаны.
Қолына құран тисе алып ұшқан,
Жұмаққа кіргендей-ақ оның жаны.

Оқыған Мұңлық-зарлық – болған қайғы,
Жүсіп пен Зылиқадай ғашық жайді.
Сырларын сансыз ғашық бойға бүккен,
Балайды «патшайым» деп сұлу айды.

Ғажайып құбылыстар білген сайын,
Тауысқан құныға оқып көздің майын.
Па шіркін болған екен жан беріскен,
Бірі үшін бірі өлген Қозы – Баяндайын.

Осындай сезімдер де болады екен,
Көңілдер сырға симай толады екен.

Қосылған сүйгендердің арманы жоқ,
Бақ құсы таңдап келіп қонады екен.

Көлденең көз салғанға арбалмаған,
Жылтырақ барға жоққа алданбаған.
Ата-ана асылым деп жалғыз қызын,
Бақытын болашағын армандаған.

Апарды «Троицкий» мектебіне,
Сай келді дәрежесі жеткеніне.
Не бары «Уазифада» бір жыл оқып, -
Бітірді келесі жыл көктемінде.

Бұл қыздың алғырлығы бөлек деді,
Санасы өте терең зерек деді.
Имамы Қызылжардың Мұхамедбин,
Оқыту одан әрі керек деді.

Жүсіп та бір кездері көңіл қойған, -
Білімнің негіздері аян оған.
Шет елде одан әрі оқуына
Бөгемей баруына бейіл болған.

3

...Қажылар болған екен жол бастаушы,
Сияқты кәдімгідей қол бастаушы.
Ұзақ жол өмір-өлім арасында,
Алланың әмірімен жан сақтаушы.

Болыпты соның бірі Бәдел қажы,⁴⁶
Қол созған қалғандарға – болмай лажы.
Жолында қажылықтың ғұмыр кешіп,
Арнайы Мәдинадан киген тәжі.

Тәжінің қасиетті күшіменен,
Тұрағы – Александрия түсіне енген.
Қалаған шаһарлардан өзің таңдап,
Меккеден Әмір жеткен – тұрсын деген.

Арабтан әйел алған қош көретін,
Ойы да ақылы да дес келетін.
Бәделдей әрі дарын әрі жалын,
Қазақтың әдет-салтын ес көретін.

Осылай орын тепкен Бәдел қажы,
Жат жұртта аңыраған қобыз сазы.
Иа Алла!
Қазақтың дәм тұзынан айырма деп,
Алдырған Сарыарқадан құрт, май, қазы.

Мекеге сапар шеккен – жолы болған,
Мысырда Бәдел-мешіт орын салған.
Бір қазақ мың қазаққа төр ұсынып,
Дарқандық дариясы тасып толған.

Бір жолы Абылайдың⁴⁷ бастауымен,
Аманат – Ұмсын қыздың қостауымен.
Аль Азһар мектебіне Египеттің,
Алдырған Гүлям Рифат⁴⁸ қоштауымен.

Алынды Бәделбейдің қамқорына,
Үйретті бәйбішесі жаңа орынға.
Алыста бөтен елде алаң болмай,
Бет бұрды ақиқаттың ақ жолына.

Аль Азһар ғылым орны атағына,
Сайма-сай шәкірт болды қатарында.
Ескендір Зұлқарнайын орын тепкен,
Атақты Александрия шаһарында.

Бір кезде жер кіндігі болған шаһар,
Шаһарда жаннан басқа бәрін сатар.
Жер жүзін дірілдеткен жорығымен,
Александр Македонский салған қаһар.

Салдырған сарайларды алтындатып,
Көрсеткен күндік жерден жарқылдатып.
Аттанған шығыс бетке осы жерден,
Қолменен жерқайысқан солқылдатып.

Адамның есебі жоқ қалың орман,
Қырқысқан қызылқанды қырғын болған.
Қисапсыз сол қырылған жан атаулы,
Бір сәттік қызық үшін болған құрбан.

4

...Жолдарын бөгемеуді заңдастарған,
Талапты тәуекелмен жолдас қылған.

Айларды жол үстінде артқа тастап,
Оқуды Египетте жалғастырған.

Жеткені таяу шығыс айдын жүзі,
Аль-Ашар университеті шыққан құзы.
Шет елге білім іздеп тұңғыш барған,
Қазақтың жұдырықтай жалғыз қызы.

Келгені үш континент жанасқан жер,
Дін Ислам бір тұтаса толысқан бел.
Сан тілді жарқыл-жұрқыл хан базардай
Үш нәсіл бір шаһарда тоғысқан ел.

Бұл жалған дүниеде жетпес баға,
Жиналған бар әлемнен «сый мен сана».
Сыңсыған сықырлаған қалың орман,
Ғажайып бұл не деген кітапхана!

Сияқты Александрия мұнарасы,
Жетпейді шет-шегіне көзқарасы.
Жол тауып бұл биікке қалай шығар,
Әліде қатаймаған бұғанасы.

Сырлары ғылым білім асқаралы –
Мақсатты күш жігерден жасқанады.
Саралау тану сызу ажырату,
Барлығы тіл білуден басталады.

Көруге дүниенің арай күнін,
Естуге дүниенің талай үнін.

Биссмиләһи жар болагәр – ашты есігін,
Дүниенің тылсымдалған сарайының.

Тілдесті түрлі мәсіл тұрғындармен
Кездесті көсем шешен бұлбұлдармен.
Тұңғыық түнгі аспанға талмай қарап,
Сырласты жымыңдаған жұлдыздармен.

Ден қойды дүниенің дыбысына,
Кіргендей қайдағы бір қуысына.
Сол жерден қарманғанда алтын балық,
Сезінді ұстағандай уысына.

Тыңдасаң дүниенің жыры қандай!
Тиеді жан жүйеңе үні балдай.
Сазды үні әлеміңді шайдай ашып,
Жайнайсың Иран бақта отырғандай!

Шешендік сайыстарда төгілген тер,
Бүгілмей тақ таласта қираған бел.
Бірі өлп бірі кетіп жеңген жерде,
Өшпестей атақ даңқты сыйлаған жер.

Бұл жерде тасқұдайлар керден кеткен,
Жеңген соң Перғауынды Парсы келген.
Торабын тоғыз жолдың тартып алып,
Румдар тас бекініп алған төрден.

Цицерон қалың қолмен басып өткен,
Көсіліп Август, Помпей тасып өткен.

Патшалар бірін бірі ығыстырып,
Румнан Юлий Цезарь қолы жеткен.⁴⁹

Қаптаған жау атаулы келген өктем,
Басқыншы бұл өңірге өлім сепкен.
Кемелер мың-мың санды адам толы,
Шайқаста шаит болып суға кеткен.

Бүгіндер көк теңізі шалқып жатыр,
Бусанып күн көзіне балқып жатыр.
Осынша адамдарды жұтып алып,
Ештеңе білмегендей толқып жатыр.

Анау тұс «қауыз» дейді Антонийдің,
Арнайы жас патшаға берген сыйдың.
Сұлудың падишасы Клеопатра,
Екеуі махаббаттың кешкен күйін.⁵⁰

Екеуі сол қауызға түседі екен,
Румның мақсат жолын пішеді екен.
Маржанды – миллион унци¹ кәусарға ерітіп,
Әр күнде Клеопатра ішеді екен.

Антоний тұңғыш көрген мұндай жәйді,
Сұлулық сымбатына сайма-сайды.
Күн сайын жайнай түсіп жасарудың,
Сырына қанық болып қайран қалды.

¹ Унци – алтын өлшемі.

Ойласа жатқан теңіз жер ортада,
Байланыс жасалғандай жол ортада.
Тарихқа үңілгенде бұрынғы өткен,
Сезінді жүргендей-ақ сол ортада.

Болған ғой бір заманда «заман ақыр»,
Өртенген жер бетінде күлі жатыр.
Жалғанды жалпағынан басып өткен,
Кітаптың беттерінде ізі жатыр.

Қақ алдан іңкәр көңіл бұлаңдаған,
Көруге тағат таппай тұра алмаған.
Аль-Ашар мектебінде бес жыл оқып,
Ғылымнан он екі фән тамамдаған.

5

Алқызыл алашабыр көкбоз аспан,
Күн батып бара жатты қырдан асқан.
Аңшылар келе жатты қыраулатып,
Ақ мамық жауған қарды күрт-бырт басқан.

Келгендей бүгін сәні қырдың жоны,
Көк қыран, құмай тазы оңды солы.
Қанжыға қарсақ, қасқыр, қызыл түлкі,
Олжалы болған бүгін аңшы тобы.

Аңшылар жолы болған сәнді-бапты,
Әсерлі өңкей шешен тіл мен жақты.

Қуаныш бойға сыймай бұрқыраған,
Даланы дуға бөлеп келе жатты.

Жиналған осы өңірден сал жігіттер,
Бәрі де саятшыға сай үміткер.
Бүгіле бүктетіліп көсілетін,
Астында бөкен санды сәйгуліктер.

Тұлпарлар ауыздықпен алысады,
Жігіттер сұқпа сөзге барысады.
Қызынған аңшылықтың желігімен,
Жол бермей сөзге қонақ жарысады.

Ыбырай дәл ортада көк жорғамен,
Тайпалтып келе жатыр жасарған өң.
Тұғырда қыран бүркіт томағалы,
Жүрістен шайқалмайды оң солға тең.

Өз ара гүлдесе қағысқаны,
Сөз әзіл, оспақ көңіл жарысқаны.
Тұрғыны Шынтемірдің Шормантегі,
Ішінде осы топтың арыстаны.

Баласы Тоқтабайдың Нүрке сері,
Түп төркін – Таузар Керей шыққан тегі.
Таузардың маңдай алды балуаны –
Әрі әнші әрі мерген әрі сері.

Іздеген бала жастан жан-тұрақты,
Ойлаған Нүрке сері жар мен бақты.

Жігіттің жарқылдаған жампоз пірі,
Тербеліп ат үстінде келе жатты.

Ойласа Ұмсын қызды тасиды еркі,
Есінен кетпей қойды сұлу көркі.
Білмейді не қыларын мұндай кезде,
Болады асқынғандай ғашық дерті.

Каирге бес жыл бұрын аттандырған,
Сол сәтте қимастықпен мойын бұрған.
Тербеле ұзай берген фазтонмен,
Кеткендей болған сонда жаны құрбан.

Түседі кездескен кез ерке Есілде,
Әліде келмесе де бір кесімге.
Қойбағар Тілеміспен Қараөткелде,
Ұмсынды қарсы алғаны әлі есінде.

Сонда ол қолын бере құшақтасқан,
Көзінен әлде қандай шуақ шашқан.
Сүйріктей саусақтары діріл қағып,
Іштегі жанған өртті әрең басқан.

Ұмсынның Египеттен оралғаны,
Өңірге жаңалық боп таралғаны.
Той болған ұланғайыр ауылында,
Сонда бір жарқыраған жан арманы.

Жақындап Нүрке сері сөз жайдақтай,
Ой салды Ыбырайға жез қармақтай.

Астында жер баспайтын қыл жирені,
Боз інген сүтін емген бозтайлақтай.

Бұл ойды Ыбырай да байқап қалған,
«Бұла күш бұлғып көңіл шығар алдан.
Жігіттің бес күн жарым ғұмырында,
Қол созған алтын айға қайран арман».

Қарағым Нүрке сері деген сонда,
Көз салшы айналаңа оң мен солға.
Бет алған жағдайыңды білемін ғой,
Белгілі көп бөгеттер тұр ғой жолда.

Жолкеұлы мал берудің жолын тапқан,
Бір сері сөз салыпты Есіл жақтан.
Көз салған көңіл арсыз әулекі көп,
Ыбырай ақыл берді – содан сақтан.

Сұлуға кімдер талай қызықпаған,
Әулекі әумесерлер қызықтаған.
Ақырып айға шапқан арыстандай,
Аһ ұрып көз майларын тұздықтаған.

Кішкентай Жолкеұлы соның бірі,
Азуы алты қарыс оның түрі.
Байлықпен байлап матап әкім байды,
Алыстан айбат шегу оның қыры.

- Бұлардың барлығына қарамаймын,
Сүйгенге тең келер деп санамаймын.

Қаласа көп ұзамай алып қашам,
Әзірше Тұрғын байға паналаймын

- Көмегім менің шырақ тіл мен жағым,
Бұл қайда алып барар ол бір ағым.
Дауласса дауға ортақпын малға ортақпын,
Сен батыр қайда болсаң мен сондамын.

Бұл Нүрке қандай қызға ғашық болды?
Айтқанда сол сұлуды тасып толды.
Ұмсынның бала кезі еске түсіп,
Көруге Ыбырай да асық болды.

Қажылар елі атанған осы маңда,
Көрмеген көптен бері сері салды.
Бұрылып Жансақалдың ауылына,
Сау етіп бір топ аңшы түсе қалды.

Тұрғындай бай арада сері және,
Ертеден байға түсу болған кәде.
Қажылар үйде болмай қарсы алды –
Бір кезде атағы асқан Шойман әже.

Жүсіптің кіші ұлы Тілемісі,
Саудамен аты шығып жүрген ісі.
Қуана қарсы алды қонақтарды,
Қадірін ағалардың білген кісі.

Жайылды берекелі дастарханы,
Күткендей көптен бері тосқандары.

Жайғасты «ат шаптырым» үлкен үйге,
Өңірдің жақсы менен жайсандары.

Сусындап қонақтардың қанған шөлі,
Отырған жайма шуақ сүртіп терді.
Түскендей көктен ғайып бір періште
Айқара жарма есіктен шыға келді.

Кигені аппақ шаңқан ақ көйлегі,
Аққудай көлки ұшқан құс бейнелі.
Жұлдыздай жарқыраған екі көзі,
Ырғалған жүрісінен «жер тербелді».

Қыр мұрын аппақ жүзі жазық маңдай,
Қиғаш қас алма мойын толған айдай.
Жалт етіп жүз аудара қарағанда,
Дермісің періштеден жаралғандай.

Сұлулық көзді қарып сүрінгені,
Жұтынып тамақ қырнай күлімдеді.
«Тіл көзден сақта құдай мына қызды» -
Ыбырай ішін тарта күбірледі.

Сынауда Ыбырайға орнаған бақ,
Ертеден алғыр бетті Нүркеге жақ.
Тең екен мына сұлу Нүркеменен,
Екеуі ғашық болса болғандай-ақ.

Көргенде Ұмсын сұлу өңкей салды,
Сызыла көз астынан шолып алды.

Сиқырлы сұлулықтың мысы жеңіп,
Белгісіз бір тыныштық орнай қалды.

Иіліп сәлем берді бел қайысып,
Отырды өз сәніне сай жайғасып,
Ақ сәуле әшекейлеп самауырды,
Шәй құйды аппақ сүйрік қол майысып.

Тұрғыны Шынтемірдің сөзге епті,
Толайым тумысынан көрген көпті.
«Тілдессек боларма екен немереңмен,
Соңынан ақ әженің ерген» депті.

- Лұқсат Тұрғын жаным сұрағаның,
Орданың шаңырағын сыйлағаның.
Жер шалғай теңіз асып аман жетті ау,
Маңдайға жалғыз біткен – қимағаным!

Отырыс жүрісінде бала жастан,
Инават ақыл пандық араласқан.
Ел көріп жер көргені байқалып тұр,
Ашықтық туралықты және қосқан.

Қарағым аман келдің – шүкіршілік,
Етеміз бәріміз де жол ұсынып.
Арабтың жаңалығын айтшы жаным,
Сұраймыз ағаларың – қол құсырып.

Бастады сонда сұлу сөзді еппен,
Мөлдіреп екі көзі нұрын төккен.

Үніндей қоңыраудың сыңғыр қағып,
Сүйкімді дауыс жетті қырын беттен.

- Ағатай сөз бергенге құн жетпейді,
Бұл сапар үлкен іске міндеттейді.
Бір сөзбен айтып беру мүмкін емес,
Барлығын баяндауға тіл жетпейді.

Сондықтан айт десеңіз ол жақтарды,
Арабтың жазулары айғақтар-ды.
Ұлтымыз оқысын деп алып келдім,
Бір сандық анау тұрған кітаптарды.

- Қанықтым жауабыңа жан қарағым,
Аз сөзбен бәрін айттың беу жарадың!
Ұлтыңа жеткізіпсің жеті жұрттан,
Байлығын баға жетпес ой сананың.

- Сағындым ел жұртымды өздеріңді,
Еліктей еркін өскен жерлерімді.
Дарқаны дариядай кең даламның,
Сағындым сұлу сырлы сөздеріңді.

Сөз десе біздің қазақ елеңдеген,
Құмары тамыршыдай - өлең деген.
Ауылға сал серілер келгенді естіп,
Ағылды бай үйіне – көрем деген.

Үй толды адамдарға жыр сүйетін,
Жан ашып өнер десе жан күйетін.

Ыбырай осы ортада балқып отыр,
Арадай тыным таппай бал жиятын.

Өзінше тыңдаушыны сынап алды,
Құлағын домбыраның бұрап алды.
Домбыра былпылдады куйқылжыды,
Әсерлі бір әуезді әнге салды.

- Айт десең, Ұмсын қалқам, сөзім дайын,
Ортада отырғанда «күн мен айым».
Серілер сырларынан суыртпақтай,
Айшықтап әсемдете баяндайын.

Қалайық келді кезек ей, ән бастайын, аа-а-а
Ән сүйген төңірекке ей көз тастайын аа-а-а.
Төңірек судай тынып толқып отыр
Сондықтан ей «толқынымнан мен бастайын,
ой... ги-ги-гай, ги-ги-гай.

«Толқынды айту керек ей жайлап қана, аа-а-а
Өзінің нақысымен ей сайлап қана, аа-а-а
Дариядай шалқып жатқан болмаса да,
Бұлақтай ей, көзі шыққан қайнап қана
ой... ги-ги-гай, ги-ги-гай.

Әуелі лапылдаған жалындай бұл аа-а-а
Екпіндеп емен жыққан дауылдай бұл аа-а-а.
Майдағы майда мақпал жауып өткен,
Екінші ей нөсерлеткен жауындай бұл
ой... ги-ги-гай, ги-ги-гай».

Қырғидай қас қағымда шолып алды,
Нүрке мен Ұмсын қызға көзін салды.
Екеуі екі жақта отырса да,
Толқыған жарастығын сезіп қалды.

Толқынды одан әрі толқытты – ай кеп,
Толқыны ғашықтарға жеткендей – дөп.
Дәнекер жібін жалғап жымдастыра,
Екеудің емін тауып еткендей сеп.

Ыбырай айтар сөзге аузы епті,
Қос шекті одан әрі безілдетті.
Бүгінгі жолы болған «аңшылықты»
«Толқынға» жалғастыра серік етті.

Ашылды ақындықтың тағы қыры,
Бұл кеште жиналған жұрт ұқты мұны.
Шырқалды ұрпағына аңыз болар,
Әйгілі Үкілінің «Аңшы жыры».

- Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа,
Мінген ат шабуылмен танаулса.
Кигенің іші қызыл орман түлкі,
Құлпыртып жез сабаумен сабаулса.

Болғанда биен жарау атың қату,
Жігітке лайықпа қарап жату.
Серлік жастықта ерлік бойға қонып,
Жігітке ол бір қызық дуылдату.

Қызыл жел көңіліңді қыздырмалап,
Тұрмайма тағатыңды, бұздырмалап.
Жүйрік ат, қыран бүркіт ұшқыр тазы,
Үшеуі ер жігітке құйрық қанат.

Қалың бет салыңқы төс қамыс құлақ,
Бөп бөлек ойынды еті тұрған құлап.
Жүйрікті бір досыңнан сұрап алып,
Кежімдеп кереуетте жатсаң сұлап.

Бүркітің сонда тұрса саңқ-саңқ етіп,
Күтіліп саятшымен бабы жетіп.
Қанды көз қайқы тұмсық қарауытып,
Ұмтылып көрінгенге тап-тап етіп.

Қарғылы тұрса тазың сылдыр қағып,
Керіліп бір сілкінсе дүр-дүр қағып.
Таңертең аңға шығар мезгілінде,
Еркелеп келсе жетіп сылаң қағып.

Сол күні келе қалса аң құмарың,
Лепілдеп соға қалса ынтызарың.
Бүгілтіп жылқыдағы жарау атты.
Ертемен алып келсе малшыларың.

Итті алып аңға шықсақ, құсты бүреу,
Еріне күміс балдақ қылып тіреу.
Жігіттің бес күн жарым ғұмырында,
Па шіркін болса деген бұл бір тілеу.

Таулардан түлкі қашса бұлдыр қағып,
Соңынан құса тазы сылдыр қағып.
Кейінгі дабылшының айғайымен,
Шайқақтап қыран ұшса бұлтты жарып.

Алғанда қыран бастан тазы таңнан
Құтылмас қашқан түлкі қос қыраннан.
Жігіттің бес күн жарым өмірінде,
Мұншама қызық өтер сұм жалғаннан.

Күн ұзын түлкі қуып тауды айналып,
Қарайып күн кеш болса көз байланып.
Олжаны қанжығаға байлап алып,
Қонуға қызды ауылға ыңғайланып.

Желіккен сол көңілмен қайтқанда елге,
Мінген ат қырауытып батса терге.
Өлеңші домбырашың қасында боп,
Кез болсаң қоналқыға бұраң белге.

Самауыр ақ шәйнекпен тұрса қайнап,
Отырса бір сұлу қыз көзі жайнап.
Сол күні қыз әкесі үйде жоқ боп,
Отырсақ әзілдесіп күліп ойнап.

Шешесі ойнақылау жастау келсе,
Ол қызға бір жеңгесі қастау келсе.
Бір жігіт аузы епті түлкі сойып,
Әзілді қалжың сөзді бастай берсе.

Сол жігіт бастай берсе әзіл сөзін,
Қараса қызға жігіт қадап көзін.
Ішінде махабаттың оты лаулап,
Балқыса қорғасындай сонда сезім.

Тоқтабай әкең аты Нүрке өзің,
Серпіле көңіл ашар келді кезің.
Шалқыта «Шалқыманы» басшы жаным,
Шаттана балқығандай «мөлдір көзің».

Бір тұстан дауыс шықты «Жарқыным-ай!»
-Па шіркін Ыбырайым – алтыным-ай!
Кір түссе көңіліңді ақын ашар!
Қырандай аспандаған жарқылын-ай!

Өзі айтпай «Шалқыманы» бере салды,
Тұрғын бай қылығына қайран қалды.
Ыбырай еліктіре желпіндіре,
Нүркені осы кеште алға салды.

Ал Нүрке ақ жеңдерін түрін алған,
Малдасты айқастыра құрып алған.
Еңселі өр кеуделі кең иықты,
Қыран көз нұрлы жүзі бал-бұл жанған.

Шашақты домбыраны алды қолға,
Ұқсады шыққандай бір биік жарға.
О..у ли-лла-лай, ли-лла-лай,ли-лла-лай,
Дауыстың екпінімен толқыды алға!

...Өлеңмен екі өкпеңді қалқытайын,
Денеңді қорғасындай балқытайын.
Біржаннан алып қалған әнім еді,
Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын.

Салайын «Шалқымамды» ырғақтатып,
Үкілі домбырамды бұлғақтатып.
Шырқаған әнім еді серілікте,
Оңаша Торшолақпен келе жатып.

Өлеңмен болдым таныс ой мен қырға,
Құлақ салып, халайық, әнімді тыңда.
Біреуге айдай алмас малды беріп,
Мол қылған ән-өлеңмен мені жырға.

Өлеңмен талай жерді тегістедім,
Қадір білмес адаммен келіспедім.
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,
Сен алма, мен бір тауық, жеміс тердім.

Шарықтап шалқыманы аспандатты,
Қызғанда қызға қарап қасын қақты.
Әнменен көңіл күйді әсем өре,
Қыз жүзін жанарымен жақындатты.

Әсерлі ән бастырмалай жосып өтті,
Екпіні алты қырдан асып кетті.
Шабытты шалқыманың шарпуымен
Шайқала осы тұста тасып кетті.

Сұлуға көз қиығын салып өтті,
Жәй өтпей қыран көзі қарып өтті.
Балқыған шалқымаға жайнап жүзі,
Қыз дағы жарқылымен жанып өтті.

-Уа шіркін Ыбекеңнің «Шалқымасы-ай!»
-Шалқыма Үкілімнің атына сай.
-Шалқытқан Нүркенің де осал емес,
-Өнері жаз бейнелі көркіне сай.

Ешкімге білдірмейтін басқан ізін,
Толқытты осы бір ән Жүсіп қызын.
Нүрке де жеткізгендей бар тілегін,
Сүртінді орамалмен нұрлы жүзін.

Сұлудан бір сыйқырлы сезім жетті,
«Өнермен өрге жүзер кезің кепті».
Бір күштің әлде қандай әсерімен,
Қос шекті алқымдата безілдетті.

Нүркенің бабы келді-ау – жалындатты,
Тайпалған боз жорғадай ағындатты.
Зор екен дауыс деген кең тынысты,
«Айбозды» боз інгендей аңыратты.⁵¹

«Айбозым айхай бозым-ай даңғыл бозым!
Ел шалғай жүре алмадым жалғыз өзім.
Сүйікті сүйіскенді сағынғаннан,
Талады қарай-қарай екі-ау көзім.

Ха-ла-ла-ку лиллай, лиллай, лиллай
Лила-лау, лиллай ха-ла-ла-ку
Лила-лай, лила-лай».

-Па шіркін сері болсаң Нүркедей бол!
-Ән салса ой өрнегін пішеді мол!
-Келгенін ел еркесін естігендер,
Тыңдауға түстік жерден түседі жол!

Бұл өткен думан сауық өтетұғын,
Өркімнің азба көппе көретұғын.
Өтіпті от оранып жалын жұтқан,
Түстей боп сенбесең сенетұғын.

Сезімдер серттескендей болған еді,
Оралмас алыстаған арман еді.
Қазбауыр ақша бұлттай өте шыққан,
Бұл да бір жігіттіктің дәуірі еді.

6

Қызықта, неше түрлі ауыр мұң да,
Болған ғой «Қызылағаш» бауырында.
Үйленіп Жүсіп байдың Қойбағары,
Той болған Жансақалдың ауылында.

Соңына салтанатты нөкер ерген,
Бай қызын өткен жылы тұңғыш көрген.
Сұлудың сымбатына арбалған соң,
Арнайы Ақан сері тойға келген.

Қай кезде сері деген қызу қанды,
Той десе аямаған шыбын жанды.
Думан той көркін ашар ардақтыны,
Қуана ауыл болып қарсы алды.

Ән салған Ақан сері осы тойда,
Жәй бастап әуелінде қоңыр майда.
Ой мәнін астарлата жүз құбылта,
Аударған қыз көңілін келген бойда.

Сырларын одан әрі тереңдетті,
Бесікті тербеткендей өлеңдетті.
Ән сүйер адам болса осы тойда,
Аспаннан жұлдыз алып берем депті.

Келеме тойдың сәні ойын болмай,
Ән мен күй әлдиледі ойды толғай.
Басталды көрші, мыршым ойын-сауық,
Орамал сезім-сырды кетті жалғай.

Ән салған осы тойда байдың қызы,
Арайлы мың құбыла арман жүзі.
Кәусардай имандылық – иландырып,
Үнінен тазалықтың қалған ізі.

Сызылта баяулата салған әні,
Жеткендей ғұламадан ілім нәрі.
Құранның хадисінен хабар беріп,
Әнменен өрнектелді өмір мәні.

Білдіріп үкілі үміт үндерінен,
Жастықтың жалын атқан күндерінен.
Жұмбақтай Ақан сері сұрақ қойған,
Сөз бастап Араб Парсы тілдерінен.

-Адамның екі көзі көрер ғайни,
«Самигөн ғала рәі-си ұзнайни
Тахбүбім сізге ғашық болғаным,
Ташшаһүн екі инімде малакайни».

Сыпайы сыр ашарда ең әуелден,
Аялай шын асылдың қамын жеген.
Алаштың ардагері сері Ақанға,
Бөгелмей сонда Ұмсын былай деген.

-Ділбардан ділбар керек шахуазия,
Перизат духтар шаһи гүл-назия.
Әр нақыш мәдхамды гүл түстерсің,
Діл арай діл Хафиза гүл-нақия».

Асыра жұмбақ айтып берем деген,
Жәй қалды байдың қызын жеңем деген.
Байқатты Ұмсын сұлу сері Ақанға,
Білімі әлде қайда тереңдігін.

Сезінді Ақан сері басқандай шок,
Манадан айтқандары жалғандай боп,
Көрінді мына отырған Ұмсын сұлу,
Ой жетпес алыстағы армандай боп.

Таң қалды Ақан сері біліміне,
Қомсынды өзінің құр тірлігіне.
Асылға сұлулыққа дiңгек болған,
Япырмау дариядай дiн-дiлi ме!?

- Ай жүзiң жарқырап тұр-ақ жақұтың,
Бұйырар екен кiмге бұл бақытың.
Жалғанда жан қисам да бермес едiм,
Өттеген өттi-ау – кеттi-ау уахытым.

-Ағажан, қапаланба өткенiңе,
Ризалық тәуба керек жеткенiңе.
Алаштың ардақ тұтқан ардагерi,
Жетерсiз әлi талай өткелiңе.

-Жеткiзген бiр өзiңе мәлiм күйдi,
Десем де сiздейлердi жаным сүйдi.
«Ағажан» деген сөзiң жүрегiмдi
Ерiтiп жасартқандай жылы тидi.

Көз салса күлiм қаққан қыздың жүзi,
Балбырап балқығандай байдың қызы.
Толқыған серi дағы сол бiр сәтте,
Сезiндi ерiгендей iштiң мұзы.

Ешқашан ойламаған сүйер жанды,
Сақтаған самалым деп үмiт – арды.
Iштегi толықсыған сыр сезiмдер,
Бұлжымас сенiм сертiн бұзып жарды.

Сезімді сездірмеуге асық болған,
Сақтанған жосығы мол шалыс жолдан.
Айтысып сол бір көрген сәттерінен,
Сөйлеген сөздеріне тасып толған.

Ұмсынның мысы жеңіп ой қамалды,
Таба алмай отырғанда бір амалды.
«Қыз сыны» сағымдайын сылаң етіп,
Кенеттен түсе кетті – ой орамды.

Ұмсынды сонда Ақанға көрші қылған,
Қиғандай сұлулыққа басын құрбан.
Соңында ойын-сауық Ақан сері,
Тасыта тасқындатқан асыл жырдан.

Тереңнен толғай орай қыздың жәйін,
Көз салды қияда үшқан қырандайын.
Отырған қыз-бозбала қызығардай,
Ағызды тамылжыта тілдің майын.

-Сары бел Сарыарқадай жаннат жердің,
Нелер жоқ ортасында қалың елдің.
Таранған аққу құстай айдын көлде,
Ғажайып бір перизат қызды көрдім.

Көрерім әлде ұзақ, әлде қысқа,
Жарқ етіп ой оралды жарқын нұсқа.
Жүректі жарып шыққан жыр арнадым,
Кенеттен кездескен соң аққу құсқа.

Ақбозат, ақ пәуеске, сыйлы есімнен,
Сұлулық сомдалады үйлесімнен.
Аппақ боп жарқыраған шыға келді,
Түскендей патша қызы күймесінен.

Бейнесін баяндауға тіл батпайды,
Шекеде бір шоқ үкі бұлғақтайды.
Аяқты шекей басып жөнелгенде,
Кең етек ақ көйлегі ырғақтайды.

Көргенде көңіл шіркін ойнақтайды,
Сұлудан басқа жанды ойлатпайды.
Қап-қара қос бұрымы белден түсіп,
Айшықтап ару қызды айғақтайды.

Жұқа өң аппақ жүзі үлбіреген,
Мәржандай екі көзі мөлдіреген.
Сағымдай самал соғып тербегенде,
Етегі ақ көйлектің желбіреген.

Беттеді сол ару қыз ақ отауға,
Жеткізген Шам Мысырдан сәлем сауға.
Нөкерлер шыға келе құшақтаса,
Қарсы алды қыз-бозбала жан атаулы.

Ақылман жанға жайлы сөзі қандай!
Сыпайы сыңғыр қаққан үні қандай!
Сабырлы парасатты терең ойлы,
Көргенде ерді есінен тандырғандай.

Ашылды алтын сандық қоңыраулы,
Ішінде толған кітап бұған баулы.
Тағыда алтын жүзік сырғасы бар,
Әкелген нөкерлерге сәлем-сауға.

Сұлулық осындай да болады екен,
Көргенде көңіл шіркін толады екен.
Әлемнің бар асылы ғажайыбы,
Басына бір адамның қонады екен.

Жарасып сырлы сазды сөз өрнегі,
Болсайшы екеу ара-наз ермегі.
Па шіркін! Осындай қыз бағын ашар,
Жігіттің жолы болып кез келгені!

7

Арада үкілі үміт талып ұшқан,
Хат кетті сезімдерді алып ұшқан.
Көбелек көңіл шіркін сағымдайын,
Сағыныш от оранып жалын құшқан.

Сүйгенін алыстағы асыл текті,
Әнменен Ақан сері жалғай өпті.
Елінен Қарауылдың көктей өтіп,
Сағыныш Сырымбеттен самғай жетті.

Ақан серінің бірінші хаты

Ақтанкер әлденеге есінейді,
Аққу ма періштеме түсіне енді.
Кезінде бағы тайған дер кезі ауған,
Күнінің не боларын түсінбейді.
Сап көңілім Ғайни Хият бұлағындай,
Мәңгілік қасірет тартса өкінбейді.

Ақтанкер күй талғамас бәйге десе,
Қара көз тілек тілеп мөлдіресе.
Алласы нағып мойын бұрмас екен,
Күнәсіз қыз жүрегі шын тілесе.

Бақыт па қасірет пе маңдайымнан,
Бал тамар сөйлеп кетсең таңдайыңнан.
Сирател мұнтағанның ағашындай,
Жұмақтың жаратылдың қандайынан.

Адамның бар сипаты көрер Ғайни,
Сайфун ғала расиуал узнайни.
Біз сізге махаббатым барлығына,
Тасшаһфуд екі иғымда малақайни.

8

...Жасынан өршіл өжет- өр бұлқына,
Көнбеген көркем ойы ел ырқына.
Самайда Жүсіп байдың жалғыз қызы,
Атанған ғалым-діндәр ел жұртына.

Қазақтың бұл қызының асқан бағы,
Оқуда жігерлі жан жасқанбады.
Мысырда бес жыл оқып елге оралған,
Ұмсынның атақ даңқы аспандады.

Жылтырап көзге түсті жылым жандар,
Таңқалды таңдай қақты сұғынғандар.
Тұс-тұстан аш көздене ауыз ашып,
Көз салды байлықпенен құтырғандар.

Іздеді андушылар жұқа тұсты,
Ақылдан асып туған айла күшті.
Білімін бағаларлық орта болмай,
Сау басы сұлулықтан дауға түсті.

Сөз кетті мен алам деп Сибан байы,
Ешкімге есе бермес оның жәйі.
Алыстан айбат шекті Жолке байдың,
Азулы адуынды Кішкентайы.

Көз салған Ғалиянұр Көкшетаудан,
Ұмсынды көргеннен-ақ көңілі ауған.
Сұлуды не қылса да мен аламын,
Қайтпаймын деп ант еткен «қалың жаудан».

Астына жорға мініп сыландаған,
«Алдыма жан салмаймын қараңдаған».
Килігіп Атығайдың Нұрғожасы,
Қайткенде мен алам деп жалаңдаған.

Кезінде Торсан байдан айла асқан,
Байлығын Есенейдің мықтап басқан.
Торсан құл Торсан бай боп шалқығанда,
Байлығын Торсан байдың Шери басқан.

Байлықтың көбік буы мастандырды,
Арамдық тойымсыздық бастан кірді.
Барымта қарымтаның жеті атасы,
Кеудені бұзып жарып астам кірді.

Қай күнде аңдушының жолы болған,
Тіміски орағытар оңды солдан.
Адал ма, арамына қарамайды,
Жиленбей жұта берер «қара жолдан».

Байлардың шек болмаған былығында,
Қандай күш тиым салар қылығына.
Сыртынан торуылдап көз салған ғой,
Атақты «қыр» самайдың сұлуына.

Шериің үйде жатып күлген еді,
Істерін серілердің білген еді.
Кімдікі болар екен көрейік деп,
Қомдана етек жеңді түрген еді.

Шери бай ішті-сыртты барлап алды,
Алыстан орағыта қармақ салды.
Әулетін қажылардың дәулетімен,
Би болыс әмірі мен қыспаққа алды.

Қарайтын Шеримеді барға жоққа,
Май құйды ебін тауып жанған отқа.
Тұрғанда Жұдырықтай қарақшысы,
Бай қызын алып қашу қиын боппа.

Қалайша серілерден қиып жолды,
Алсам деп Шери болыс күпті болды.
Шаймерден елін билеп тұрған кезде,
Алыстан екі құрдас құрды торды.

Қай күнде бай ниеті жесе құнды,
Қарамай артқа қысты өсегінді.
«Ұмсындай ақ періште қызды құшып,
Жаңғыртсам арманым жоқ төсегімді».

Деп ойлап хабар салды Шаймерденге,
Шериің қисық атар жәй мерген бе?
Серілер сопыларың жалғыз оқтық,
Не тұрыс білте басар дәл келгенде.

Нүркенің болмағандай жәй ермегі,
Қосуға барымтаға сай келгені.
Айласын көп ұзамай іске асырды,
Ауылнай Есілбайдың Шаймердені.

Бозбала қайдан білсін Нүрке сері,
Жүргенде жайбарақат жайлап елді.
Алысқа оралмастай ебін тауып,
Ұстатып ту Сібірге айдап жерді.

...Түс көрген кеше ғана жалынды өртті,
Көз алдан көлкілдеген сағым да өтті.
Қараусыз аққу құстың ақ үрпегін,
Қаңғыған бір қара құс қағып өтті.

Япырмау бұл неғылған түс торып жүрген,
Білдірді әжесіне жорып жүрген.
«Қорғайтын азаматтар кетіп қалды-ау –
Деп әже абыржыды – толып жүрген».

Шәймерден хабар салды - өңкей соқыр,
Ауылы қажылардың бейғам отыр.
Жұтынып жалақтаған қарақшылар,
Жетпіс пен Жұдырығың дайын отыр.

Өзгеше сұлулығы бала жастан,
Ай жүзі ай таңбалы болған асқан.
Келгенде дәл жиырмаға Ұмсын сұлу,
Шериі Торсан байдың алып қашқан.

Арамза қорқаулармен астасқанда,
«Қос мырза» көрші түсіп қостасқанда.
Шығады мұндай сойқан аяқ асты,
Жауыздық тағылықпен бас қосқанда.

Аш көзді жүрдай болған ұят ардан,
Бай ұлы жас тоқалды қылған арман.
Майысқан тал шыбықтай ақ аруды,
Үстіне қос қатынның алып барған.

Қараса алып барған «қара күшті»,
Түнерген тұңғиықтай түсі сұсты.
Бір сәтте ақ арманы жанып кетіп,
Бір сәтте-ақ қыз бақыты күл боп ұшты.

Қуғыншы қыз артынан келе алмады,
Көмекті еш қайсынан көре алмады.
Уахытты бір жетіге созса дағы,
Шеридің «сыбағасын» бере алмады.

Қорланған Ұмсын сұлу көзі жасты,
Таныды қор болғанда дос пен қасты.
Жансақал ауылынан еркек кіндік,
Шыға алмай қарап тұрып қара басты.

Ойлады енді кім бар келетұғын,
Ұмсынның мына халын көретұғын.
Әлегін әулетімен бұл Шеридің,
Ондырмай «сыбағасын» беретұғын.

Салмақты қыз төркіні сала алмады,
Аяғын Торсан байдың шала алмады.
Мысырда жан жолатпай бес жыл бойы,
Қорғаған Бәделбейдей бола алмады.

Қапыда іліккен көз қарақтыға,
Қамалған Нүрке сері абақтыға.
Жәй емес екен ғой бұл сұмдығы,
Әйтпесе қақтырмас ед қанаттыға.

Қыз құнын Торсан байға дауға салды,
Шери ме ауырсынар «қалың малды».
Қалған мал Есенайден аясын ба,
Бірнеше «қырық тоғызды» бере салды.

Ақан серінің екінші хаты

Қыз қайда қалқатайдай көңіл ашар,
Көңілім сені ойласам болды нашар.
Айырлып сенен қалқам қалған күні,
Әніне бір басайын «Алты басар».

Ой қалқа, сен маған жоқ мен саған жоқ,
Шекенде бұлғақтаушы еді үкілі шоқ.
Көзіме ұйықылы ояу көрінесің,
Ойянып тұра келсем дәнеңе жоқ.

Ой қалқа, өлер болдым сені ойлай,
Күйдірді ғашық дерті ерікке қоймай.
Бір жаман мал бердім деп алып кетті,
Жылқы екен қыздың құны сығыр құдай.

9

Берген соң қалың малды Шери байың, -
«Тоқалым меншігімде қалды-ау дайын».
Далиып Кейқуаттай көсілді-ай кеп,
Кім ойлар торға түскен қыздың жәйін.

Бір жағы қыз келді деп құрақ атса,
Бір жағы гүл солды деп құрап жатты.

Бір жағы қыз кетті деп тулап жатса,
Бір жағы өкси сыңси жылап жатты.

Бір жағы қуаныш деп тойлап жатса,
Бір жағы бұл несі деп ойлап жатты.
Бір жағы қара мұртын майлап жатса,
Бір жағы азу тісін қайрап жатты.

Бір жағы жол болды деп жосып жатса,
Бір жағы бетті шымши шошып жатты.
Бір жағы алақайлап тасып жатса,
Бір жағын қара түнек басып жатты.

Ұмсын қыз қарсыласты бағынбады,
Төңірек толқығандай сағымданды.
Түсірді жас келінді пәуескеден,
Құрбылар нөкерлері жанындағы.

Салтанат ығай-сығай келе жатты,
Айнала жиналғандар құрақ атты.
Сәукеле қыз басына түскен сәтте,
Көрінбей көк аспаннан жұлдыз ақты.

Жұлдызы аспандағы көрінбеді,
Қыз сыңси амалсыздан егілгені.
Қапыда торға түскен жастық дәурен,
Көл болып көзден жасы төгілгені...

Қош болшы Нүрке сері – атқан таңың,
Адалдық аңғалдықтан құшты-ау жалын.

Қапыда құр бекерге күйіп кетті-ау,
Ғаламат саған деген ғашық жаным!

Сымбатың ерекше еді-сенің сәнің,
Сырыңа сүңгитінмін еріп тәнім.
Самалың тербеткендей кетпейді естен,
Есілдің тоғайында салған әнің.

Кеш мені Ақан аға ашылмадым,
Себебі сізге де аян тосылғаным.
Көл болған көңіліңді ашық айтқан,
Еш қашан естен кетпес тасынғаның.

Жүргенде келдім бе деп кездеріме,
Жасауға жарық сәуле өз жерімде.
Алыс жер Арабтардан аман жетіп,
Таландым тағылыққа өз елімде.

Би, болыс белге түйіп ұят арды,
Қамалап қаралаған қарғы салды.
Жайлауға жалғыз шыққан жезкиік ем,
Еріккен есіріктер атып алды.

Қош болшы бұлғақтаған жастық шағым!
Қыз дәурен енді оралмас – алтын тағым!
Қош болшы еркіндігім-ақ самалым!
Қош болшы қиял құсым-ақ арманым!

...Түскендей ұясына ну араның,
Басқандай қанды ауыз у жараның.

Шашу деп Ақылима бәйбішесі,
Лақтырды ешкі-қойдың құмалағын.

Түскенде құмалақтар қарсы жақтан,
Шайқалды шымылдығы шаршы топтың.
Тіл қатты арашалай Айшадай қыз,
Жеңгемау елде жоқты қайдан таптың?

-Сөйлеме жеңгеңе сен қарсы келме,
-Ендеше тойдың сәнін бөгеп бөлме.
-Бұлайша жұрт алдында сапылдама,
-Ендеше қиыңменен жақындама.
-Былай кет тоқылдақтай тақылдамай!
-Есің жи одандағы тақымдамай!

Келгенде ақ әжеге сүйгізгелі,
Жаудырып түйе боғын жүргізбеді.
Сән құрған сәукеленің салтанатын,
Қалқалап қи нәжісті тигізбеді.

Дауыстап ашуланды Торсан қызы,
Қалса да қаймыжықтай іштің мұзы.
Сіңлім-ау күндесіме күн тигізбей,
Қорғайсың неге ғана иттің қызы.

Қыздарға тіл тигізбе апа жаным,
Қалайша мұны айтуға барды арың.
Ежелден келе жатқан дәстүр салт қой,
Әкелсе әйел етіп ағажаным.

Лақтырды түйе қиын табалады,
Қарғыстан оның аузы жабылмады.
Елде жоқ есуасты тоқтатуға,
Айшадан басқа кісі табылмады.

«Қашаннан үйреніп ең мұндай сыйға,
Қалмады-ау байға лайық ақыл-иба».
Шапшыды ауызына келгенді айтып,
Көк долы көгерген бет Ақылима.

Тірелген тығырыққа ару жаны,
Көрінді қалмағандай өмір мәні.
Қорлықта жан қиудың жолын таппай,
Қиналды шырқыраған шыбын жаны.

Налыды тағылыққа еліндегі,
Қазақтың қасиетті төріндегі.
Бұл нөпір қараңғылық қашан бітер,
Сағынып аман жеткен жеріндегі.

Сол бойда ес жиғызбай – жарып алды,
Жолында құрбандыққа шалып малды.
Некені қызық көріп жиналған жұрт,
Молланың қақ алдына алып барды.

Куәдірміз, куәдірміз
Куәлікке жүрәдірміз!
Қосыларға екі жастан,
Ризашылық сұрадырмыз.

«Бәракал – лаһу ләкә,
Уа бәракә уә жәмәға
Бәйнәкума фи хайр!»

- Торсанұлы Шери мырза
Қосылуға Ұмсын қызға.
Ықтиярыңызбен ризасыз ба?

- Ризамын!

- Жүсіпқызы Ұмсын ару,
Шери-байға қосылуға,
Ықтиярыңызбен ризасыз ба?

Жан-жақтан қыспаққа алды бұл Ұмсынды,
Кім көрген күнфәй акүн бұл қисынды.
Дем салып үшкіргендей неке суын,
Іше ғой іше ғой деп кесе ұсынды.

- Алдырмай әкемізбен шешемізді,
Неліктен ұсынасыз кесеңізді.
Болмаса ризашылық екі жақтан,
Қалайша қия аласыз некемізді?

Не айтарын біле алмады шала молла,
Қыдырып ел ішінде жүрген қолда.
Тағыда күңірене кесе ұсынды,-
«Іш келін – бөгет қылмай адал жолда».

- Бұл дәстүр ту заманнан келе жатқан,
Екі адам риза болса екі жақтан.
Неке су сонда ғана ішіледі,
Ұрлықты адал жол деп қай жерде айтқан?

«Ішеғой» – қосатұғын барлық жанды,
Жасады жалынғандай соңғы амалды.
Еркімен неке суын ішпесе де,
Некені құр әйтеуір қия салды.

Өзінің бар керегін алған молла,
Әр жерде күн көріспен жүрген зорға.
Обал сауап дегенді не қылады,
Қара құстай керегін ілген жолда.

Манадан тілсіз жүрген қалыңдығы:
«Кетірмен көрінгенге жоққа құнды
Туласа тулай берсін қайда барар»
Деп үнсіз жеңемін деп іштен тынды.

- Әдетте шашу шашу жолдан еді,
Жоралғы келін түссе болған еді.
Қи атып ел алдында масқаралап,
Мұндай сый қай атаңнан қалған еді?

- Ұмсын жан олай деме жұрт алдында,
Және тұр тыңдаушылар үй артында.
Айтайық өкпемізді оңашада,
Ақырғы сөзіңді айтып тым сарқылма.

- Сарқылып отырғаның сенің өзің,
Көргенде сол сұмдықты қайда көзің?
Қиынды лақтырғанда қайда болдың,
Болмады жұрт алдында айтар сөзің.

- Кеш қалдым со бір тұста қара басып,
Білемін жағдайыңды қалған жасып.
Мен әлі көрсетемін бәйбішеге,
Тойымды бүлдіргенін асып-тасып.

- Түсірдің мені қолға аңдуменен,
Ұрлыққа ұлысыңды баулуменен.
Жасаумен жаман ырым ел алдында,
Былғандың бай атанған ауылыңмен.

- Бір кезде қол жетпейтін болдым шынар,
Ғылымнан сусындаумен алдым құмар.
Ақыры сендейлердің былығынан,
Сандалтып саған қосқан тағдыр шығар.

- Айналдым ақылыңнан Ұмсын жаным,
Түсінген тағдырласым - өмір мәнін.
Көп айлар қобалжұмен тосып едім,
Ақыры ақ арайлы атты-ау таңым.

- Ақ арай атса егер сенің таңың,
Айнала ала көздер менің маңым.
Қиянат көзсіздік қой мына ісің,
Не болмақ мүшкіл халде менің жаным.

- Бәрі де бәрі болат саспа жаным,
Көзсіздік болса егер-қызу қаным.
Арнаймын барлығыңда бір сен үшін,
Не керек орындалат айтшы жаным.

- Күніңнің туғанына көңілің тоқ,
Әрқашан әсіренің әлегі көп.
Көпіртіп құр бекерге үйіп төкпе,
Мен үшін көп нәрсенің керегі жоқ.

- Айта бер керегіңді – құлақ сенде,
- Ендеше құлақ қойсаң сұрақ менде.
- Естуге сол сұрақты асығамын,
- Күпсінбе күні бұрын тасымағын.

- Рас сәулем антым осы рас мұным,
Тек қана райыңнан қайтшы, күнім.
Сен үшін дүниемді судай шашам,
Кетсе де бар дәулетім – ата құным.

Ендеше мешіт тұрғыз – құдай үйін,
Бұл деген қиянатқа – берген сыйың.
Сонан соң шәкірт керек ынталы жас,
Оңалар сонда ғана менің күйім.

Үшінші – оқу орнын ашу керек,
Білімнің шамшырағын шашу керек!
Тілегім саған қояр осы ғана,
Дүниеге ұрпақ көзін ашу керек!

- Үш тілек маған қойдың Ұмсын жаным,
Келтірер уахыт керек істің мәнін.
Егерде айтқан сөзім шалыс кетсе,
Кеудемнен көз алдында шықсын жаным!

Қай күнде көрмегеннің алды тылсым,
Билігі білмей жатып қайдан жүрсін.
Сөз беру Шери үшін алжастыру,
Екенін қайран сұлу қайдан білсін.

Ақан серінің үшінші хаты

10

Ұаттұра Зайтұн ағаш лағыл шашың,
Жұмақта фауақия ішкен асың.
Болғанда жаның жаннат лебіңіз лаззат,
Қор болды-ау бір жаманға ғазиз басың.

Не айтайын арашалар шамам қайсы,
Құрғамас өле-өлгенше көзден жасым.
Күні-түні қасіретіңді бірге тартып,
Өлермін қуарғанша баста шашым.
Айтар ем бақытты бол Ұмсынжан деп,
Айтпаймын білгеннен соң ол болмасын.

11

Намысы бәйбішенің қоза түсті,
Әрқашан дәрменсізге – ыза күшті.
Артынан жәйлап жүріп күндесінің,
Білдірмей орды терең қаза түсті.

Шериің шіренуден аса алмады,
Айбарын бәйбішенің баса алмады.

Қырқысқан қызғаныштан қызылмай боп,
Бастарын қатындардың қоса алмады.

«Қайната алдыңыздан өтейін бе?
Немесе төркініме кетейін бе?
Ақлима Торсан байға сұрау салды –
Қорлықтың мен түбіне жетейін бе?»

Бұл сұрақ құдасына бұрын жетті,
Нұрқанды Торсан байға қылды кекті.
Шеридің әуселесін көрейін деп,
Апай төс ұрда жықтар бұрды бетті.

Дүрленді Нұрқан болыс – дереу менен,
Көрмесе көрсетейін – желеуменен.
Торсанды жау шапқандай екі жақтан,
Шабылды қарымтаны төлеуменен.

Ызғардан ығып сасқан Торсан байың,
Білетін ежелден-ақ Нұрқан жәйін.
Айырып Бәкеніне қоса салды,
Самайдың үлбіреген күн мен айын.

Шеридің ұстағандай сақалынан,
Бәлені ойлап тапты қатарынан.
Қос қатын өсек жайып бүкіл елге,
Айырды ең алдымен тоқалынан.

«Ей Шери, ұрлық десе келмеді ұйқың,
Өзің де айналаң да өңкей қиқым.
Шоқпарды көтере алмас белге байлап,
Не теңің алып қашқан – мынау сиқың.

Жоқ екен түк береке сөзінде де,
Көз салған көңіл арсыз көзінде де.
Айырып сені менен жұрт тастады,
Басыңда билігің жоқ өзінді де».

Шеридің әдетінде алды-тарды,
Бұл жолы ауыз ашпай сөзсіз қалды.
Қолқасын суырғандай қойынынан,
Көз алда алып кетті «сүйген жарды».

Тоқалсыз сондадағы жүре алмады,
Мойынын басқаларға бұра алмады.
Бәйбіше жас аруға дуа жасап,
Ұмсынға сырқат кірді бір талмалы.

«Көз салған сүйіктісі сол ойында-ай,»
Көкейден кетпей қойды көзайымдай.
Қыз туды ақ отауда жыл өткен соң,
Өзінен айнамайтын «Гүлайымдай».

Жамандық жасырынған болды күшті,
Сырқаты сол Ұмсынның үдей түсті.
Арамдық тағы ойлады Ақылима,
Кім көрген құдайы жоқ мұндай істі.

Ұмсынға Айшадағы үйір болды,
Таңдады оқу деген қиын жолды.
Арабша тіл сындырып қағаз сүйкеп,
Айыру оны Ұмсыннан қиын болды.

«Тиген соң байдан байға басынбасын,
Ол Ұмсын білімдарсып тасынбасын.
Кететін қызды оқытып керегі жоқ,
Айшаның басын бекер қатырмасын.

Жындыға мен Айшаны оқытпаймын,
Өрмегі құрып кетсін тоқытпаймын.
Қыздарды қырсығынан алу керек,
Көзімнің тірісінде шоқытпаймын».

Бәйбіше бар билікті қолына алды,
Айшаның оқуына тиым салды.
Ол олма керек десең Ақылима,
Айырды анасынан Гүлайымды.

Алауыз арамдықтың жолы болды,
Үстелей жамандықты есе толды.
Таланған түгі қалмай ел алдында,
Адалдық арамдықтың жемі болды.

Оралар ажарына қайтіп енді,
Жаралы амалы жоқ жандай көнді.
Бір кезде жарқыраған жұлдыз еді,
Сол жұлдыз майы біткен шамдай сөнді.

Таңғалтып тамсандыра ұмсындыру –
Ғажайып сұлулықтан жеткен жылу.
Сағымдай елестеді өткен күннен,
Тағдырын Сәбит айтқан Ұмсын сұлу.

13

Кеткен соң төркініне қайырылмады,
Дінінен жанды жылтар айырылмады.
Тағдыры тәлкек болған Ұмсын сұлу,
Бес рәкәт намазынан жаңылмады.

Сарғайған сағыныштан сана алданды,
Тосуын Ұмсын сұлу қоя алмады.
Айдалып Итжеккенге сол кеткеннен,
Қайырылып қайран Нүрке оралмады.

Салдырған дуа сырқат меңдей берді,
Соққандай етек жеңнен кеулей енді.
Амалын шығарудың таба алмай,
Ел асып қаралса да көнбей қойды.

Бұзықтар бүлдіруге болған құмар,
Ақбейіл жөндеймін деп таққан тұмар.
Рухын түскен жердің таңып тастап,
Бұл не күш дүлей дуа бұзып шығар?

Тілеміс өзі алды қамқорына,
Тәңірден тілек тілеп оң жолына.
Апамды қайткен күнде тұрғызам деп,
Жұмсады бар байлығын оң-солына.

Жұытпай адамзатты жалғыз-бекем,
Айтыпты «дүниеден жалғыз өтем».
Тек қана алыстағы Гүлайымнан,
Хабарды аңсай жылап күтеді екен.

- «Түйілген алтын жүзік орамалды,
Тапсыр да оралуды тез амалда.
Бейсеуат адам кірсе ұнатпайды,
Бөгелмей жоғалтқайсың тез қараңды».

Сөйлеспе деген Мәшік – пәлен деме,
(Орамал құр әншейін дәлелдеме).
Сымбатын сұлулықтың көрейін деп,
Апарған Сәбит бала сәлемдеме.

«-Япырай! Бұл не ғажап, бұл көргенім!
Көрсем де өз көзіме түк сенбедім.
Бұл не бұл періштеме көктен түскен,
Тұра қап өмірімде – бір сенделдім!»

Ашты Ұмсын орамалды өз жәйімен,
Болмаса игі еді «Күнайымнан».
Қараса сақинаға әрлеп жазған,
«Ескерткіш анашыма – Гүлайымнан».

«Орамал су болыпты – жылаған ба?
Боташым көздің жасын бұлаған ба!?»
Деп Ұмсын елегізи жалт қарады,
Сағыныш анасына силағанба?

Екен-ау сағынышты үзіп берген!
Маржандай мөлдір жасты құйып берген.
Анасы зарыкса егер иіскесін деп,
Жанботам орамалға түйіп берген.

Егілді отыра қап Гүлайым деп,
Иіскеді орамалды Күнайым деп.
Талықси тұншыққандай тыныстады,
Гүлайым сағынған ғой Күнайым деп».

14

Бостандық! Тәуелсіздік! Бостандық бұл!
Дегендей болды Ұмсынға орныңнан тұр.
Октябрь, революция жаңа Заман,
Туған бұл, төңкеріс бұл, жаңа өмір!

Келгендей болды Ұмсынға жаңа заман,
Көрінді орнайтындай жаңа қоғам.
Ұмсын да сырқатынан айыққандай –
Көпірши көтерілді ел жұрт тамам.

«Бостандық, Тәуелсіздік» қос армандай,
Екі-ақ сөз – Нүркесіне қоса алғандай.
Көз алда көтеріліп жайнап кетті,
Оралып күні туып жасарғандай.

Таң қалды үй іші де ауылы да,
Қуанып ауыл аймақ бауыры да.
Бұл не бұл жанұшырып тынбай жүрген –
Емдеуші Тілемістің дәруі ма?!

«Атты жек інім менің жан бауырым!
Парлап жек ішіндегі ең тәуірін.
Нөкер ерт жәнeдағы күтуші қос,
Маған да жеткен болар бір дәуірім.

Ойым бар құлшыныстан күш алатын,
Жазылса тәңір жебеп қос қанатым.
Әлі де кезегімнен үміттімін,
Аспаннан қырғи болып түсе алатын».

Бет алды қолдай гөр деп Қызылжарға,
Лүпілдеп қайран жүрек жүрген зорға.
Ойы мен әрекеті сай келсе егер,
Жарасып қосылуға қызылдарға.

Жолында жайлау белді жанай жүрді,
Айтуға бір құпия белді буды.
Өксікпен өткенінен тазаланып,
Құйғандай тұла бойға ғұсыл суды.

«Егілем сағынғаннан Гүлайымды,
Былайғы қайдан білсін мұң жайымды.
Нүркеге көрсете алмай өткенім бе,
Бір тамшы гүл боп туған Гүлайымды.

Күймеге қос жорғаны жеккен едік,
Өткелден махаббаттың өткен едік.
Нүркемен анау тұста алтыбақан,
Тербеле той үстінде тепкен едік».

Тойдан соң сыр сандықты ашқан едік,
Бәйгеге қос жорғаны қосқан едік.
Көрсін деп бар дүние мына жалған,
Маржанын махаббатың шашқан едік.

Сол күнде қызыл қанды сойқан болған,
Белсенді «Бостандықтың» көзін жайған.
Ақ банда қызылдармен тайталаста,
Қайтадан Қызылжарды алып қойған.

Жар салған «Бостандық» деп мына жалған,
Жетуге «Бостандыққа» қылған арман.
Келгенде Қызылжардың дәл түбіне,
Көлігін ақ бандылар тартып алған.

Күн жаңбыр қарлы боран күз болатын,
Таппады дала кезіп үй қонатын.
Аптада ауылына әрең жетті,
Айықпас сыркат енді – қиналатын.

Үміті әрекеті ойға толы –
Қиылды жете бере оның жолы.
Қаншама ұмтылғанмен жанұшырып,
Жетпеді «Бостандыққа» қыздың қолы.

Асығыс аласұрып жанын жеген,
Іштегі ойран болған дауыл екен.
Адамда өтер алда жасайтұғын,
Сындарлы соңғы сағат сауығы екен.

Туғаннан табиғаты тыныппа еді,
Боларын болашағын біліппе еді.
Батыстан заманасы келе жатқан,
Алайда амал қанша – ілікпеді.

Нүркеден хабар болмай – кеткен жәйтті,
Тұрмыста бағы жанбай беті қайтты.
Өткенде дүниеден Қорамсаұлы,
Ақанға арнайы кеп жоқтау айтты.

Дән түскен сар далада бұлдыр мұнар,
Өскен ғой жеке дара жалғыз шынар.
Таланға талап берді бақыты жоқ,
Жазмыш па? Бұл жалғанда тағдыр сынар.

Ұмытып жастық шақты жайрандаған,
Қараны ағартуды армандаған.
Тоғыз мың тоқсан тоғыз аят біліп,
Және де он екі фән тамамдаған.

Құранмен өрнектелген өсиет – нұр,
Құйылған көкірекке қасиет бұл.
Қор болып міне осындай аяулы жан,
Жасапты бар болғаны отыз үш жыл.

Күн жұма қар аралас жауын болған,
Ысқырып Солтүстіктен дауыл тұрған.
Зиратын Ақан сері құшақтаған,
Ұмсынды ертеңінде тауып алған.

* * *

Таба алмай шыңға шығар тұра жолды,
Ұрынды қиянаттан оңды солды.
Қолына билік тисе қомпиятын,
Қазақтың былығынан құрбан болды.

Түбінде – үнсіздіктің ой жатады,
Арайлы таңғажайып таңы атады.
Беймәлім болсадағы белгісіздік,
Алланың әмірімен тіл қатады.

Ерімей жібімеген іштің мұзы,
Жаз келмей бұрын жеткен қыстың сызы.
Гүл жармай дүниеден ерте озған,
Қазақтың оқымысты тұңғыш қызы.

ЖАНСАҚАЛ МЕН БИСАҚАЛ ӘУЛЕТІНІҢ ШЕЖІРЕСІ

Самайдан (Байтекеден)–Жанбұра. Жанбұрадан – Құдайкүл. Құдайкүлдан –Кенжетай. Кенжетайдан – Ақбота, Байбота, Жанбота, Байсерке. Байботадан – Жансақал, Бисақал.

Жансақалдан – Жұсып. Жұсыптан – Ұмсын, Тілеміс. Ұмсыннан – Күләмай.

Тілемістен – Тоқай, Шоқай, Мұқаметқали (Мұқаш), Сұлтан, Мырзай, Қади, Қадиша, Бәдиша, Жәпен.

Тоқай ерте қайтқан, одан ұрпақ жоқ. Шоқайдан – Батырхан, Қасымхан. Батырханнан – Ақдидар, Анар, Эльмира, Дана, Ансар.

Қасымхан студент кезінде қайтқан, ұрпақ жоқ.

Мұқаметқалидан - Қалихан, Бәтима, Темірхан, Қазихан, Рахима, Асылхан, Сапура.

Сұлтаннан – Қымбат, Аманкелді, Амантай, Бахтияр.

Қымбаттан – Руслан, Бақыт, Жеңіс. Аманкелдіден – Руслан 1982 жылғы – 24те, Жанна – 1987 жылғы – 19да.

Мырзайдан – Балшекер, Бәләпай, Әнуар, Имантай, Балжан, Айжан, Айтжан.

Әнуардан – Асқар, Асылбек. Асқардан – Жұлдыз.

Имантайдан – Азамат, Ғалия.

Жансақалдың інісі.

Бисақалдан – Шолжақай, Құдабай.

Шолжақайдан – Қази, Қари. Қазидан – Қағи, Жамақ. Қаридан – Қабдіреш. Жамақтан – Ерсін, Ерғали, Еркін, Ерболат, Жанболат, Тәттімбет, Әсет, Аманжол, Айсұлу, Ақмарал, Ақдидар.

Ерсіннен – Асқар, Асқат, Ғазизат, Әсел, Мерхат.

Ерғалидан – Ерлан, Ақбидай, Айгүл, Роза.

Еркіннен - Әсемгүл, Әлия.

Ерболаттан – Айнагүл, Ұмсын, Гүлсім, Асан.

Жанболаттан – Тамерлан.

Тәттімбеттен - Әйгерім, Талғат, Сұлтан.

Әсеттен – Мейрам.

Аманжолдан – Тамерлан.

Айсұлудан – Бақыт, Нұрайым.

Ақмаралдан – Мағжан, Мәдина.

Ақдидардан – Ажар, Ержан.

Құдабайдан – Ешмұқан. Ешмұқаннан-Шайзат, Қуаныш, Кеңес. Кеңес жас бозбала кезінде қайтыс болды, ұрпақ жоқ.

ҒАЛАУЕТДЕН – КҮЛӘМАЙ

Біз Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінің» бірінші кітабында Ұмсыннан туған Күләмайдың 1913 жылы 8 жасында Торсан атасының үйінен Қызылағаштағы шешесіне қызыл жібек орамалға алтын сақина түйіп беріп жібергенін оқыдық.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Ұмсын да дүниеден өтті. Күләмай өсіп бой жеткен көркем сұлу қыз болды. Аталған бірінші кітапта Мәшік сол 7-8 жастағы Күләмайды: «Кескін-кейпі Ұмсынның аузынан түсіп қалған, әттең мұрны ғана Бәкенге тартып кертештеу келген, әйтпесе, құйып қойған Ұмсын!» – демейтін бе еді. Енді сол Күләмай бой жеткен сайын сұлулана түсті. Оны көрген талай жігіттер қызықты.

Ақыры Күләмайды Есілбай қажының баласы Ғалауетден алады. Бұл туралы біз тағы Сәбеңнің «Өмір мектебінен» білеміз. Осы романының 2-ші кітабында Сәбең былай дейді: «Атақты байдың баласы әрі саудагер, әрі алашордашыл Ғалауетден Мәмеков Преснов болысында следователь екен. Жасы отыздан асқанша үйленбеген бұл жігіттің көзі бізге белгілі Торсанның Бәкен атты баласының Күләмай дейтін сұлу қызына түседі. Ол қызда Мақыштың Есмағамбеті дейтін байдың да көңілі болады, бірақ оның үйінде бірі қазақ, бірі татар екі әйелі бар. Күләмайды солардың үстіне алмақ. Торсан тұқымы екіге жарылады: бір жағы Ғалауетденге, екінші жағы Есмағамбетке бермек болады. Осы талас ұлғаяды, бірақ ерік қызға

тигенде, ол бойдақ жігітті қалап, Ғалауетден қалың малына 80 жылқы береді де үйленеді». Бұл оқиға 1920-21 жылдарда болса керек.

Ал Бәкеннің Рахима деген әйелінен 1929 жылы туған қазір Алматы қаласында тұратын баласы Сүният өзінің «Өмір дариясының ащы тамырлары» – деген естелігінде мынадай деректер келтіреді:

-Жездем мен Күләмай апамның өзара қатынастары тіпті ерекше еді. Көршілер аңыз қылып айтып жүретін. Өмірінде жездем апама қатты сөз түгілі, ала көзімен қараған емес. «Соншама не көрдің Күләмайда?» дегенде күліп «5-6 жылдың ішінде төрт ұл сүйдім», - дейтін.

Күләмай апамның шешесі – Ұмсын, Жансақалұлы Жүсіптің қызы, Есіл бойындағы Самай руынан. Египет мемлекетінің Александрия қаласында 5 жыл Ислам медресесінде оқыған. Адамның ақылы, еске алып, сақтауда қызық уақыттары болады. Әкемнің аузынан бір-ақ рет бір шумақ өлең естідім. Домбыра тартып отырып:

Уат тура, Уа, Зайтуни лағыл шашың
Жұмақта Дауақия ішкен асың.
Оралдың көзі өткір ақиығы –
Отыз құл, 40 кәнизәк – сенің басың...

Бұл не? – деп сұрағанымда, «Шешен Ұмсынның жазғаны еді» деді де, домбыраны қоя салды. М.Әуезовтың «Ақан мен Зайра» пьесасында Торсан ауылында қазақ өнерінің игі жақсылары:

Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Нұржан ақын, т.б. айлап жатып дем алып той-думандар өткізетіндігі көрсетілген. Сонда Торсан байдың бес ұлының арасындағы жалғыз қыз Айшаның қонағы – Зайра («Ұмсын»). Мұқаң өзі пьесаға түсініктемелерінде «Ұмсынның атын әдейі Зайра деп атадым, әдемі естілуі үшін» дейді. Ұмсын араб тілінде Ақанмен айтысқанында, ақын жеңіліп қалады екен. Ұмсын шешеміз ауырып, әкем ауылына апарып тастағаннан соң Күләмай Торсан байдың бауырында өседі. Соңғы жылдарда әкемді атымен атайтын еді. Бай Күләмайды жас кезінде атақты бай Мақыштың Есмағамбетіне атастырады.

Бертін келе ауылға Омбыда оқып, семинария бітіріп,⁵² арғы аталас Мәмектің Есілбай қажы баласы Ғалауетден келеді. Күләмайды көрген ол, ғашық болып, әкеме жалынады. Бір естігенімде «аяғыма жығылып жылады ғой» деп еді. Сонымен әкем байдың уәдесіне қарамай қызын Ғалауетденге береді. Талай жыл ауылда жесір дауы болып, Торсанның талай мал-мүлкі іздеушілерге кетеді. Сәбең айтушы еді: «Торсанды экономика жағынан жұтатқан сенің әкең – Бәкен. Ол кісі жасында көп бозбалашылық құрды, көп қатын алды,⁵³ бір құдаларға «Ұрын» барған соң көтерем болып, атқа міне алмай, бай пәуескесін жіберіп үйіне қайтарып еді. «Арамызды аяққа бастың» деушілер айлап Торсан үйінде жататын, оларға күнде қой сойып қонақасы беріледі. Сондағы даулайтындары – бір сақина, не кілем. «Бай сүйікті жалғыз ерке қызы Айшаны тоқалдыққа беруге мәжбүр болады».

Енді осы Ғалауетден кім еді, соған толығырақ тоқталайық. Ғалауетден Мәмеков 1891 жылы бұрынғы Ақмола облысы Петропавл уезінің Аққусақ болысындағы № 3 ауылда (қазіргі Жамбыл ауданында) туған. Сәбит Мұқановтың айтуынша, Жансары Уақтың бір атасы Жамантымақ. Ғалауеттендер осы Жамантымақтан тарайды. Ғалауетденнің алтыншы атасы Тоқай. Тоқайдан – Түгел. Түгелден – Тотау. Тотаудан – Жайықбай. Жайықбайдан – Мәмек. Мәмекте төрт бала болыпты: Елеуке, Есілбай, Елемес, Естемес. Бұлардың бәріне де мыңдап мал біткен, әрі бәрі де саудамен айналысқан.

Есілбайда үш бала болған: Ғабдырахман, Жүсіп, Ғалауетден. Ғалауетден әуелі ауыл молласынан мұсылманша оқып хат танып, соңынан Пресногорьковтегі жоғары бастауыш мектепті (7 жылдық) орыс тілінде оқып бітіреді. 1916 жылдың күзінде Ғалауетден соңғы класта оқып жүргенде бұл мектептің 4-ші класына Баймағамбет Ізтөлин келіп оқуға түседі. Олар жиі кездесіп әр түрлі тақырыпта, әсіресе, оқу және әдебиет мәселелері бойынша әңгімелесіп жүреді. Мысалы, қазақтың ұлы ақыны Абай туралы Баймағамбет алғаш Ғалауетденнен естіп біледі. Осы мектепте оқып жүріп Ғалауетден Ғабдолла Тоқаевтың, Абайдың өлеңдерімен танысады. Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың, Лев Толстойдың шығармаларын оқиды. Ол өз ана тілімен қатар орыс, татар тілдерін де жақсы білген.

Ғалауетден осы мектепте оқып жүргеннің өзінде туған халқының жағдайын басқа халықтармен салыстырып, өз халқының артта қалғанына назаланады. Қайтсек қазақ халқы ілгері басып, басқалар мен теңелер екен деген ойға қалады. Сөйтіп, қазақтың тұңғыш журналы «Айқаптың» 1911 жылғы № 5 санында «Біздің қазақ баласына не қылғанда басқа жұрттарға теңелуі туралы біраз кеңес» деген мақаласын жариялайды. Сол мақаладан үзінді келтірейін:

«Біздің қазақ халқы Россияда болған инородец яғни жат жұрттардың (орыс еместердің) арасында ғылым жағынан төмен халық болып есептеледі. Өншейін жер-судың арқасында күн көріп, ойын-тойға мәз болып жүріп жатыр.

Бұл күндерде бізден басқа халықтар бәрі де оянып, не нәрсе өзіне пайдалы, не нәрсе зиянды, соның себебіне кірісіп, пайдалы жағын ұстап, зиянды жағынан безіп жатыр. Біздің қазақ өз қызығында жүр.

...Кәнеки, біздің қазақ жер-судан айрылып қалса, не күн көрмекші? Соның үшін әркімге керекті, керексізді білу керек. Яғни керекті, керексізді біле қоюға біздің жұртта құрал жоқ. Біз алдымен сол құралға жабысуымыз керек. Ол құрал-ғылым, білім. Пайдаға жабыстырып, зияннан қашыруға себеп болған сол ғылымды келетұғын заманда өзімізге құрал қылуға бір жол бар. Ол жол – шамамыз келгеніміз балаларымызды қолын жеткізіп оқыту керек. Сол оқу, білім құралыменен

құралданған соң ешкім үйретпей-ақ өз бағдарын біледі».

Пресногорьков мектебін 1917 жылы жазда бітіріп, Ғалауетден сол жылы күзде Троицк қаласындағы мұғалімдер даярлайтын мұсылман медресесіне оқуға түседі. Бірақ азамат соғысының салдарынан медресе жабылады да, ол оқуын аяқтай алмайды. Азамат соғысы кезінде аз уақыт саудамен айналысады. Осы кезде ол Қарқаралы қаласында Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейхановтың алашордашыл жастармен өткізген мәслихатына қатысады.

1921 жылғы шаруалар мен ақ гвардияшылар көтерілісі кезінде бұрын Пресногорьковқадағы мектепте Ғалауетденмен бірге оқыған жас ақын Баймағамбет Ізтөлиннің Қызылжар қаласында ерлікпен қаза тапқаны белгілі. Осы қыршын жас ақынның өліміне байланысты Ғалауетден ол туралы мақала жазған.

Соңғы жылдары Ғалауетденнің тәлім тәрбие, оқуға ынталық өзінің педагогикалық тәжірибелері туралы мақалалары ескі газет-журналдардан табылуда. Олардың кейбіреулері 1989 жылы «Мәдениет және тұрмыс» журналында жарияланды. Әлдеде әзірше кездеспеген мақалалары болуы мүмкін. Сондықтан әлі де іздеу, зерттеу қажет.

Ғалауетден Күләмайға үйленгеннен кейін 1922 жылғы қараша айында Қызылжар қаласында ашылған қазақ педагогикалық техникумына алғашқылардың бірі болып мұғалімдік қызметке орналасады. Онда ол орыс тілі және жаратылыста-

ну пәндерінен сабақ береді. Қазпедтехникумда онымен бірге Жұмағали Тілеулин, Жанұзақ Жәнібеков, Бірмағамбет Айбасов, Мұхамеджан Бейсенов, Ғали Кемелов, Садуақас Жандосов, Бейімбет Ержанов, Хайретдин Болғанбаев, Сабыр Айтхожин сияқты әріптестері сабақ береді. Бұл кезде ол отбасымен қаладағы Ямская (қазіргі М.Әуезов) көшесінің № 29 үйінде тұрады.

Ғалауетден сонымен қатар педтехникумның жанындағы мұғалімдер білімін жетілдіру курсына да сабақ береді. Сол кезде де педсоветтің және курстік советтің протоколдары орыс тілінде жазылады екен. Міне, сол протоколдарды орыс тіліне жетік Ғалауетден Мәмеков үнемі хатшы ретінде жазып отырады екен. Оның қолымен жазылған 1923-1926 жылдардағы протоколдар Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатында сақтаулы (Қор 1074, тізім-1, іс-1).

Бұған қоса ол қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің тарихы туралы материалдар жинап, зерттеу үшін құрылған комиссияның да белді мүшесі болды. Бұл туралы сол кездегі Ақмола губерниялық «Степная звезда» газетінің 1926 жылғы 16 шілдедегі № 104 санындағы:

«В комиссии по собиранию и изучению материалов по истории казахского восстания в 1916 году» деген мақалада былай делінген: «Состав комиссии: В комиссии работают товарищи Жанибеков, Болганбаев, Тлеулин, Мамеков. Что сделано. Установлена связь с уездами. Выявлена возможность использования архивных материалов

Омского окружного архива. Завербованы корреспонденты из числа курсантов русского и казахского педтехникумов и учителей, прибывших на летние учительские курсы. По настоящее время в комиссию поступило одно воспоминание, 4 копии важных документов на русском языке, 7 фотоснимков. На казахском языке материалов собрано значительно больше. Часть из этих материалов опубликовано в печати, другая же часть будет опубликована в ближайшее время... Все это делалось в связи с 10-летием со времени восстания 1916 года».

Ғалауетденнің осындай қызмет істеуіне жан-жары Күләмайдың оған үй ішінде қолайлы жағдай жасауы да көп көмегін тигізгені анық.

1927 жылы Ф.И.Голощекиннің «Кіші октябрі» белең алып, байларды қыса бастаған кезде, кәмпеске (тәркілеу) болатынын күні бұрын білген Ғалауетден Пресногорьков маңындағы барлық туыстарын жинап осы күнгі Қостанай облысына қарасты Троебратное селосының маңына апарып қоныстандырады. Бұл туралы Қабдолла Көпеев деген азамат өлеңмен былай деп құттықтапты:

Алабұға көл аты,
Жамантымақ ел аты.
Ғалауетден басшысы
Жігіттің теңдес болаты.

Ойы жарық, дөңі қау
Орнықтың ба аман-сау?

Құтты болсын қонысын
Задымыз Уақ, бауыр-ау!

1927-1928жж. байларды кәмпескелегенде, олар бытырап «іш жаққа» (Ресейге) көшіп кетеді. Осы кезде Ғалауетден де отбасымен әр жерге бір қоныстап қашып жүреді.

Осылай қашып орын ауыстырып 1931-1934 жылдары ол отбасымен Қырғызстанның Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында тұрады. 1935 жылы Степняк қаласынан 80 шақырым қашықтықтағы Қарағаш деген алтын өндіретін жерге барып паналайды. Алайда ол жерде де НКВД адамдары ізіне түскесін 1936 жылы Омбы облысының Тюқала ауданындағы Алғабас колхозына барып тұрады. Онда да көп тұрақтай алмай, сол аудандағы № 363-ші Қошкөл совхозының орталығына көшіп келіп, сондағы қазақ артеліне бригадир болып орналасады.

НКВД-ның адамдары оны осы жерде 1937 жылғы қазан айының 25-і күні тұтқындайды. Үйде тінту жүргізіп барлық құжаттарын алып кетеді. Оны алдымен Тюқала қаласының түрмесіне қамап, кейін Омбының түрмесіне этаппен жібереді. Тексеріс барысында Ғалауетденнің туған жерінен ол туралы анықтамалар сұратып алдырады. Солтүстік Қазақстан облысы Преснов аудандық ішкі істер бөлімі 1937 жылғы 10 желтоқсанда Омбы облыстық ішкі істер бөлімінің сұрағына мынадай жауап беріпті:

«При этом на ваш № 13-272 от 23 ноября 1937г. сообщаем, что запрашиваемый Вами гражданин Мамеков Галауетден по социальному положению бай, в 1929г. был раскулачен и лишен права голоса. Алашордынец.

Начальник Пресновского РО НКВД лейтенант ГО Фролов.

Пом. О/уп. Сержант ГО Турсунбеков».

Ақыры тергеуді аяқтағаннан кейін 1938 жылғы 4 наурызда Омбы облыстық ішкі істер халық комиссариаты басқармасының жанындағы үштік контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымға мүше болды деп айыптап Мәмеков Галауетденді ату жазасына кесті. 7 наурыз күні қаулы іске асырылды.

Артында 34 жастағы жан-жары Күләмай мен әлі кәмелетке толмаған 4 баласы қалды. Олардың ең үлкені Кәмелбек 14 жаста, кенжесі Нариманбек 9 жаста еді.

Галауетден Тюкала түрмесінде жатқанда өз тағдырын және отбасының жағдайын ойлап ұзақ өлең жазыпты. Соны қаусап түскен тістерімен бірге шүберекке орап үйден барған Күләмайға қоршаудың сыртына лақтырыпты. Сол ұзақ өлеңнің кейбір шумақтары мынау:

Шығып ем Қызылжардан тұрмыс айдап,
Жығылдым Тюкалада атым тайлап.
Миымның түпкірінде жүйрік қиял,
Зарлайды күні-түні өмірді ойлап.

Жоқ еді-ау қиянатым ағайынға,
Мүлтіксіз көпке жағу қиын сауда.
Кінәмді өзім іздеп таба алмаймын –
Әйтеуір оралдым ғой шынжыр торға.

Бәйгеге тігіліпті басым, арым,
Артымда, әттең, қалды-ау балаларым.
Толқыны қу өмірдің қуып кетсе
Не болар көрген күнің, қарақтарым?

Лаж жоқ басқа түссе көну керек,
Құрыштай болат-темір болу керек.
Бұл сөзді қатын, балам, саған айтам,
Беліңді тәуекелге буу керек.

Көңілге демеу болар сонда ағайын,
Аңсаған қосылам деп әр жыл сайын.
Артыма төрт баламды кеттім тастап
Аржағын түсіндіріп не қылайын?

Көп ойлап бала қамын жемедім бе?
Ыстыққа, суыққа да көнбедім бе?
Сұм өмір еңбегімді жандырмады,
Оған да мен кінәлі дегенің бе?

Кінәм жоқ, менің берер ақылым сол,
Қолыңа айыр ұстап шаруа бол.
Ойланып, еркеліктің бәрін тастап
Бірігіп ағайынмен күніңді көр.

Тағы да бір-екі сөз, балаларым,
Ренжітпе жарым көңіл аналарың.
Оқудан Нариманды және айырма
Сендерге бұл аманат-тапсырғаным.

Тартпаса, кім біледі тұрмыс зарын?
Қолыңнан ерік кетіп мерт боларын.
Мезгілсіз сүріндірдің жеткен шақта
Жол тауып жүрегіне ұрпақтардың.

Келмейді ақындыққа менің шамам
Әшейін қамықаннан мен зарланам.
Кез болдым 47-мде бұл сапарға
Аяғы осы екен тамамдаған.

Зер салып қарасақ, бұл өлеңінде автор өз жайынан гөрі артында қалып бара жатқан жан-жары мен балалары туралы көп ойлаған. Ол ағайындарына да өзінің отбасын тапсырып, ой-арманын білдіреді. Өзінің кінәсіз торға түскеніне қынжылады.

Жан-жарынан айрылған 30 дан жаңа асқан Күләмай Бәкенқызы жолдасының аманатын орындап, балаларын жүдетпей тәрбиелеп өсірді. Әрине, қиыншылықтар да болды. Дегенмен «Орнында бар оңалар» дегендей, ұлдары өсіп әрқайсысы өз отбастарын құрды. Немерелер де дүниеге келді. Құдайға шүкір, балалары да әке аманатын орындап, шешесін ренжіткен жоқ. Сонда да Күләмайдың ойынан сүйген жары бір кеткен емес. Алғашқы жылдары оның есімін де атауға

қорықты, іштен тынып жүреді. Тек XX съезден кейінгі «жылмық» кезінде Ғалауетденнің бір хабарын білу үшін жағалай арызданды. Ақыры, 1958 жылғы 28-ші қарашада Омбы облыстық прокуратурасынан мынадай хат келді:

«Тюменская область Маслянский район Усольский п/с.

Гражданке Мамековой Куламай.

Ваше заявление прокуратурой Омской области рассмотрено. По делу, которому Ваш муж арестован в 1937г., Прокурором области принесен протест и вместе с делом направлен в Омский областной суд, откуда Вы получите ответ о результатах рассмотрения дела и вашего заявления.

Пом.обл. Прокуратуры юрист 2-го класса Родионцев».

Айтқандай-ақ, сол жылғы 26-желтоқсанда Омбы облыстық сотынан мынадай анықтама келді:

«Справка.

Дело по обвинению Мамекова Ғалауетдена Еселбаевича пересмотрено Президиумом Омского областного суда 12 декабря 1958г. Постановление Тройки УНКВД по Омской области от 4-го марта 1938г. в отношении Мамекова Г.Е. отменено и на основании ст.4.п.5 УПК РСФСР делопроизводством прекращено за отсутствием состава преступления.

Зам.Председателя облсуда Лонин».

Сөйтіп Күләмай Бәкенқызы сүйген жарының ақталғанын ол атылғаннан кейін 16 жыл өткенде естіп біліп, Уһ! - деп бір тиышталды-ау. Күләмай апамыз төрт ұлын да үйлендіріп, келін ұстап, немере сүйіп, олардың біраз қызығын көрді. Ол 85 жасқа келіп, 1989 жылы қазан айында Түмен облысының Александровка қаласында қайтыс болды. Балалары мен немерелері сүйікті анасын, әжесін таза арулап, сол облыстағы қазан ауданының Ильинка селосынан 25 шақырымдай жердегі Самай зиратына жерледі.

Күләмәйдің інісі Сүният Бәкен ұлы өзінің естелігінде былай деп жазады: «Күләмай апам әкем сияқты ұзын бойлы, аққұба, қыр мұрын, үлкен көзді – көркем әйел еді. Сөйткен апам осыдан 10 жыл шамасында Түмен облысындағы Александровка қаласында қолымды ұстап отырып қайтыс болды. Мен келгенде әл үстінде жатқан апам «Бауырым келді, міне, бұл менің бауырым» деп қолымды ұстады. Көп ұзамай қолы суып, жан тапсырды». Міне, бұл Күләмайдың бауырмалдығын көрсетеді.

Ал Ғалауетденнің екінші ұлы Сейілбектің жұбайы он баланың анасы, қазір Қызылжар қаласында тұратын «Ардақты ана» Мәуа сол балаларды тәрбиелеп өсіруде қайын енесі Күләмайдың еңбегі зор болғанын, сондықтан өзі ешқандай қиыншылық көрмегенін айтып отырады. Сонымен бірге ол енесінің өзіне деп көп нәрсені үйреткенін, отбасының тірегі болғанын еске алады. Балалары мен немерелері де ол кісіні ешқашан ренжітпей,

әрдайым сыйлап отырған. Күләмай енесі осы Сейілбек пен Мәуаның отбасында соңғы күндеріне дейін бірге болады. Бұлар сүйікті аналарын соңғы сапарға өз қолдарынан шығарып салады.

Ғалауетден мен Күләмайдан төрт ұл:Қамалбек, Сейілбек, Мұратбек, Нариманбек ер жетіп, әрқайсысы жеке отау құрады. Үлкен ұлы Қамалбек Омбы қаласында педучилище бітіріп, сол аталған Тюкала ауданындағы Алғабас колхозында мұғалім болады.60-шы жылдары Петропавл педаго-гикалық институтын сырттай оқып бітіріп, қазіргі Аққайың ауданындағы Камышловка сегізжылдық мектебінде көп жыл оқытушы, әрі сол мектептің директоры болып істейді. Жолдасы Қашима Сабырқызы екеуі 9 бала тәрбиелеп өсіреді. Олардың бәрі дерлік жоғары білімді. Әр салада қызмет атқарады.

Сейілбек пен Мәуа он бала тәрбиелеп өсірді. Олардың бесеуі жоғары білімді. Сейілбек балалары да әр салада қызметте.

Мұратбек пен Сәбира Бексұлтанқызы да 9 бала тәрбиелеп өсірген. Олардың да көпшілігі жоғары білімді қызметкерлер.

Нариманбек пен жолдасы Дәмелі Нағашбайқызы Халима атты қыз тәрбиелеп өсірді. Ол Петропавл пединститутын бітірген. Қазір жолдасы Аманкелді Біркенұлымен Сургутте тұрады. Нариманбектің өзі де Омбы педучилищесін, Петропавл пединститутын бітірген.Көп жылдар бойы мұғалім, завуч, мектеп директоры болып істеді.

Осылай Ғалауетденнің балалары әкесі мен шешесінің армандарын ақтады. Қазір ағайынды төртеуі де өмірде жоқ. Енді бұлардың балалары және балаларының балалары өмір жолын жалғастыруда. Сөйтіп, Ғалауетден мен Күләмайдан қазіргі кезде отызға жуық немере, қырықтан аса шөбере өмір сүруде. Ұрпақ жалғасуда. Олардың бәрі де атасы мен әжесін әрқашан естеріне алып отырады. Бұлардың көпшілігі, әрине Күләмай әжесінің шешесі Ұмсын сұлу Жұсыпқызын білмейді. Енді осы кітаптан оқып білер деген үміттемін.

ТҮЙІН

Міне, осылай XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың бір сұлу, әрі ғалым қызы Ұмсын апамыз өзінің мол білімін іске асыра алмай, өз сүйгеніне қосыла алмай, сол заманның зорлықшыл қыспағында жылай-жылай өмірден өтті.

Оның артында қалған қызы Күләмай өз сүйгеніне қосылып 15-16 жылдай бақытты өмір сүргенмен, 1937 жылғы қуғын-сүргін кезінде «халық жауы» болып атылып кеткен жан-жарынан айрылып біраз қиыншылық көрді. Дегенмен 4 ұлын тәрбиелеп өсіріп, кейін олардың қызығын көріп, балаларымен, немерелерінің алдында қартайған шағында дүние салды.

Қазіргі кезде Ұмсынның туған інісі Тілемістің немерелері мен шөберелрі, Күләмайдың немерелері мен шөберелері бар. Олар апаларын, әжелерін біліп, әрдайым естерінде ұстауға тиіс.

Лайым солай болғай.

ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

1. Торсан Тілемісұлының руы Шайгөз Уақ. Атасы Сапақ. Сапақтан – Тілеміс. Тілемістен – Торсан. Торсан туралы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебін-де», Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» повестінде жазылған. Торсан әйгілі Еснейдің қызына үйленіп, Еснейдің бар байлығына ие болады. Көп жыл болыс болады. Оның балалары: Шақан, Шери, Арап, Бәкен, Қазі, Айша. Кезінде Шақан мен Шери де болыс болыпты. Қазі Омбыда Алаш-Орда партиясының мүшесі болған. Шақанның Мағауия деген баласы 1942ж. Қайтқан. Шериден – Хамит, Рақым, Қажымхан, Мұрат, Меткір. Хамиттан – Мағауия. Одан – Диас. Қажымханнан – Сансызбай, Кенесары. Кенесарыдан – Саян, Азамат. Мұраттан – Марат, Жанат, Қанат. Мараттан – Ерлан.

Араптан - Әнуарбек. Одан – Төлеген, одан – Қаршыға, Бүркіт. Қаршығадан – Асқар.

Бәкеннен – Күләмай, Билал, Есләмбек, Суньят. Билалдан– Арыстанбек, одан– Торсан. Есләмбектен – Мағауия. Суньяттан- Әнуар. Одан– Асқар, Арқат.

Қазі азамат соғысы кезінде қаза тапқан.

Ғабит Мүсіреповтың жазуы бойынша, Торсан өзі 1920 жылы қайтыс болған. Торсанның бір қылығына ыза болған Шақан одан бұрын өзін-өзі жарып өлген. Кеңес үкіметі орнап, қудалай бастаған кезде Торсанның басқа балалары Ресейге көшіп кеткен. Қазіргі кезде көпшілігінің ұрпақтары

әлі Ресейде тұрады. Тек Суньят Бәкен баласы ғана Алматыда тұрып жатыр.

2. «Көк көз Ыбыш».

Ыбыш Иманбекұлы Жалтыр ауылынан Толыбай атасының жетінші ұрпағы. 20-30 жылдары белсенділер қатарында ауылнай, колхоз председателі болған. 40-шы жылдары парторг болған қарт коммунист. Одан ұрпақ қалған жоқ. Інісі Самұраттың Бағиза деген қызынан туған жиендері бар.

3. «Есілбайдың Шәймергені».

Есілбайдың Шаймердені-Жанбураның бесінші баласы Құттымбеттен тарайды. Құттымбеттен – Түмен. Түменнен – Айжарқын. Айжарқыннан – Есілбай. Есілбайдан – Шаймерден. Шаймерден кезінде шешен би болған кісі. Жұсып қажыға Жанбұрадан қосылады. Кезінде ел арасында билік айтып, дау-дамайды шешіп отырған. Азамат соғысы кезінде біреулер (сірә қызылдар болса керек) атып кеткен.

4. «Ағасы Тілеміс». Бұл жерде Ғабен қателескен. Тілеміс Ұмсынның ағасы емес, тетелес інісі.

5. Клеопатра (біздің заманға дейінгі 69-31жж.) Египетті б.з.д. 51-ші жылдан бастап басқарған. Әуелі өзінің інісі әрі күйеуі Птоломей XIII-ші мен бірге басқарған. Кейін Юлий Цезарьдің (47 жылдан) көңілдес әйелі, ол өлгеннен кейін Цезарьдан туған баласы болған. 41 жылдан 31 жылға дейін Рим қолбасшысы Антонийдің көңілдес әйелі болып одан 3 бала көрген. Антоний соғыста жеңіліп өзін-өзі өлтіргеннен кейін, өзі де өзін-өзі өлтірген.

6.Ескендір – Александр Македонский (356-323жж.б.з.д.) – Филипп II патшаның баласы. Ежелгі заманың әйгілі әскери қолбасшыларының бірі. Оның соғыстарында оның әскери таланты көрінді.

7.Юлий Цезарь – (13.07.100-15.03.44ж. б.з.д.) – Римнің саяси қайраткері және әйгілі қолбасшысы.

8.Помпей (106-48жж. б.з.д.) – Римнің белгілі қолбасшысы және мемлекет қайраткері.

9.Антоний (82-31жж. б.з.д.) – Римнің саяси қайраткері және қолбасшысы. Цезарьдың жоқтаушысы. 36ж. б.з.д. ол Клеопатраға үйленді 31ж. Октавианмен соғыста ол жеңіліп қалды.

10. «Бұл Тілеміс» - Шындығында Тілеміс ол жаққа барған емес. Ғабең өзінің шығармақшы болған кітабына жоспарлағаны болар:

11. Ұмсын Жансақалов Жүсіптің қызы (Есіл бойындағы Самай) – 1885 жылы туған. Егер бұл датаға сенсек Ұмсын 1904 жылы Шери алып қашқанда 19 жаста ғана болып шығады. Ал Ұмсын ол кезде Александрияда оқуын 1902 жылы бітіріп келген болатын. Ғабең өзі де осы үзіндінің соңында: «Ұмсын Александрияда 5 жыл оқып келген «кәрі қыз» – дейді. Жалпы Ұмсынның туған жылын әркім әртүрлі атайды. Дұрысы – 1878 жыл.

12. Александрия – Александр Македонский іргесін қалаған қала болған. Оның әйгілі кітапханасы мен маягі талайларды қызықтырған.

13. «Шойманды жеңген Нұрғожа Анастастың атын білмей қалады». – Бұл жерде сөз сол кезде болыс болған Керейдің Жанбура атасынан

тарайтын Құрымбайдың Нұрғожасы туралы болса, керек.

14. «Ұмсын 1908 жылы 24-те. 1884 ж. туған, 1917ж. өледі... ағасы Тілеміс – 1884ж. туып 1963ж. қайтыс болған. Өрімші, зергер, ұста, киім тігеді, етікші, ақылды, зерек, оқымаған адам». – Тілеміс Ұмсынның ағасы емес інісі. Ол Қызылағаштағы өз әкесінің медресесінде оқыған, сауаты бар және орыс тілінде білген. Шындығында Ұмсын 1878ж. туған.

15. «Ұмсынды алғаш айттырған Нүрке Есілбай баласы. Ұмсынның ғашықтары Ғалиянұр, Нұрғожа» - Шындығында Нүрке Тоқтыбай баласы. Ал Есілбай балалары: Габдрахман, Жұсып, Ғалауетден. Ғабен қайсысын айтып отырғаны белгісіз. Ал ғашықтары Ғалиянұр, Нұрғожаны да білмедік.

16. (Ақан сері) 1913ж. өлді. Ұмсын жоқтау айтты. 1917ж. қашып келіп Ақан бейітіне жетіп өлген. Қатар көмілген. – Бұл да болмаған. Ғабен сірә өзінің болашақ кітабында осылай көрсеткісі келген болар.

17. Күйеу келді (Нүрке Есілбай қажының баласы) – тағы да қате айтылған.

18. Ақан 1913 жылы 73 жасында қайтыс болған. Шындығында Ақан 1913 жылы 70 жасында қайтыс болған.

19. Ұмсын Торсанның үйінен қашып кеткелі 4 жыл... 1917 жылы «бостандық, бостандық!» деп ел түгел айғайлағанда сорлы Ұмсын күзгі қара жаңбырда Қызылжарға тартады... - Бұл да

Ғабеннің болашақ кітабына дайындаған жоспарының бірі болса керек.

20. Молдахмет Тырбиев – Солтүстік Қазақстан облыстық халық ақыны. 1882 жылы туып 1957 жылы қайтыс болған. Өзінің туған жерінде Шал ақын ауданының Еңбек ауылында жерленген.

21. Аңшылар көлденең Есілдің теріскей бетіндегі Мерген деген жердегі Жансақал қажының ауылының тұсына келеді.– Автордың Мерген деген ауылды қайдан алғаны белгісіз. Шындығында Жансақал қажының ауылы Қызылағаш деген жерде болған.

22. Жансақал Самай Керейдің Мерген әулетінің жуан, сіңірлі, ірі байы еді. Бұл да дұрыс емес. Самай Керейде Мерген деген әулет болған емес. Ол Самайдың Жанбура әулетіне жатады (шежірені қараңыз).

23. қонақтарды Жансақал қажының бәйбішесі Ажар, оның келіні Балтуған, Қойбағардың әйелі, Ұмсынның жеңгесі Әсем, Жүсіп қажының кіші ұлы Тілеміс қуана қарсы алады. – Мұнда Жансақал қажының бәйбішесі Ажар деген қате, оның бәйбішесі – Шойман.

24. Есілдің мүлгіген көк Тоғайы Ұмсын екеуін көздінің көзінен, сөздінің сөзінен жасырып бағады – қате. Шындығында Жансақалдың Қызылағашынан Есіл өзені 30 шақырым жерде.

25. Аққұман, ақ самауырын тұрса қайнап,
Шай құйса Ұмсын бала көзі жайнап... - деген сөздерден басталған соңғы үш шумақ өлең Үкілі Ыбырайдың «Аңшының әні» өлеңінде жоқ.

Сәбит Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» атты кітабында келтірген мәтінінде де кездеспейді. Автордың қайдан алғаны бізге мәлімсіз.

26. Бір жыл өткен соң Нүрке серінің бейітін құшақтап Ұмсын сұлу да көз жұмады. – Бұл да шындыққа жатпайды. Ұмсын өз үйінде қайтыс болып Қызылағаштағы атасы Жансақал зиратына жерленген.

27.«Сөз арасында Есілбай қажы мен Жансақал қажы бесік құда екенін білдім, - деді әжем. Ұмсын сұлуды атастырған Ғалауетден деген баласын бірінші көруім еді...» - Есілбай қажы Жансары Уақ ішінде Жамантымақтан тарайды. Есілбай Мәмек баласы. Есілбайда үш бала болыпты: Ғабдырахман, Жүсіп, Ғалауетден. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» кітабында айтылғанына қарағанда Ғалауетден 1916 жылдың күзінде Пресногорьков 7 жылдық мектебінің соңғы класында оқып жүрген, яғни ол мектепті тек 1917 жылдың мамыр-маусым айларында ғана бітіреді. Және Ғалауетден 1891 жылы туған, яғни Ұмсыннан әлдеқайда кіші. Сонда Есілбай мен Жұсып қажы екеуі қалай бесік құда болады? Бұл жерде Уәлихан ағамыз қателесіп кеткен.

28. «Басқарып жүрген Ұмсынның шешесі кілем төсетіп бізді де бір шеттен орналастырды». – Бұл кезде Ұмсынның шешесі жоқ, ол Ұмсынның 6-7 жасында қайтыс болған. Шешесі деп отырғаны әжесі Шойман болар.

29. «Қойманның қолы палуанның иығына сарт ете түскені сол еді, ұстаса кетіп, бөрікше көтере

алғанда, кара жер қыртысынан сөгіліп кете жаздады».

Қойман Шабан баласы Жанбура әулетінен. Шабан Кенжетай баласы Ақботадан тараса, Жансақал қажы сол Кенжетайдың баласы Байботадан тарайды Қойман алып денелі, күшті адам болыпты. Бірақ аса көп күреске түсе бермеген. Шойман жеңгесі бір қиыншылық жағдай туа қалса, қайным»-деп Қойманды шақырады екен.

30. «Көздің ұшында жеке дара келе жатқан Самай Толыбай. Шарықбайдың сары аты деген естілді».

Шарықбай Торқа Көшебеден тарайтын Балтай Әулетінен. Балтайдан – Асан. Асаннан – Шарықбай туған. Шарықбай көбінесе бай орыстардың жылқысын ұрлаумен айналысқан. Ол өзінің әйгілі сары атын баптап өсіріпті. Оның осы сары аты ойын-тойларда болатын бәйгелерде ылғи алда келіп бас бәйгеге ие болады екен. Шарықбайдың ұрпақтары қазір Тимирязев ауданындағы Дмитриевка селосында тұрады.

31. «Торысы Тұяқбайдың Торы «төбел»,

Бергенге құдай өзі бере берер.

Жылқысы Кіші жүздің Жағалбайлы

Туысы Сейіс батыр сыйға берген.

Тұяқбай бір тоғызды айдап алды,

Болдырған жаман аттар жолда қалды».

Сейіс батыр Уәлиханнның атасы.

32. «Баратын құдалар да белгіленді

Бас болып Шағырай шешен барсын деді»

- Шағырай Төбетұлы бүкіл солтүстік өңірге белгілі

ақын әрі шешен болған кісі. Ол осы күнгі Жамбыл ауданындағы Есперлі ауылында 1838 жылы туып, 1924 жылы сонда қайтқан. Сол Есперлідегі зиратында жатыр. Басында құлпытасы бар. Оның өлеңдері мен шешендік сөздері ел ішінде көп тарап, қазіргі уақытқа жеткен. Руы Бидалы Уақ.

33. «Қонағы Ұмсын сұлу Айкүн еді

Шөбере батыр Ноян келіні еді». – Айкүн Ноян батырдың (Қыстаубайдың) үшінші ұрпағы Сейс батырдың жұбайы. Сейс батырдың жұбайы Айкүн кіші жүз Жағалбайлы жағының қызы екен. Осы Сейс батырдың баласы Қуаныштан туған Уәлихан оның немересі, осы поэманың авторы. Айкүн – оның әжесі.

34. «Бәйге атын Алыпқашқа айдатады,

Сәскеде ертеңгі күн жетіндер деп,

Найман ер той бастаған бұйырады» –

Алыпқаш Қызылағаштан 70 шақырымдай жердегі үлкен көл. Қазір ол көлдің жағасында Тың игеру кезінде 1954-1955 жылдары орнаған Комсомольское селосы бар (Тимирязев ауданы) Найман – Жанбурадан тарайтын Ақботаның Шабанының баласы, Қойманның ағасы. Жансақал қажының әкесі Байбота Ақботаның туған інісі. Кезінде Найман ел ішінде өте беделді ақылды, шешен кісі болыпты.

35. «Алыпқаш бәйге аты шыққан жері,

Саяғаш, Қызылағаш келер жері». –

Саяағаш – қазіргі «Ынтымақ» ауылының қыстауы. Ол кезде бұл жерде Шабан әулеті қоныстанып отырған.

36. «Бұл күнде Торсан болыс толған шағы,
Үш болыс бір шаңырақтан жанған бағы»-

Ол кезде Торсан өзі және оның екі баласы Шақан мен Шери үшеуі үш болысты басқарып тұрған.

37. «Арқаның биіне әділ пәле жауып,
Қозыбай Семей жаққа жер ауады» –

Қозыбай Нәупілұлы 1822ж. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданындағы Благовещенка селосына жақын Маманай ауылында туған. Қозыбайдың әкесі Нәупіл батыр атақты Сегіз серінің туған ағасы. Қозыбай әуелі Болотнай (Новорыбинка), кейін Қызылжар медресесін оқып бітіреді. 1837ж. әкесі Нәупіл, 1838ж. Шешесі Балым дүниеден өтеді. 16 жасында жетім қалған Қозыбайды туған нағашысы Бидалы Уақ Есенғұл тәрбиесіне алады. Қозыбай жасынан алғыр, шешен болып өседі. Сол кезде ол өзінің шешендігімен, тілінің өткірлігімен үш жүздің қазағына мәлім болады. Жергілікті байлар мен болыстардың арам қылықтарын сынап, әшкерелеп отырады. Сол мінезін ұнатпаған Торсан сияқты шонжарлар орыс шенеуніктерімен келісіп Қозыбай шешенді Семей жаққа жер аудартады. Ол жақта әйгілі шешенді Абай және оның туыстары жақсы қарсы алады. Дегенмен Қозыбай елін сағынып жүреді. Кейін Шағырай шешен мен Байеке ақын әдейі барып Қозыбайды елге қайтарып алып келеді. Туған еліне

келген Қозыбай 84 жасында 1906ж. Қайтыс болады.

38. «Жанбура мен Толыбай» – Бұл екеуі Байтеке (Самай) баласы.

39. «Бармысың, жан аға Шолжақай?» – Шолжақай Жансақалдың інісі Бисақалдың баласы.

40. Жанбурадан Құдайқұл. Ал Құдайқұлдан – Анай, Қанай, Кенжетай туған. Кенжетай балаларының біреуі – Байсерке. Байбота мен Ақбота да Кенжтай балалары.

41. Ахметжан Нұртазин – облыс халық ақыны, көп жыл облысымыздың қазіргі Шал ақын ауданында орман шаруашылығының директоры болған.

42. Игібай Әлібаев – облысқа белгілі халық ақыны, әрі майталман әнші, көп жыл мектепте мұғалім болған.

43. Кәлау Тайжанов – көп жыл мектеп мұғалімі болған және белгілі әнші.

44. «Тек бай – мырзалардан дәмдес болғаны Шағалақ-Керей Шәймерден деген кісінің досы екен». – Бұл жерде автор қателескен: Шаймерден емес Шынтемір – Тұрғын ақынның әкесі.

45. «Кездесіп Ғалауәтден Ұмсын сұлу
Сөйлесіп бір-біріне қатты ұнады» – қате. Ғалауәтден Ұмсыннан әлде қайда кіші. Ғалауәтден Пресногорьковтегі 7 жылдық мектепті 1917 жылы бітіргенде Ұмсын қайтыс болады.

46. «Болыпты соның бірі Бәдел қажы...» - «Бәдел қажы» деп өзі денсаулығының төмендігінен Меккеге бара алмай сонда баратын біреуге

ақшасын төлеп жіберіп, қажылық атақ алған кісіні атаған.

47. Абылай Рамазанов қажы. Сол тұста қажылық сапарды ұйымдастырушы және бастаушы.

48. Гулям Рифат Александриядағы Аль Азһар университетінің ғалымы. Әйелдерге білім беруді жақтаған және оны іске асырған адам.

49. «Цицерон қалың қолмен басып өткен,
Көсіліп Август, Помпей тасып өткен.
Патшалар бірін-бірі ығыстырып,
Румнан Юлий Цезарь қолы жеткен». – Мұндағы Цицерон – (106-43жж. біздің жыл санауымызға дейінгі) – кезінде Рим елінде өмір сүрген әйгілі шешен, саяси қайраткер және жазушы. Август Октавиан (б.ж.с.д. 63-14жж.) көне Рим мемлекетінің әйгілі билеушісі (император). Оның өлген айы «август» аталған. Помпей (б.з.д. 106-48жж.) – Рим мемлекетінің белгілі мемлекет қайраткері әрі қолбасшысы. Юлий Цезарь (б.з.д. 100-44жж.) – Рим императоры, қолбасшысы.

50. «Анау тұс «қауызы» дейді Антонийдің
Арнайы жас патшаға берген сыйдың
Сұлудың падишасы Клеопатра,
Екеуі махаббатың кешкен күйін» – Рим қолбасшысы Антоний Египеттің патшайымы Клеопатра сұлуға б.з.д. 36 жылы үйленген. 31 жылы Августтың әскерінен жеңілгеннен кейін екеуі де өзін-өзі өлтірген.

51. «Айбозды боз інгендей аңыратты» - «Айбоз» Біржан салдың әні.

52. Бертін келе ауылға Омбыда оқып, семинария бітіріп, арғы аталас Мәмектің Есілбай қажы баласы Ғалауетден келеді». – Автор қателескен. Ғалауетден Омбыда емес Троицк қаласындағы мұсылман медресесінде оқыған.

53. Ол кісі (Бәкен – Қ.М.) көп бозбалашылық құрды, көп қатын алды». – Бәкен шынында да 3 әйел алған: біріншісі – Ұмсын. Одан Күләмай туған. Екіншісі – Жанбөпе. Одан – Билал, Кәмаш, Есләмбек туған. Үшіншісі – Рахима. Одан – Суният.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов Мұхтар. 20 томдық шығармалар жинағы. 11-ші том. Пьесалар. Алматы «Жазушы», 1982. «Ақан-Зайра» – 5-42 беттерде.
2. Мұқанов Сәбит. «Өмір мектебі». I-кітап. Алматы. «Жазушы». 2002ж.
3. Мұқанов Сәбит. «Өмір мектебі». II-кітап. Алматы. 1953ж.
4. Мүсірепов Ғабит. Ой – сезім сәттері. Алматы. «Жалын», 1975ж.
5. Мұқанов Сәбит пен Ғабит Мүсіреповтың мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешені. Өмірбаяндық өрнектер. Алматы. «Арыс», 2002ж.
6. Мүсірепов Ғабит. «Ұлпан». Повесть және әңгімелер. Алматы. «Жазушы», 1975.
7. Мүсірепов Ғабит. «Атақты әнші Майра». «Қазақ әдебиеті», 27.02.1981.
8. Мүсірепов Ғабит. «Майра». Алматы. «Жазушы», 1982.
9. Бисенова Ғ. «Жомарт жүрек жылуы». «Жалын». 1987. № 1, 29 бет.
10. Жақанов Ілия. «Аққулар қонған айдын көл». «Жұлдыз», 1987. № 2.
11. Қуанышев Уәлихан. «Қор болған қазақтың сұлу қыздары-ай». «Парыз» (Шал ақын ауданында қазақ тілінде шығатын газет) – 30 қараша 2001ж.

12. Қуанышев Уәлихан. «Ұмсын сұлу». Дастан (қолжазба).
13. Сұрағанов Әбжатай. «Ұмсын сұлу». Дастан. «Парыз», 2001.
14. Бәкенұлы Сүният. Өмір дариясының ащы тамшылары. «Жұлдыз». 2005. № 10. 127-141 беттер.
15. Төрекұлұлы Нысанбек. Қазақтың 100 бишешені. Алматы, «Қазақстан». 1995.
16. Қожахметов Махмет. «Тағдыр». «Солтүстік Қазақстан». 7.02. 1997.
17. Қали Ожан. «Аққу арман». Дастан (қолжазба).
18. Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік архивінің материалдары.
19. Есекеев Жұмабай. «Аңшының әні». «Солтүстік Қазақстан». 26 қараша 1999.
20. Мұқанов Сәбит. «Өсу жолдарымыз».
21. Мәмеков Ғалауетден. Біздің қазақ баласына не қылғанда басқа жұрттарға теңелуі туралы біраз кеңес. – «Айқап», 1911, № 5.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4-9
Ұмсынның өмір жолы.....	10-28
Сәбит Мұқанов. Ұмсын сұлу.....	29-45
Мұхтар Әуезов. Ақан-Зайра.....	46-48
Ғабит Мүсірепов. Ұмсын туралы.....	49-60
Илья Жақанов. Аққулар қонған айдын көл...	61-73
Уәлихан Қуанышев. Қор болған қазақтың сұлу қыздары.....	74-78
Уәлихан Қуанышев. Ұмсын сұлу. Дастан....	79-115
Махмет Қожахметұлы. Тағдыр.....	116-120
Әбжатай Сұрағанов. Ұмсын сұлу. Дастан...	121-129
Ожан Қали. Адасқан аққу. Дастан.....	130-186
Жансақал мен Бисақал әулеттерінің Шежіресі.....	187-188
Ғалауетден – Күләмай.....	189-204
Түйін.....	205
Түсініктемелер.....	206-217
Пайдаланған әдебиеттер.....	218-219

Қайролла Мұқанов

ҰМСЫН СҰЛУ.

Аңыз бен ақиқат.

Редакторы: Ғалым Қадырәлі

Корректоры: Социал Жұмабаев

Компьютерде терген: Нұржамал Байтенова.